

Жап-жасыл әлем

Бірінші тарау

- Қоя ғой, құлдығым, «оқымаймын да оқымаймын» дегенді қайдан таптың? Сенің ағаң Кенжебала марқұм оқығанда алдына жан салмайтын. Атаң байғұс: «Біздің тұқымнан шыққан оқымысты жоқ-ты. Осы біздің Сейдін шығарар әкеміздің атын» деп қуанып отырар еді... Құдай-ай, саған қайдағыны айтамын деп отырып, көзінің тірісінде аузыма алмаған есімін атап қойдым-ау Кенжебаланың...

Апам Кенжебаланың есімін аңдаусызда айтып қойғаны үшін үлкен күнәға қалғандай өз-өзіне ренжіп сәл отырды да, уағызын одан әрі қарай жалғастырды.

- Мектеп бетін бір жыл көре салып, қысаларды зауылдатып оқығанда ауылдың шал-кемпірін шұлғытып қоятын еді ғой біздің Кенжебала. «Бір биеден ала да туады, құла да туады» деген осы-ау, бір шешеден туған Зейтін қой баққанда, інісі ой бағар түбі» деп, атанның құрдастары әзіл айтатын. Үлкен оқуды тауысып, ағаң мұғалім боп келгенде, әкең байғұс ақсарыбас айтып, той жасап еді. Бірақ ол жазғанның қуанышын көп көргендей соғыс бұзды ғой шырықты. Құдайға да жақсы адам керек екен, қайтпады ғой. Е, арғымақ мінген асығыс уақыт-ай десеңші... - Апам арғымақ мінген уақыттың асығыстығына таңырқап отырып, кеседегі суып қалған шайын қолына алар еді...

Шыны керек, былтырдан бері осы бір қыркүйек дейтін күздің айымен тұзым жараспай жүр. «Қой, құлыным! Мектепке бар, адам боласың!» Міне, атамның да, апамның да айтатын сөздері осы. Мектебі түскірді оқымай қалсам, бөрі де мені бір жабайы адам болып кететіндей көреді ғой деймін. Өздері мектеп босағасын көріп, кітап бетін ашпай-ақ көдімгі адам болып қойларын күрттап, қойыртпақтарын ұрттап жүріп жатыр ғой осы.

Былтыр да мен байғұсты қояр да қоймай отырып, ұжымшар орталығындағы бір ағайындарының үйіне тұрғызып, оқытпақшы болған. «Оқысын!» деп екеуі кетті. «Оқиды!» деп ағайындары қалды. Бекер обалы қане, ағайындары алғашқы күннен-ақ «Актанжандап аузыма бар тәтті-дәмділерін тосса да, ішкенім ас болмай берекем бек кеткен. Бар әлемде басынан бағы тайып, халі мүшкіл болған жалғыз өзімдей сезініп ал кеп жыла, ал кеп жыла. Көбіне апамды сағынамын... Шіркін, менің апамды білсеңіздер ғой... Ондай кісінің дүниеде жоқ екеніне және болмайтынына ант ішіп, кепілдік бере аламын. Бала атаулының бәрінің де шешесі болады ғой, бірақ ашуланған кезінде бәрі де балаларын шыңғыртып қуалап жүріп, сабауға немесе тілдеп, ұрысуға даяр тұрады. Мысалға мақтаншак Құсманды алайық. Шешесі екі күннің бірінде: «Түйнек келгір-ай, бүйткенше барыңнан жоғың жақсы еді ғой» деп, безектетіп, қуалап кеп жүргені. Бұзау еміп қойса да, сүтке ит тиіп кетсе де, маңдайының соры бес елі Құсман кінәлы. Оңдырмай таяқ жеуге сол себеп те жетіп артылады. Ал менің апамның өзімнен кейінгі

інім Серікке ара-тұра болмашы ұрысатыны бар. Маған жо-жок. «Ақтаным — артынан Серігін ілестірген ақжолтайым» деп, басымнан күс ұшырмайды.

Сөйткен апамды сағынбай жүру, әрине, есі дұрыс балаға жарасатын қылық деуге болмас еді. Апамнан кейін Серікті, одан кейін атамды сағындым.

Он бес күн оқыдым ба, жок әлде жиырма күн оқыдым ба, ол жағын білмеймін, әйтеуір, мен үшін сағынышка толы жылға бергісіз біраз уақыт өтті ғой. Үйге келемін, тамағымды ішемін де, ұжымшар орталығында тұратын жергілікті балалармен ойнаймын. Содан ымырт үйіріліп, ел орынға отыра сүйретіліп мен де жетемін. Әрине, ойыннан әкем өлген жок, оны жақсы білемін. Бірақ ойынға айналғанда апамды, үйді аз уақыт болса да ұмытып кететін сияктым.

Таңертең қыратындай болып, сөмкемді арқалап, мектепке тартамын. Әйтеуір, онда уақытында барып, уақытында қайтудың парызын түсінгенім болмаса, не үшін жүргенімді білмейтінім анық. Бір-екі апта бойы танауы пістиген, үкі көз мұғалім апай маған әлдене үйретемін деп өзінің де миын қатырып, әуреленіп бақсын. Бірақ онысына мен оңайшылықпен қыңа қоймаған соң, мені арнайы оқытуын қойған. Әйтеуір, жұрттың арасында қалқайып отырған соң өз міндетінің шартын түсінетін болуы керек, түйе боталағандай зәуде бір: «Сейдінов, сен айтшы!» дейтіні бар. Ондайда менің жауабым дап-даяр: — «Білмеймін, апай!». «Білмесең отыр, екісің!» Алғашқы күндердей ашуланып, мен үшін берекесін бек кетіріп жатпайды. Күлімсіреп отырып, маған деген екілігін журналға қиналмай әдемілеп, қонжитады да, «әрі қарай кетеді». Әрине, сабаққа құлақ қойып тыңдасам, оқуының соншалықты қиын еместігін де сеземін. Бірақ өзіме жетерлік уайым-қайғым болған соң, осылайша «ұғынбайтын, қабілетсіз бала» болып қалуды жөн көрдім. Әйткені кейде мұғалімнің «Үшке үшті қосқанда қанша болады?» деп сұрайтынын қайтерсің. «Алты болады» деп сарт еткізгім-ақ келеді. Әрине, ондайда апайымның жүрегі жарылмаса да, соған тақау бір бәлеге ұшырары сөзсіз. Әйткені, оның ойынша, мен туада миғұла жаралған жанмын. Тек қана «жұрттың басын қатырмай, қой жайе-е-еп» кетуім керек. Әйтпесе, қой-қозыны пөлен жүздеп санап үйренген «көзі ашық» кісіге «үшке үшті қосу» деген не тәйірі?! Өзімнің бойыма шақ қырсықтық менде де жеткілікті. Үйреншікті «білмеймін, апайымды» айтып тұра беремін. Осы беттен танбасам, қабілеттен жұрдай бала ретінде үйіме қайтарып жіберуі де мүмкін-ау дейтін жаман есебім де жоқ емес. Өкінішке орай, пісте мұрын апайымның мені мектептен қуалап жіберер құдіреті жоқ екен. Сөйтіп, оқу дейтін оқуым жоқ, не әке-шешенің жанына қайта алмай екі ортада әрі-сәрі күн кешіп жүріп жаттым. Әттең, үйді таба алмаймын. Әйтпесе бар ғой, оқу-тоқуды өз

үйлерінде тұрып, өлең төсектерінде жатып, жырғап жүрген осы ауылдағы жалаңтөстерге беріп, қойлы ауыл қайдасың деп тартып-ақ кетер едім.

Торға түскен торғайдай амал таусылды-ау деп жүргенде менің тіршілігіме ұлы жаңалық әкелген бір кішігірім оқиға болды.

Ілгері басқан аяғым кейін кетіп, мектепті бетке алып келе жатқанмын. Біздің қырдағы үймен қысы-жазы көрші болып жүретін Сәт дейтін кісі қарсы ұшыраса кеткені.

- Әй, Ақтанбысың? Бәрекелді, жігіт боп қалыпсың ғой, - дейді атынан қарғып түсіп. - Әке-шешен де дін аман. Саған жіберген сәлем-саукаты бар еді, тұрған үйіңе апарып бердім... Енді өзіңді көре кетейін деп келе жатыр едім, жақсы болғанын қарашы.

Ол кісі өзі айтып, өзі жөндеп, біраз сөздің басын қайырған соң мен тілге келдім.

- Атам неге келмеді? - Көз алдым тұманданып, үнім бұзылып шықты. Ағыл-тегіл жылағым келді. Сәт ағаны көрген соң араларынан аластатып қуып шыққан өзімнің шулы ортам - бүкіл қойлы ауылды, атам мен апамды, інім Серікті сонша сағынғанымды, бұдан әрі шыдаудың мүмкін еместігін әбден мойындағандаймын.

- Әй, азамат болған жігіт жылай ма екен?! Қой, Ақтанжан. «Біздің бала оқып жатыр, Сейдін ағасы сияқты оқымысты болады» деп, атаң бүкіл қойлы ауылдың бәріне мақтанып жүр. Сенің тұрысың мынау. Жара-а-а-майды, балақан, жара-а-а-майды.

- Оқымаймын! Үйге қайтамын!

Сәт аға мені көшеде тұрып азғырып, оқудың пайдасы жөнінде ірілі-ұсақты біраз әңгіменің басын қайырды. Бірақ дәл осы тұста менің үгіт-насихатты ұғып, әңгіме тындап тұрар халім жоқ еді.

- Алып кетші, ағатай! Апамды, Серікті, атамды сағындым! - деймін көзімнің жасын сығып алып.

- Әй, мынау, Сейдінге тартқан ақылды емес, әншейін бір бозөкпе бала екен ғой. О, несі-ей, көшеде тұрып өңірегені. Қой, шырағым, ондайыңды! «Балаң жаман, әншейін бір ынжық неме екен» деп, әке-шешені айтып барамын. - Ол сөзінің соңын қатқыл үнмен аяқтады да, атының басын Желшиге, біздің ауылдың күзеулігі жаққа бұрды. Жауырыны күдірейіп, маған ренжіп бара жатқаны көрініп тұр.

- Ағатай, мені тастамаңызшы! А-а-апа-ма барамын! - Шын жылағанның көкесін сол жерде көрсетсем керек, зар еңіреп, атты кісінің соңынан құстай ұшып келемін. Аяғым жерге бірде тиіп, бірде тимейді. Айналадағы әрі өткен, бері өткендер маған үдірейе қарасады. Білмейтін адам анау салт атты кісі менің бірдеңемді тартып алып, жеткізбей қашып бара жатыр-ау дейтіндей көрініс еді. Соңынан қалмасымды білді-ау деймін, Сәт аға барып-барып, атының басын тежеді.

- Әй, жаман күшік сол! - Үнінде реніштен гөрі өзімсінгендік, еркелету басым. Өксігімді баса алмай, ықылық атып, мен тұрмын. - Келе ғой, алып

кетсем, алып-ақ кетейінші. Апаң мен атаңды көріп, мауқың басылған соң, оқуыңа қайтадан өздері әкелер.

Ол ат үстінде тұрып, мені жерден көтеріп, алдына мінгізді де, қайтадан мектеп жаққа қарай бұрылды.

- Қайда барасыз, аға? Кетейікші жылдам. Апармаңызшы мектепке! - «Осы мені қайтадан мектепке апарып жүрмесін» деген үрей жаңағы бір сәттегі лап етіп, тұла бойымды билеп алған қуанышымды демде үркітіп үлгіргендей.

- Қой-ей, батыр, орталыққа әдейі келген соң шаруам бар, оның үстіне сені алып кашып әкетер жайым жоқ. Тал түсте баламызды жоғалтып алдық деп мұндағы тұрған үйің де іздемей ме екен?! - Амалсыз көнуіме тура келді. Көнбегенде менде басқа істер шара қайсы?!

Өзім тұрған үйдің иесі, яғни атамның жамағайыны Мұқатай аға да менің қайтуыма қарсы болмады.

- Жаман неме үйін сағынып, күндіз-түні жылай береді. Бірер жыл ақыл тоқтата түссін, ендігі жылы-ақ оқыр. Үйі осы ғой, Зекеңнің баласын ешқашан бөтенсінем бе?! Тек, әйтеуір, баламызды сыйғызбай қуып жіберді демесін! - Ол бұл сөзін Сәт ағаға қарап айтты. - Мектебіне ертең-ақ өзім барып, жай-жапсарды айтармын. Оқу десе зәрзап болып жүрген шәкірттерінің кеткеніне олар да өкіне қоймас.

Әйтеуір, быжынаған көп үйлері бар, көшесінде үйрек-тауығы қырқылдап өріп жүретін ұжымшар орталығын да, орталықтағы мектепті де көрместей болып, түс ауа жатсам түсімнен, тұрсам ойымнан кетпес Желшиге бет алдық-ау.

Кешкі алагеуім шақта да өзіміздің құбақан ғана төрт қанатты киіз үйді бірден таныдым. Үй жанында бұзауын емізіп, қызыл қасқа сиыр тұр анадай жерде. «Е, апам сиырын сауып болған екен ғой». Үй сыртындағы белегірден тау басында қыстан қалған қардай аппақ болып атамның отары көрінеді. Бәрі де көзімді жұмып елестете алар таныс сурет, таныс көріністер.

- Міне, үйіңе де келіп қалдық, Ақтан батыр, — дейді Сәт ағай. Әлде кешкі ала көлеңке ме, әлде көзіме жас тығылды ма, жанарым тұманданды.

- А-а-па!

- Ой, кұдай бере салған баласы сол! Келіп қалыпты ғой! - Апам асыға басып, үйден шығып келе жатты. Апаммен жарыса шыққан Серіктің де ұстарамен қырдырған соң шыбын тайғанайтындай болып шыға келген көк қарбыз басы көрінеді. Жалаң аяқ, жалаң бас ұшып келеді. Мен де аттан домалап түсе бердім. Қол-аяғым сіресіп ұйып қалыпты, сонда да алдымен апама қарай ұмтылдым.

Шіркін, апамның ыстық құшағын айтсаңшы. Тұмсығыңды қарнына тіреп қойып, тұра қалғаныңда, осы бар ғой, жүрегінді балқы-ты-ып жіберетін ғажап бір иісі бар. Өй, ондай хош иіс ешкімнің де апасында жоқ шығар, сірә!

Апам мені тік көтеріп алып, кеудесіне басты. Кеудесіне тұмсығымды тығып, он жыл бойы қамауда жатып келген кісідей айырылар емеспін. Өзім боздап тұрмын.

- Өй, жаман неме, шешесін әбден сағыныпты ғой, — дейді Сәт ағаның үстінде тұрған күйі. — Бәйбіше, балаң: «Оқымаймын да оқымаймын» деп, қыр соңымнан калмаған соң, амалсыздан алып келдім...«Баланың жылы орнын суытып, оқуынан қалдырды» деп, мені кінәлай көрмеңдер, әйтеуір. Зекеңе де өзім түсіндіріп айтармын. Мен үйге барайын.

- О не дегеніңіз, қайта жаман ұлымды сағынып жүр едім. Ала келгеніңіз жақсы болды. Көп рақмет сізге! - деп апам да ағынан жарылып жатыр.

Атам да ұрысқан жоқ. «Е, оқымаймын деші. Мейлі» деген де, койған.

Быжынаған көп үйлі ұжымшар орталығын да, ондағы мектептегі өзім сияқты жиырма шақты кара домалак балалар мен пісте мұрын, үкі көз мұғалім апайды да мүлде ұмытып, сол баяғыдай мұңсыз-камсыз жүріп жатырмын.

Дәл былтырғы сияқты, қыстауға көшкенде мен кер құнаныма мініп алып, атамның койын айдастым. Айырмашылығы былтыр тай болған кер құнаным да, мен де өсіп калғанбыз. Дәл былтырғыдай, Серік кана қара атанға артқан жүктің арасынан мойны қылқиып көрінеді. Менің мектептен қайтып келгеніме оның өкінетін жалғыз әңгімесі: «Егер сен келмегенде кер құнанға көшкенде мен мінетін едім» дейді. «Өзінің дәмесі зор деймін, тіпті!»

Баяғыдай, Серік екеуіміз шана теуіп, қысты өткіздік. Мал төлдеген шақтағы уызы мол көктем күндері мен қозы жайып жүріп бүлдіргеніне тояр жаз да орталап, жайлау жері сары жұрттана бастаған кезде, былтырғы әңгіме қайта бас көтерген. Ел жайлаудан қайта құлап, күзеуге қона бере бұл сөз тіпті асқынып, әбден өрбіп, ешкімге ырық бермес күйге жеткен.

Апамның күндіз-түні үгіттейтіні мен.

- Қоя ғой, құлыным, оқымаймын дегенді қайдан таптың? Сенің ағаң Кенжебала... - Баяғы осы әңгіме. «Сенің ағаң Кенжебала...» деп отырғаны - атамның жан дегендегі жалғыз інісі, апамның аузынан тастамайтын сүйікті қайнысы.

Бір қызығы, менің есімімді апамның сол Кенжебаласы майданға кетіп бара жатып қойып кетіпті. Айтыстарына қарағанда, ол да бір қызык әңгіме.

Маған босанарда апам байғұс екі күн, екі түн толғатыпты. Бір топ құралпастарымен соғысқа ат арбамен әкетіп бара жатқан Сейдін ағам қиналып тұрған жеңгесін қимай бөгеле берсе кәмәндірі ұрсып, арбаға зорлағандай ғып мінгізеді. «Ал енді бір Аллаға тапсырдым!» деп, олар амалсыз аттанады ғой. Ол кезде қазіргідей әскерге шығарып салғанда кернейлетіп, сырнайлатып дегендей, думандату қайдан болсын. Азан-қазан жылаған жұрт ат арбаға ілесіп, ұбап-шұбап ауылдан ұзай бергендері сол екен, сондарынан бір бала атпен далақтап, шауып жетеді.

- Сүйінші, сүйінші, Сейдін аға! Жеңгеңіз босанды! Інілі болдыңыз! - дейді. Арбадан қарғып түскен Сейдін ағам, баланы аттың үстінен көтеріп алып, бетінен сүйеді де: «Мә, сүйіншіңе!» деп қолындағы сағатын шешіп береді. «Сен арбамен жүре бер, мен қазір келемін!» деп атқа міне сап, ауылға қарай шаба жөнеледі.

Келген бойда жергөкке жаңа орап жатқан мені көтеріп алып, күшырлана иіскейді. Сөйтеді де:

Бәріміздің мақтанышымыз болатын Ақтанымыз болсыншы! Сенің атың - Ақтан, Ақтан, Ақтан! - деп құлағыма үш рет айғайлап, атына міне салып, қайтада шаба жөнеледі. Сол кезде шалдардың бірі қарап тұрмай:

- Апыр-ай, балам-ай, ұзақ жолға кетіп бара жатқанда, бекер-ақ оралдың-ау! - деп ағамның келісін жаман ырымға жориды...

Көрдiңiз бе, егер Сейдiн ағам сол жолы қайта оралып келмесе, немесе ана бiр шал ол қылығын жаман ырымға жорымаса, ол кiсi де аман-сау елге оралады екен.

Сөйтiп, иә, ағамыз қойған есiмдi алып жүрмiн-ау, бiрақ, «ағайынның мақтаны» болу... Әй, қайдам? Ол кiсi сияқты «көп оқыған, тiптi мұғалiм болған» деген сөздер маған келiңкiремес. Өте-мөте озат шопан болып, ағайындарыма мақтан болмасам...

Сейдiн ағамыз кетiсiмен-ақ көп ұзамай соңынан қаралы қағаз келiптi. «Ағаң Кенжебала оқымысты, үлкен оқуды тауысқан, батыр болған» деген сияқты сан алуан әңгiмелер менiң құлағыма әбден сiңiстi жайлар. Кiмнiң үлкен оқуды тауысқан оқымысты, кiмнiң атағы шыққан батыр болғысы келмейдi дейсiз. Менiң де ағайым Сейдiн сияқты әрi оқымысты, әрi батыр болғым келедi. Бiрақ маған оқу қонбайтын шығар. Оның үстiне оқу-шоқу деп апамдардан аулақта қайдағы бiреудiң үйiнде жүрсем-ау сол.

Быттыр менi мектепке апарғанда мұғалiм апайға атам:

- Қарағым, пәмиләсiн Сейдiнов деп жаз. Сөйт, шырағым. Үйде Серiк дейтiн бiр тентегiмiз бар, менiң атымды сол неме шығарса да жетедi. Бұл арманда кеткен жалғыз боздағым Сейдiннiң атын өшiрмей жүрсiн, - дегенде батыр да оқымысты ағайымның есiмiн пәмилә ғып алғаныма, тiптi катты қуанғаным өлi есiмде. Сейдiн ағайымдай болмауға қақым жоқтай да көрiнген едi. Ендi оқи алмасыма көзiм қалтқысыз жеткен соң, сонда есiмiн пәмилә етуге бекер-ақ келiскен екенмiн деп те ойлаймын.

«Зейтiнов - нашар оқитын бала» немесе «Ол оқи алмай мектептен қашып кеткен бала» десе, оның түк сөкеттiгi болмас едi. Ал «Сейдiнов сөйттi де бүйттi» деп, жалпақ елге жар салып жату жараспайтын сөз.

Кейiнгi кезде апама атам косылды. «Оқисың да оқисың». «Оқымасам, өзiм теңдестер мектепке кеткенде қойдың құмалағын сана-а-ап жүредi» екенмiн. «Оқымасам, ағайым Сейдiннiң атына кiр келтiрiп жүретiн жаман бала» екенмiн. Оқымасам, «Марқұм Сейдiн ағайымның аруағыда мазасы кетiп, мөңгi мекенiнде тыныш жата алмайды» екен. «Келер жылы Серiк мектепке барғанда ұялмай-қызармай «өгiздей» боп соның қасында бiр сыныпта оқиды» екенмiн. Қойшы, әйтеуiр, қара аспанды төндiрiп болмаған соң, амалымның құрығанынан «тым болмаса бiр- екi жыл сауат ашып, қара тану үшiн, сонан соң өскенде қыздарға хат жаза алу үшiн» ғана «жарайды» дедiм.

Апам апыл-ғұпыл асығыс кірісіп, мен жазғанды мектепке бару сапарына әзірлеп те болды. Атам тағы да былтырғы тұрған үйіме алып келді. Баяғы әңгімесі: «Ағайын, баланың еті - сенікі, сүйегі - менікі. Тым ұғымсыз да бала емес сияқты. Былтыр бізді сағынып, оқи алмаған шығар. Қазір жасына жас, ақылына ақыл қосылды дегендей. Енді оқыр, шын Сейдіннің тұяғы екені рас болса, бізді жерге қаратпас» деген сияқты ескі әңгімесін қайталады.

Өткен жылы үйге барған соң апам мен атам біраз тергеу жұмысын жүргізген. «Анау Мұкатайдың үйі жайсыз болған жоқ па, көк жұлын ғып анда-мұнда жұмсап, есінді шығарған жоқ па?» сынды сауалдардың біразына: «Жоқ, ағай да, жеңгем де ұрыспайды, не орынсыз жұмсаған емес» деп оларды ақтап шыққанмын. Сондықтан да биыл олардың алдында жүзім жарқын. Оның үстіне атам да: «Ақтанжан жаз бойы екеуіңді мақтаумен болды» деп, олардың алдындағы беделімді біраз өсіріп тастады.

Сол күні түстен кейін-ақ атам мені мектепке алып барды. Жасырар несі бар, атам мен апамның көңілдері үшін, «Сейдін ағайымның есімін пәмилә ғып жүруді ақтауың керек» деген сенімдері үшін ғана келіп отырмын, әйтпесе маңайын баспасам деген жердің бірі осы еді. Оның үстіне, менің үрейімді одан әрі ұшыра түсу үшін әдейі тосып жүргендей қарсы алдымыздан былтырғы пісте мұрын, үкі көз апай шыға келсін.

Атам да танып, үй іші, әке-шешелерін сұрап, індетіп ұзақ сәлемдесті. Шамасы, менің оқымай кеткенім үшін өзі кішірейіп, кешірім сұрағандай ыңғай танытып тұр.

- Өткен жылы оқыған жаманым ғой, - атам шоқша сақалымен мені меңзеді. - Бізді сағынып, шыдамаған соң қайтып келіпті, айналайын. Биыл енді қалайда оқимын деп уағдасын беріп отыр. Әке... иә, ағасы Сейдін марқұм да оқымысты адам болған.

- Бәрібір бұл бала оқып қарық қылмайды. Мұны неменеге сүйретіп әкеле бересіз?! - Апайымның үні маған әбден көңілі қалып, торыққандай болып естілді. Бір ауыз жылы сөз айтуға жарамай, біз өкше туфлиімен еденді тесіп жіберердей қаздаңдай жөнелді.

- Қарағым-ау.., - атам бірдеме демек еді, апайым қайырылмай кеткен соң, маған назарын аударды. - Қарағым-ау, биыл дұрыстап оқышы, сені сағындырмай апанды жіберіп тұрармын... Сөйтсеңші, жаным! Мына шіркін көргенсіз неме жаман атаңды жер қылды ғой...

Қанша ынжық болсам да, менің де өзіме тән намысым бар азаматпын ғой, апайдың мына қылығы, ол аздай былтыр өзіммен бірге оқыған балалардың жолыққан бір-екеуінің: «Тағы келдің бе-ей, миғұла?!» деген сөздері өзімді де атамның алдында әбден жермен-жексен ғып тұрған.

«Көрсетермін, сендерге кім екенімді, тек алғашқы сабақтан бастап-ақ дұрыстап тыңдап отырармын. Иә, оқымысты Сейдін ағайымның аруағы қолдап, жебеп-желей гөр!» Осыны ойладым да, сенімді түрде атама уәде бердім.

- Енді жақсы оқимын, ата! Үйге де қайтпаймын, тек апамды жіберіп тұр, иә!

Атам мені жетелеген күйі мұғалімдер бөлмесіне алып келді. Мен танитыны, танымайтыны бар үш-төрт мұғалім тұр екен. Атам аман-сөлем айтып, өсіресе төрде отырған директор ағаймен біраз есендесіп болған соң, жаңағы пісте мұрын апайға айтқан сөзін қайталады. «Енді мектептен кетпеймін, жақсы оқимын деп уәдесін беріп тұр» дегенді де қосып қойды.

Бір жақсысы мұғалімдердің ешқайсысы, тіпті мектеп директоры да менің былтыр көрместей болып кеткен мектебіме ұялмай-қызармай сүмірейіп қайта келіп тұрғанымды сөге қоймады. Қайта директор ағай:

- Неге оқымасын, оқиды. Шалғайдағы басқа малшы-қойшылардың балалары да осындағы ағайындарының үйінде тұрып оқып жатыр. Оқиды, оқытамыз! Өзім қадағалап жүремін! - деген үні де жаңағы менің уәдемдей тым сенімді естілді. Оқитын маған да, оқытатын өздеріне де әбден сенгендей.

- Бұл жігіт менің сыныбымда оқитын болар? - Бағанадан бері әлде бірдеңелерді шұқшия жазып отырған бұйра шаш ақ күба жігіт алдымен маған, сонан соң атама жымия қарады.

- Иә, сенің сыныбыңа барады. Танысып қойыңдар. - Директор ағай ең алдымен мені таныстырды.

- Фамилиясы Сейдінов болады. - Әрине, менің фамилиямды ұмытпай жүргеніне төбем көкке екі-ақ елі жетпей қалды. Қуанғанымнан болса керек, маңғаздана мұрнымды тартып-тартып қойдым. - Сейдін марқұм екеуіміз мектепте де, институтта да бірге оқып едік... О, мықты еді ғой марқұм... Ал сен Ақтан, әкең... әке емес-ау, ағаңа тартсаң жақсы оқуға тиістісің ғой. Ал мынау сенің мұғалімің - Ержан ағайың болады...

Ержан ағай сәл басын изегендей болды. Маған емес, әрине, атама ғой.

- Биыл осы ауданымыздағы педучилищені бітіріп келіп отыр. Жас кадр. Ал, мынау Зейтін дейтін шаруашылығымыздың озат шопаны, Сейдін екеуімізге аға болады.

Атам мектептен тіпті әбден көңілденіп шықты. Менің енді озат оқушы боларыма көзі біржола жеткендей.

Түнде мені қойнына алып жатқанда әлсін-әлсін бауырына басып, маңдайымнан иіскегені болмаса, «сөйт те сөйт» деп ешқандай ақыл-кеңес айтқан жоқ. Оның терсіңді колтығына тұмсығымды тығып, күні ертең бұл төсекте тағы да жалғыз дөңбекшитінімді ойлаумен жатып ұйықтап кетіппін.

Бір уақытта ояна келсем, атам киініп алыпты. Бірақ мен ұйықтаған болып жата бердім. Ауызғы бөлмедегі шамның жарығынан түскен ала көлеңке сәуле болмаса, үйдің іші өлі караңғы. Ол бүгілуге келмейтін ағаш аяғын сықырлатып, үстіме еңкейді.

- Ал, құлыным, мен қайтайын, шешен жалғызілік. Мал иен... Ақылды бол, жарығым! Жаман атаң мен апанды ел алдында ұялта берме, жарай ма?!-

- Ататай, таңертеңге дейін жата тұрсаңшы... - Атамның мойнынан қапсыра құшақтай алдым. Қанша жыламайын десем де, көзімнің жасы тоқтайтын емес. Атам да мені бауырына басып, басымнан күшырлана иіскейді. Ол да мені қимай тұр. Сол кезде үй иесі Мұкатай ағай да күбірімізді естісе керек, көйлек-дамбалшаң қасымызға келді.

- Иә, Зәке, аттанып барасыз ба? Шай ішіп алып, бірақ кетпедіңіз бе?

- Рақмет, мал өргенше ертерек жетпесем болмас. Жүрейін... Ал мына жаман ұлды құдайға, сонан соң өзіңе тапсырдым.

- Жарайды онда, жеңгейге сәлем деңіз. Ақтан балам- ай, қоя ғой, жаным. Атаң мен апаң сағындырмай өздері-ақ келіп тұрады. Тіпті келе алмаса айына бір рет өзім-ақ апарып тұрармын. Сөйт, әкем, түн ішінде жылаған жаман болады. Бақандай сегіз жасқа толғалы тұрған азаматсың...

Е, бұлар да енесін еміп жүрген жас құлын сияқты ғой. Өмір шіркін әркімді өз соқпағына рет-ретімен түсірерін бұлар қайдан білсін. Бәрін де жүре келе үйреніп, бәрін де жүре келіп мойындар.

Мен жылап тұрсам да, атам бәрібір қамшысын колына алып, бойын тіктеді. Мен де ілесе бірге тұрдым.

- Сен шықпай-ақ кой, құлыным!

- Шығамын! - Бір түрлі қитыға сөйледім. Тым болмаса таңертеңге дейін жатпаған атама өкпелеген түрім. Бірге кетемін дегеніме тәубә десе керек, атам үн-түнсіз есікке беттеді. Жалаң аяқ, жалаң бас мен де ербиіп, тысқа ілесе шықтым. Сартаудың ұшар басына қып-қызыл боп ай қонақтапты. Дәл есік алдына байланған Ақжалды ерттеп қойыпты. Әлде маған, әлде атама бір шекелей қарап, оқыранады.

- Ал, құлыным, - атам еңкейіп, екі бетімнен кезек сүйді. Сөйтті де, ақсаңдай басып барып, аттың шылбырын шешіп, үзеңгіге аяғын сала берді. Атам мен Ақжалды көрсетпей көлегейлей берген соң көзімнің жасын қайта-қайта сүртемін. Бірақ үн шығарғаным жоқ. Шығармауға тырыстым. Әлде түнгі салқыннан ба, өне бойым дір-дір етіп, әкетіп барады.

Айтпақшы, ұмытып барады екенмін ғой. Мынау он сомға тәтті алып жерсің. Қағаз-қаламыңды өзім түгендеп кеттім ғой. Сөйт, карғам! - Ол ат үстінен еңкейіп, ақшаны маған ұсынды. Атамның жып-жылы қойнынан шыққан қос алақандай ақшаны мен алар-алмаста-ақ Ақжал бұрыла берді. «Ата, ататай, шынымен кеткенің бе?» Бәрібір үнімді шығарған жоқпын. Іштей айтып тұрмын. Айдың алтын табағын бетке алған атам артына қайырылмады. Ақжалдың катты аяңына салып, тартып барады. «Шынымен артыңа да қарамайсың ба?» Жоқ, атам артында қалқайып қарап тұрған маған мойын бұрмастан үйлердің тасасына түсіп, көрінбей кетті. «Жаңа апам болса мойнын қалай да бір бұрар еді ғой. Тіпті таңға дейін шыдап, қасымда жатар еді...» Сол орнымда әлі жылап тұрмын, бірақ атама деген өкпем әр секунд өткен сайын ұлғая түскендей.

- Қой, айналайын, жүре ғой! Тоңып кеттің ғой. - Селк ете қалдым. Мұқатай ағаның үні екен.

Төсекке келіп жатқан соң да, көздің жасы құрғасашы, жастығым шылқылдап қалды. «Әй, атам-ай, мені жақсы көретінің өтірік екен ғой. Құлыным әлі тұр ма деп былай шыға мойныңды бір бұрсаң қайтер еді!» Келген бетте жастығымның астына тыға салған ақшаны алып иіскедім. Атамның иісі емес, ақшаның өзіне ғана тән бір жағымды иіс. Бүктелген күйінде қайта тыға салдым.

* * *

Күндер өтіп жатты. Бұрынғыдай емес, алғашқы тоқсанда-ақ үлгілі оқушы санатына қосылдым. Екінші тоқсанның басында Ержан ағай мені класком қойсын. Адамға бақыт қонайын десе оңай екен ғой. Содан өзіме деген сенімді ақтау үшін барымды салайын. Әйтеуір, сол кезден ең озат, былайша айтқанда, «бестігіңізден» басқа бағаға пысқырып та қарамайтын оқушы болғанбыз. Сәл бір қиындау есеп, болмаса балалар білмей қалған тақырып болса да менің, яғни Сейдінов Ақтанның шығара алмауы немесе жауап бере алмауы өте сирек оқиға екеніне Ержан ағай мен бір сыныптағы жиырма екі оқушының көздері баяғыда жеткен. Оларды былай қойғанда, өзім де аса дарынды әрі білімдар шәкірт екеніме көп күманданбайтын болғанмын.

Мұқатай ағай уәдесінде тұрып, атам кеткеннен кейін бір айға жуық уақыттан соң бір түстік жерде отырған атам мен апам апарып келген. Әрине, былтырғыдай «Аа- о-о-оу» деп боздап жеткен жоқпын. Үнімді барынша жарқын да көңілді шығаруға тырысып, үй сыртына жете бергенде «Апа!» деп, бала бүркіттей саңқ ете қалғанмын.

Етегіне сүрініп-жығылып, тағы да үйден апам шыққан. Жүзінде қуанышпен қоса таңдану. «Бұл неме тағы оқуынан қашып келе жатқан жоқ па екен?» деген қауіптің ізі байқалғандай. Апаммен жарыса Серіктің де шашын тақырлап алып тастаған көк қарбыз басы да көрінген. Үнемі от шашып жайнап тұратын жанарында қуаныштың жарқылы ойнайды. Апам сасқалақтап, не дерін білмей тұрған сәтте Серік аттан түсіп жатқан бізге қарай бір-ақ секіріп, менің мойныма асыла кетті. Күрескен кезде де маған көбіне дес бере қоймайтын шымыр денелі інім тіпті қапсыра құшақтап алып, тырп еткізер емес.

- Беу, мына жаман неме, тіпті босатар емес қой ағасын. Былай тұр былай, бетінен сүйейік. - Апам, менің жан апам, мейірі қанбай, ұзақ аймалады. Сонан соң ғана:

- Әй, ақылыңнан айналайын сол, жігіт боп қалыпсың, - дейді мені бір ай емес бес жыл көрмегендей. Мен де ол кісінің көңіліндегі күдікті тез тарқатайын деген оймен апаммен есен-саулық сұрасып тұрған Мұқатай ағаның сөзін бөлдім:

- Апа, былтырғыдай сағынған жоқпын. - Неге сағынбайын, «былтырғыдай өздеріңді сағынып, мектептен қашып келген жоқпын» демек едім, бірден қате сөйлеп, қырын шаптым. Өз сөзімді тез жөндейін деген оймен ақталуға кірістім. - Жоқ, апа, сағындым. Бірақ бір күндік демалысқа ғана келдік. Әрине, әлі жүре берер едім... Бүрсігүні сабақ қой. Сондықтан ертең кешке таяу ағаның өзі қайта алып қайтады.

«Қорыққан мен қуанған бірдей» дегендей, сасқалақтап, жаңыла бердім. Үйден безінген адамдай «әлі жүре берер едім» дегенім тағы қызық естілді.

Бәрібір мені жан апам түсіне қойыпты.

- Әй, ақылыңнан айналайын, зекетің болайын деп, айналып-үйіріледі.

- О, қыстауға көшкенде кер құнанға мініп, атамның қойын айдасатын болдым. - Серік те менің оқуға қайта кететініме деген қуанышын тек кер құнанға көш кезінде мініп жүретіндігімен ұштастырып үлгірді.

- Өй, жынды неме сол, сенде кер құнанға мінгеннен басқа арман болсайшы, - деп апам күлді.

Кешкілік атам қойдан келіп, бізді көрген сәтте ол да шошып қалған. Бірақ жай бір күндік демалысқа келгенімізді білген соң үлкен бір мақсатына қолы жеткендей қатты қуанды.

- Зеке, ат шаптырып той жаса! Мына балаңды «Ең үлгілі, ең озат, зерек оқушы» деп мұғалімдері де, мектеп директоры да әбден мақтап отыр. Өзі класком дей ме, үлкен белсенді болып алыпты. Бәсе, Сейдін ағасына тартпай не көрініпті бұған деп едім-ау, - Мүкатай аға да адамның ішіндегіні сезетін көреген адам ғой, атама қалай айтсам деп шыдай алмай отырған негізгі мәселенің бетін айқара ашып тастады. Мақтануға болатын мәселені уақтылы білдіріп қойғанға не жетсін? Атам менің өте жақсы оқитын зерек оқушы боларыма бұрыннан көзі жетіп жүрген адамдай сабырмен токмейіл күйде жымылып, одан менің құлақ шекемнен мейірлене иіскеп болғанша, Серік сауал тастап үлгірді.

- Шын ба ей, Ақтан? Класком деген немеңе, а?

- Бір кластағы балалардың бастығы, — деймін мен қоразданып.

- Е, неге жасамаймын, әлі ел-жұртым түгел айта жүрердей ғып жасаймын тойды. Тек, бірінші класын беспен оқып бітірсін. Өйтпесе «мына Зейтін баласы мектептен қашпай бір ай оқығанына да той жасап жатыр» деп күлкі қылар... Бәсе, менің ұлым сондай болса керек еді. Былтырғы оқытқан қыз: «Мұны несіне сүйреп, тағы әкелдіңіз?» дегенде жердің жыртқығы болса, ойланбай-ақ кіріп кетер едім. Мұқа, еңсемді бір көтердің-ау. Сүйіншіңе ертең торы биемді жетелеп кайт!

- Ағайынның құртақандай баласын үйіме сыйдырмай жібергендей болып былтырдан бері, Зеке, сіздің алдыңызда, анау директор інімнің алдында мен де төменшіктеп жүр едім. Ақтан балам биыл менің де мойныма түскен салмақты жеңілдетіп тастады. Торы биенді маған бергенің шын болса, екеуімізді қатар қуантқан осы жігіттің өзіне байладым олжамды.

Бір сөзді шашау шығармай бағып отыратын Серік өз ұсынысын бірден жеткізді.

- Егер торы биені Ақтанға берсеңіздер, онда кер құнанды мен аламын! - Бірақ оның сөзін елеген ешкім бола қойған жоқ.

Сол күні Сәт ағаны шақырып, бір қойдың басын мүжіп, бәрі жиылып, менің «Сейдін ағаға шын тартқанымды, пәле-жаладан, тіл-көзден аман болсам, әлі-ақ дырдай оқыған азамат болатыныма» көздерінің жететіндігін білдірісті.

Ертеңінде ұжымшар орталығына оралғанда бойым жеңілдеп, тың күш жинағандай күйде едім. Бұрынғы бұрынғы ма, жақсы оқу, үздік оқушы атану үшін, өй, аянбаған-ақ болармын. Уәдемде тұрып, үйге бірінші сыныпты маңдайында оттай жанған Елтаңбасы, күн көсемнің суреті бар «Мақтау

грамотасымен» бітіріп келдім. Атам да айтқанын екі етпей, ат жетер жердегі қойшы-қолаңды шақырып, дүрілдетіп тілеу жасады. Оны бірінші сыныпты бітіргенім үшін немесе «Мақтау грамотасын» алғаным үшін, тіпті менің класком сияқты бастық болғаным үшін деп, ат қойып, айдар таққан жоқ. «Баланың алғашқы қадамының тілашар-тілеуі» ғой дей салды.

Семіз қойдың етіне тойып, сары қымызға тойған жұрт: «Ағасы Сейдін үлгірмеген білім биігіне шықсын!» десіп тілектерін айтты.

Ал осыдан кейін жаман оқып көр...

Менің грамотамды қайта-қайта ұстап көрген Серік:

- Мен де келер жылы осындай әйбәт қағаз әкеліп, атама тағы бір той жасатармын, - деп үйде отырғандардың бәрін бір күлдірген.

Сөйтіп тағы бір жазды өткізіп, күз келгенде бұрынғыдай емес мектепке өзім даярлана бастағанмын. Тіпті шулы ортаңды, балаларды сағынады екенсің. Оның үстіне биыл жалғыз емес, қасымда Серігім бар. Өзінің жаратылысы солай ма, әлде «әке-шешені қия алмау» деген сияқты сезімдер ол саңылаусызда жетілмей қалған ба, әйтеуір, барамын да оқимын деп, құлшынып тұрған біреу. Мектепке келгенде де көп тосырқамай сабағына кірісіп кетті. Үлкен кісілердің сөзін аузынан суы ағып отырып тыңдайтын әңгіме құмар, сөзуар Серік те тегін қиялдамапты. Әрине, оны мен сияқты класком сайлай қойған жоқ, бірақ ол да алғыр, зерек болып шықты. Бір ғажабы, қасында мен жүрген соң ба, бір оттың басында екеуден-екеу болып шошайып қалған атам мен апамды сағынбайтын. Енді мен, өй, осы бөледе шынында сағыныш сезімі дейтін жоқ болар деп күдіктене бастағанмын. Әлде сағынса да, білдірмей ме екен? Тек қана «Атамдар Желшиден көшті ме екен? Кер дөненді атамның өзі мінген шығар. Аяңы аздау, оның үстіне ауыздығымен алысып тұрған бәле апамның мінуіне жайсыздау болар» деген сияқты сан алуан тұшымы аз сауалдарды күніне жүз рет қайталайтын.

Жасырып қайтейін, Серік маған қарағанда тым малсақ, малжанды болатын. Атамның бағымындағы бір отар қой-қозыны шашау шығармай бағып-қағатыны өз алдына, өз отбасымызға біткен аз ғана ірілі-ұсақты малды бөле-жара күтімге алып, бөлекше ынта көрсететін. Мал дегенде де асып бара жатқан байлығымыз шамалы. Жылқы баласынан торы бие биылғы құлынымен, үш жыл бұрынғы құлыны - кер дөненмен үш бас; бір бұзаулы сиыр, бес козылы қой - болған-біткені сол. Естуімше, үкімет бір құлынды бие, бір бұзаулы сиыр, бес козылы койдан артықты ұстауға рұқсат бермейді. Оның үстіне, келер көктемде олардың төлдері қораңда, яғни меншіктің қатарында болмауы қажет екен. Ал Ақжал болса, ол қойшыға берілген ұжымшардың аты.

Атам қозыларды әр түрлі нәлогке өткізіп, тайыншаны қысқа карсы сойып алатын. Әйтеуір, әр бастыққа кіріп жүріп, екі-үш жылдан бері кер дөнenniң жанын алып қалып жүрген. Оны да мен үшін жасап жүргенін сезетінмін. Ал торы биенің керден кейінгі құлындарын Серік канша жерден

меншіктенгісі келсе де, оған деген басы бүтін бәсіре ат бұйырмай тұрған. Содан да менің дөненіме сәті түскен бетте-ак жармаса түсуге даяр тұрады.

Содан да ол жаныма келе қалса: «Шіркін, қазір кер дөнен өрісте жүрген шығар?! Әлде атам: «Асаусып кетеді» деп қойға мініп жүр ме екен?» деп, дәл бір «Қазір апам ұршық иіріп отыр ма екен, әлде тары түйіп отыр ма екен?» деген сияқты ғып татымы аз сауал қоятын. Содан да мен: «Әй, сен кәпір, әкешешені сағынбайтын санасыз боларсың» деп ойлаймын ғой, баяғы.

Жоқ, мүлде олай емес екен. Сағынбайды деген жай сөз екен. Алғашқы күзгі бір апталық демалысқа барғанда, біресе апамның қасына, біресе атамның қасына жатып, бәлемнің есі шықты. Бар болғаны ол маған карағанда шыдамдырақ шығар деп ойладым. Бекер обалы қане, ол да бірінші сыныпты маңдайында оттай жанған Елтаңбасы мен күн көсемнің суреті бар «Мақтау грамотасымен» бітіріп, атамның тағы бір тілеу жасамасына қоймады.

Мен үшінші сыныпқа көшкен жылы күзде алыстағы фермалардан келіп оқитын балалар үшін ұжымшар орталығындағы мектеп жанынан интернат ашылған. Мен де сонда ауысып алдым. Балалардың ортасы дегендей, аш болсаң да, тоқ болсаң да солармен бірге көресің. Оның үстіне, мұнда сабағыңды қарап болғаннан кейін ойынды армансыз соғасың.

Мұқатай ағамыз да менің кететініме онша қарсылық білдірген жоқ.

- Е, жаман әкең ренжімесе болды... Інің екеуің бір жерде боласындар, - деп хоштай сөйлеген. Кей күндері Серік екеуіміз Мұқатай ағалардың үйіне барып, ауласын сыпырып, отындарын жарып дегендей қол ұшын беріп, көмектесіп коямыз. Ол кісінің өзі бір қолын майдан даласына тастап қайтқан кемтар адам, оның үстіне балаларының бәрі ұсақ болатын. Екеуіміз үйлеріне келгенде, алыстағы ағайындары іздеп келгендей куанатын.

Әй, біздің Зекеннің екі ұлына жетер бала жоқ, бірінен-бірі өтетін қайырымды, елгезек, - деп көрші-қоландарына, тіпті мұғалімдерімізге де үнемі мақтап жүреді. Жақсы сөзді кім жек көрсін, мектепте мұғалімдерім, интернатта тәрбиешілерім, тіпті Мұқатай ағаларға дейін мақтаған соң әр ісіммен өнеге көрсетуге тырысатынымын. Өзім ғана емес, Серіктің де дәл мендей болуын қатты қадағалаймын. Мақтаншақтық жағынан менен асып кетпесе бір сүйем кейін қала қоймайтын інім көзі от шашып, кез келген іске құлшына кірісер еді. Сондықтан ба, біріміздің фамилиямыз — Сейдінов, біріміздің фамилиямыз Зейтінов болса да мұғалімдер қандай жиналыс болса да «Ағайынды Ақтан мен Серіктей болу керек» деп екеуімізді үлгі ететін.

Екінші тарау

Бәрі ойдағыдай еді ғой. Иә, уайым-қайғы, бөгде ой деген менде жоқ еді. Серік екеуіміз қыста оқуда жүргенде атам мен апам бар тәтті-дәмділерін өздері жемей бізге сақтап қояр еді. Екеуі де бұрынғыдай Серікке ұрыскандары болмаса, менің тіпті бетімнен қағып көрген емес. Айтқаным - заң, өтінішім - бұлжымас шешім, табанда орындалады. Ех, қайсыбірін айтайын, әзәзіл адамды жолдан тайдырып, теріс кадам жасатамын десе оңай екен ғой...

Мен төртінші, Серік үшінші сыныпты тағы да «Мақтау грамотасымен» тәмамдап, жазғы демалысқа шыққанбыз. Бір-екі жылдан бері жайлауға шыққан соң қойды түстен кейін Серік екеуіміз жаятынбыз. Бас кезінде атам «Әй, осы жұдырықтай екі ұлдың қолынан бір отар қойға ие болу келе қояр ма екен?» деп сенбесе керек, жиі-жиі келгіштеп немесе анандай жерден бақылап жүретін. Кейде: «Жарайды, бүгін түстен кейін де өзім жайып келейін, екеуің дем ала қойындар» деп біздің өтінішімізге ден қоя қоймас еді. Соңғы кезде екеуіміздің қойшылық өнерімізге әбден көзі жетсе керек, сыртымыздан бакылағанды да қойып, келген-кеткендерге: «Екі құлыным, азамат болды ғой, қолымызды жылы суға малып отыр емес пе!» дер еді. Серік екеуіміздің бұл қызметіміз, айналып келгенде, ең бастысы апамның пайдасына шешілген. Атам қойды түстен кейін жаюдан босаған соң, кешке дейін ұйқы соғады да, түнде апамның орнына қой күзетіне шығады.

Бір күні қойды Сандыктас доңғалына қаптатып жіберіп, биікке шығып алып отырғанбыз.

- Ақтан-ей, біздің үйге келген машинаны кара-ей. Бастықтың машинасы ғой деймін. — Серіктің көзі ежірейіп, үй жақты ішіп-жеп барады. Біздің жайлауға былтыр трактормен жол салғаннан бері үлкен жүк машиналары биік тауға шыға алмаса да, брезент қорап жеңіл машиналар мен тракторлар келе беретін. Сондықтан ғасырлар бойы машина-трактор сияқты техника атаулының гүрілдеген үнін қойып, иісін де сезіп көрмеген, мал сүрлеуінен басқа доңғалақтың егіз ізі түсіп көрмеген төр жайлау да заман үніне үйрене бастаған.

Мотор үнін есту - біз үшін ойдағы елдің жаңалығын әкелетін үлкен бір оқиға болатын.

- Ақтан-ей, қой байырқалап жатыр ғой, мен Ақжалға міне салып, кімдердің келгенін біліп келейін бе, а?! - Серік қу менің де көкейімде отырған жайды бұрынырақ қамтып қалды.

- Е, барсаң бара ғой, бірақ әңгімелеріне аузыңды ашып қарап отырмай, тезірек қайт, - деп, екі жас үлкендігімді пайдаланып, бұйыра сөйледім. Одан кейін Серікті бір минут ұстау қайда, жайылып жүрген атты ұстап алып, ит қуғандай ауылға қарап шаба жөнелді. Атқа мінсе, ақырын жүру деген жоқ, тақымды бір-ақ қысады. Өне-міне дегенше Ақжалды көсілтіп, Серік те үйге жетті. Ол үйден қайта шыққанша өткен он шақты минут мен үшін ет асым

уақыттай көрінді. Қойды да шола отырып, ауыл жақты да көзден таса етпеймін. Бір кезде Серігім де үйден шығып, атына мінді-ау.

Ақжалдың қос танауын делдитіп, қасыма келді де:

- Мә, сәлемдеме, - деп, газетке оралған әлденені қолыма ұстата берді. Оған сұраулы жүзбен қарап мен тұрмын. Ораудың ішінде не барын емес, үйге кімдер келгенін білсем деймін. Асығар Серік көрінбейді, аттың айылын босатып, аяғын тұсады. Сонан соң ғана қасыма келіп:

- Өзім де татқан жоқпын, қант-конфет шығар, ә? - дейді мені ынтықтыра түсейін дегендей. Сонан кейін ғана барып, негізгі айтпағына көшті. - Бір аппақ сұлу әйел... жылап отыр. Қасында шопыры бар. Өзіміздің бастықтың шопыры Қасым баяғы. Машина да бастықтікі...

- Өй, не былжырап тұрсың, әйелің не, жылап отырғаны не? — Бұл кезде бір қағазды кәмпіттің тонын сыпырып жіберіп, ұртын томпайтып үлгірген Серік бетіме қарап, жымың-жымың етеді.

Е, қалай жылаушы еді! Көзінің жасын тамшылатып, тамшылаған жасын орамалмен сүртіп жылайды да... Апам да жылаған-ау деймін, көзі қызарып кетіпті. Атам ғана тұқшындап айылын өрген болып отыр. Бірақ оның да көңіл-қошы жоқ сияқты көрінеді.

- Ештеңе демеді ме?

- Неге демесін? Деді ғой. «Қойды ертерек ауылға қарай әкелерсіңдер» деді. Қонақтарға қой сою үшін айтқан шығар. Серік өз болжамын да жеткізді.

Мен, әрине, бастықтың машинасымен келген сұлу әйелдің, оның және апамның неліктен жылағандарына ешқандай жіп таға алмадым. Сағынысып табысқан әлде- бір туысқанымыз шығар дейін десем, оның да жөні жоқ. Олай дейтінім, жарайды, апам мен бейтаныс әйел сағынысқан соң жыласын делік, ал атамның ондай жағдайда көңілсіз отыратын не жөні бар? Туысы келген адам көңілді жүрмес пе?! Екіншіден, «Пәлен жерде пәлен деген туысымыз бар еді» дегендерін естісем керең болайын. «Құдай оның жақсысын алып,

жаманын калдырған». Онысы інісі Сейдіннің қаза тауып, өзінің ғана тірі жүргенін айтқаны. Ал апамның төркін жұрты шалғайдағы Терісайрық өзені маңында десетін. Бірақ «артымда қалған сіңлім бар» дегенді де апам айтып

көрген емес. Не болса да өліптің артын бағып, үйге барған соң бір-ақ білермін деп түйдім. Бірақ неге екенін кайдам, әлденеге мазам кетіп, ауыл жаққа қарай алаңдай бердім. Күн Ақшағылдың шоқысына таман еңкейе бере отарды қоғамдап ауылға қарай қаптаттық. Қарындары шермиген саулықтар

таң атқаннан бері ауыздары бір тыным таппай жайылса да, тойымы жоқ жануарлар ғой, күндегі өрістен қайтар мезгілдерінің бола қоймағанын сезгендей шөпектеп қадала жайылып, марғау козғалады. Отар түгелдей ауылдың қарсы алдындағы беткейге төгілгенде, Ақжалды жайтаңдатып, үйге беттедім.

Жайлаудың таза ауасына келген соң, біраз серуендейін десе керек, Қасым шопыр жалғыз киіз үйлі біздің мекеннен ұзаққырап, қыдырыстап жүр екен. Жер ойылып кететіндей аяғын санап басатын алып тұлғалы шойқара жігіт болатын. Естуім, бір үйде жалғыз басы тұрады, «үйлен де үйлен» деп

зарлай-зарлай, аяғы ол ниетін жалғыз ұлына орындата алмаған шешесі өткен жылдары шерменде жүріп, көз жұмыпты. «Әйелдермен әйелше, балалармен балаша сөйлесіп жүре беретін сен пәтуасызға қыз қайдан карасын?» деп апам Қасымға жеңгелігін пайдаланып, әзіл айтатын. Апам айтса айтқандай, отыздан асып кеткен ағамыз ауылға келгенде ерлермен сөйлескеннен гөрі біздерді көбірек жағалайтын. Ол мені көрген соң үлкен бір койтастың үстіне обадай болып қонжиды да, сұқ саусағымен іліп, мені өзіне шақырды.

- Қалай, қойшы бала, жағдайың нешауа ма? - Бұрын-нан ептеп жаяу әзіл айтысып, үйренісіп қалған дәу ағама мен де әзілдей тіл қаттым.

- Нешаулау... Кімді әкелдіңіз, Қасым аға? - Ол бетіме сынай қарады.

- Шынымен, әлі білмей тұрсың ба?.. Білмесең неге қойыңды тастап, қойғаны суып бара жатқандай үйге қарай жортып келесің? Қусың, ә? Байқа бала, жылмандап жүріп, жетіп алған соң осы қатынның соңынан еріп кетші, бәлем. Мойныңды бұрап, шик еткізіп, басыңды жұлып алайын!

Ағамыздың бүгін қандай өнер шығарып тұрғанын ұқсам бұйырмасын.

- Кімнің? Мен неге ол қатынға еріп кетемін? - Әлі де сауалымның әр сөзінің арасына әзіл араластырып тұрмын.

- «Кімнің» деп тәлімсуін карашы мұның? Шешеннің де!

Сол кезде де Қасым «шешеннің» дегенде апамды айтып тұрған болар деп ойлаптын ғой мен жазған. Сондықтан болар, ары қарай сөйлесуге зауқым жоқ дегендей аттың басын үйге қарай бұра беріп:

- Апам кетсе, әрине, мен де кетемін, - дедім.

Үйге келсем, төрге атамның өзі жайғасыпты. Апам да оң канаттағы шыптаның жанындағы өз орнында отыр. Апама қарама-қарсы қарап, үйдің сол жағындағы көрпеше үстінде ыздиып мен көруге ынтық болып келген қонағымыз отыр. Серік айтса айтқандай, тостағандай кара көзі мен қыр мұрын, ақша маңдайы бір карағанда-ак аса нұрлы адам екенін аңғартқандай. Бірақ кісіге карағанда бұрын бала көрмегендей ішіп-жеп сұқтана қарайды екен. Тіпті ол ғана емес, ұшып тұрып, мені бас салатын кісіше орнынан қапаш-құпаш көтеріле берді де, атама, сонан соң апама бір қарап, мысы құрығандай қайта басылып, орнына отырды. Бірақ тостағандай әдемі көздер басымнан аяғыма дейін, одан аяғымнан басыма дейін ішіп-жеп, тінткілеп шықты.

Сәлеметсіз бе, апай? - «Үлгілі оқушы өзінен үлкен кісіге әр уақытта иіліп сәлем беруі керек». Ержан ағай үйреткен ізеттілік қағидаларын әр уақытта жадымнан шағармауға тырысып жүріп, бойға сіңісті болып қалыпты. Қонақ әйелдің әдемі көздерін жас кіреукелей қалыпты. Шарасына шүпілдей толып, бетіне сорғалай жөнелуге шақ тұр. Жалғыз қонақ болса бір сәрі ғой, апамның да ақ жаулығының бір ұшы көзіне барып қалыпты. Тек атам ғана қоладан құйған мүсіндей козғалмастан маған караған күйі мелшиіп қалған. «Өй, ұлынан айналдық, сол» дейтін жүзіндегі бұрынғы мейірімділіктің ізі де қалмаған. Әлденені бүлдіріп келген адамға қарағандай бетіме сынай үңіледі.

«Ата, апа, сендерге не болған бүгін?!» демек едім, қонақ әйел алғашқы болып тіл қатты. Бірақ үні дірілдеп, бір түрлі берекесіз естілді.

- Атасының баласы осы ғой... Келші, айналайын, бетіңнен бір иіскейін...

- Ол маған қолын созды. Торғын көйлектің жеңі ысырылғанда оң қолындағы құйма күміс білезікке көзім түсті. Апамда да дәл осындай құйма күміс білезік бар болатын. «Құйма күміс, анам байғұстың көзі ғой. Сыңарын кимас біреуге беріп едім» деп отырғанын естігенім бар еді. Апыр-ай, сыртындағы қошқар мүйіз оюына дейін апамның білезігінен аусашы.

- Иә, бара ғой, құлдығым, - апам осыны айтуы мүң екен, үнін шығарып жылап жіберді: - Ба-ара-а ғо-о-ой, кұ-ұ-ле-не-ем!

- Болды! - Атам өріп болып алдында жатқан айылды алып, өз өріміне өзі риза болмағандай іргеге карай лақтырып жіберді. - О, несі, байың өлгендей сыңсығаның!

Сөйтті де жүзін маған бүрды.

- Бара ғой, балам! - Үнін сәл жылытқанымен, түсін жылыта алмады. Қонақ әйелдің маған созылған қолы шарасы таусылғандай бұл кезде қайтадан төмен түскен. Атамның сөзі өтініштен гөрі бұйрықтай естілген соң, әлі еш нәрсенің байыбына барып үлгірмесем де, амалсыз әйелдің жанына жақындадым. Бірақ Қасым шопырдың жаңағы «шешен» деген сөзі миымның түкпір-түкпірін жайлап алып, тұла бойымды дірілдете бастағандай.

- Бақытты бол, айналайын! - Маңдайымнан сүйген әйелдің ерні де, демі де бір түрлі ыстық екен. Оның жанарына тұнған жасы мені сүйген кезде лыксып кеп, бетіне домалап кетті.

- Балам, - атам айтар сөзі көмейіне кептелгендей түйіліп отырып қалды. Әлі қылау түсе қоймаған шоқша сақалын сипап, маңдайын тыжырды. - Балам, адамнан жасырғанды құдайдан жасыра алмайсың... Ой, жарығым, сол үрпиген, кел қасыма отыршы... Осы сөздің жер ортасы - Көктөбе дейтін жаска аяқ басқан менің де, әлі кабырғаң катып, бұғанаң бекіп болмаған сенің де алдымыздан ерте-кеш бір шығарын білуші едім. Соған жеткізбей бетімді, қаршадай ұлым, сенің алдында бір ашып, ағын, әділін айтсам деп көптен толғанушы едім. Өзгеден емес өзімнен естісін деп едім. Көңіліңе қаяу түсірмеймін деп жүріп, кешігіппін. Сен өз фамилияңның неге Зейтінов емес, Сейдінов екенін ойлап көріп пе едің? Ойламаған да шығарсың. Бастан жақты айырмаған жұртпыз. Оның бергі жағында Сейдін екеуіміз Құланның қос жанарындай қос ұлы едік. Сейдіннің атын ұмытып, отын өшірсем, бір туғаным қайсы?! Сейдіннен қалған сыңар тұяқ мына сені іштен шыққаным еді деп жасыруға арманда кеткен боздақтың аруағы алдында кұқым қайсы! Сырттан шыққаным еді деп бөгдесініп, бөтекеден қақсам адамгершілігім, ағалық, әкелік парызым қайсы?! Артыңнан ерген Серікжан екеуіңді де қос жанарымдай көргенмін. Тіпті мынау зарлы іңгендей боздап отырған апаң сорлы бүркіттің балапанындай сыңар тумасы Серігіне сүтін бергенде, саған қаймағын беріп жеткізді. Балам, ессіз болып өскен жоқсың. «Кешегі Сейдіннің ұрпағы-ай, Зейтіннің баласы-ай» дегізіп жүрсің. Ақыл тоқтатып, арғы-бергіңді бажайлауға шамаң келіп қалғандай... — Атамның ұзын-сонар

сөзінен көп ештеңе ұға қоймасам да неге мені «Сейдіннің ұрпағы, Сейдіннің тұяғы» дей бергенінен әлдене сезгендеймін. Әлде қуаныш па, әлде белгісіздіктің үрейі ме, тұла бойым дірілдеп, өзгені қойғанда өзіме де беймәлім бір күйде тұрдым.

Мынау отырған Жәмила - менің келінім, Сейдіннің құдай қосқан қосағы еді. Тағдыр талайына солай жазылса не шара, басқа босағаның отын жағып кеткен жайы бар. Әкеден баланы, ағадан ініні, сүйгенінен жарды айырған атың өшкір... - атам көмейіне әлдене кептелгендей түйіліп отырып қалды. Көзінің аясына жас іркілді. Атамның бүйтіп қиналғанын, осынша таусыла сөйлегенін алғаш көруім. Ол ауыр күрсініп алды да, ойын жалғады. - Атың өшкір қу соғыс қой. Әйтпесе әліде Сейдінімнен, тіріде Жәмиламнан айырылармын ба?! Ол аздай қаршадай сенің басыңды саудаға салармыз ба осылай? Бұл кісі сенің туған анаң, балам!..

«Ту-у-у-ған а-а-ана-аң! Ту-ған а-наң!» Құлағыма атамның үні күмбір-күмбір алыстан талып естіледі. Тым-тым алыстан. Әлі ештеңенің байыбы санама сіңіп үлгермегендей. Жетпесе екен деймін. Жок, бәрін естіп, ұғып тұр екенмін. Менің де жанарым тұманданды. Қонақ әйелге қарадым, көзімен жер шұқып отыр, сонан соң апама қарадым. Қарқарадай ақ жаулығын басына шарта байлап, есікке, сырт жаққа мойын бұрыпты. Менің апатайым, көзіме қарамайын дегендей қырын қараған күйі басын тік ұстап, әлденеге берік бекінген нартәуекелшіл сыңай танытады. Жаңағыдай емес, көзінде жас жоқ.

- Апатай! Апатайым, менің! - Өз даусымды өзім танымадым. Бір түрлі шырылдап шықты. Бірақ дауыс мәнеріне қарап жатар күй қайда, өзіме қарай қос қанатын жайып еңсеріле берген апамның алдына барып жығылдым.

- Құлдығым сол! Жолыңа құрбан болып, өліп кетсемші, сенің бүйтіп шырылдап жылағаныңды естігенше. - Төбеме әлдене тырс-тырс тамады. Кедір-бұдыр, бірақ мен үшін дүниедегі ең жұмсақ апамның алақаны бетімді, иығымды аялай сипайды.

- Көтер, балам, басыңды. - Атамның үні де бағанағыдай нық емес, дірілдеп шықты. - Биыл бесінші сыныпқа көштің. «Интернатта қаңғыртпай, қолыма алып, өзім оқытамын» дейді мына шешең.

«Шешең» деген сөзге тоқтаңқырап, нығырлап айтты.

- Шешең сені алып кетуге келіпті. - Осы кезде жерді ойып алатындай балпаң-балпаң басып, екі бүктеліп үйге Қасым кіріп келе жатты. Оның да бағанағы сөзінің мәнін енді ұққандаймын. Ойланбай айттым, Қасымның сол сөзіне енді ғана жауап бергендеймін. Оның «мойнымды бұрап жұлып алатыны» үшін емес, жүрегімді жарып шыққан шын сөзімді айттым.

- Мен ешкайда бармаймын! Оқытпай-ақ қойсын!

Атам сол сабырлы қалпын өзгертпеді, Жәмиланың әдемі қасы дір ете түскендей болды-ау деймін, ал апам байғұс тағдыры менің осы бір ауыз сөзімнен кейін біржола шешілгендей, тіпті осы сөзден кейін өлім жазасы үкімінен құтылғандай мені қайта құшып, естен тана аймалай бастады. Жып-

жылы жасы бетімнен домалап келіп ерніме тиді. Мен де апамды қысып-қысып қоямын.

- Мен де айтқам бұл қатынға... - Қасым сөзін әдемілеп, әрлеп әуре болмай-ақ төтелей тартты. - «Әуре болма!» дедім. «Кейінгі байыңнан да үш-төрт ұл-қыз тауыпсың, осы жалғыз Ақтан болмаса жерге қарап отырған жоқсың!» дедім. «Зекеннің қос қанатындай болып, қатар өсіп келе жатқан қос ұлды бөлме!» дедім.

- Болды-ей, суырылмай! - Атам Қасымға ағалығын пайдаланса керек, өзімсіне зекігендей сөйледі. Қасым абажадай денесін қоярға жер таппағандай шөккен түйедей болып, босаға жаққа қисая кетті.

- Не десеніздер де, менің сөзімде бір қателік жоқ қой енді! - деп Қасым өз сөзіне өзі баға берді де үнсіз қалды.

- Бермеймін баламды. Аузыммен тістеп, арқаммен көтеріп жеткіздім, енді азамат болған кезінде алып кетемін десең, Жәмила, сенің де көрер қызығың бар, марқадам таппассың! «Өз баламды заң да қорғап алып берер, ағайыншылықпен түсінісейік» дейсің сен бүгін келіп. Жүгінейік, онда заңыңа. Заң да ақ-адалды қорғайтын шығар. - Апам да бұлай ашулана алады деп кім ойлаған. Әншейінде атамның ала көзімен ата қарағанынан ығатын кісі бүгін оны да ескеретін емес, көсеумен оттың басын сабап, үнін үдетіп барады. - Рас, құдайдан да, адамнан да жасыра алман, баланы тапқан сен. Айтшы қане, одан басқа бұған не істедің? Түн ұйқыңды төрт бөліп, тал бесігін құшақтап қалғыдың ба? Жоқ! Бұған тиер желдің өтіне, бұған тиер сөздің бетіне арқамды тосқан мен болатынымын. Тас емшегімді жібітіп, алпыс екі тамырымды иіткен Ақтанымды тумадым, өз ішімнен шықпады деп мен айта алармын ба! Кеше ғана қолыма келінім боп түскен Жәмила, сен айта аларсың ба?! Баланың өз қалауы-ақ төреші болсын деп едім, бар екен ғой, ақ сүтімнің өтеуі. Енді мұны шырылдатып, қанжығаңа бөктеріп әкете алмайсың. Өлігімді аттап барып аларсың, алсаң да!

Жәмила қыстыға жылағанмен, ештеңе демеді. Сөз де осымен тамамдалды дегендей атам орнынан қозғалды.-

Айналайын, ертең ертерек қайтарсың, бүгін бір малыңның басын жеп, ренжімей аттан. - Сол кезде қойды үй алдына иіріп болған Серік те үйге кірген. Атам оған қарап: - Балам-ей, жүрші мал әкелейік, - деді үйден шығып бара жатып. Келіннің келісімін сұраған жоқ.

Серік үйге кіргенде, менің де көзімнің добалдай болғанын көргенде, не дерін білмей состиып тұрды да қалды. «Не келсе де осы үйдегі үлкен-кішінің бәрін жылатып, мұңайтқан кесір осы сұлу келіншектен келді-ау» дегендей, ол қонаққа қарай береді. Бір кезде шыдай алмаса керек:

- Өй, сендерге не болған түгел? Айтшы-ей, Ақтан, не болды? - деді. Қылқа мойыннан қылқындыра ұстағандай жауабын алмай тынар емес. Бетіне қарадым да, әдейі китыға жауап бердім:

- Өлген ағамыз тіріліп келіпті. Соған қуанғаннан бәріміз осылай еңіреп, жылап жүрміз...

- Қойшы-ей, рас па? - Қыр соңымнан калмай өзіммен бірге сыртқа шыққан жазықсыз Серікті итеріп қалдым да, сайдағы өзенге қарай жүгіре жөнелдім.

Еш нәрсені түсінбеген күйінде Серік сол орнында қалып қойды. Өзен жағасына келген соң бірдеңе ойладым десем артық болар, әйтеуір, судың сылдырын естіп, бейжай біраз отырдым.

- Ақтанжан, жүре гой, құлыным, шайың суып калады. - Тағы да апам байғұс кой, бәйек болып жүрген. Үйге келген соң да оның қаймағын да, бауырсағын да «іш, же» деп маған үсті-үстіне тықпалауы бір түрлі қызық көрінді. Жәмилаға көз ғып, әдейі айтып отырғандай.

Іңірде әңгіме қызған жок, оны-пұны, ел-жұрттың, ағайынның-туғанның аман-саулығын сұраудан артпады. Тамақ жеп болған соң күндегі әдетімізше Серік пен апам үшеуіміз бір жаттық. Атам түнгі қой күзетіне шықты.

Таңертең ерте тұрғанда, Жәмила да, олар мінген машина да ізім-ғайып жоғалыпты. Қашан кетті, қалай кетті, мен жайлы тағы қандай байламға келді, оның бәрінен бейхабар күйде қала бердік.

Неге екенін қайдам, менің шешем деп аталатын сол бір Жәмила деген қонақ келіп кеткен соң көп жаркылдап күлуге, ойнауға зауқым соқпай қалғандай.

Ақтан-ей, неге үндемейтін болып кеткенсің? - дейді Серік. Қайдан білсін, ол шіркін, менің ойсоқты болып жүргенімді. «А дегенде апамның аузынан түсе қалғанмын» деп жүрген кезде, сол кісінің шешен емес, жай ғана асырап өсірген өгей шеше екенін білген кезде кімде кім-ақ ойсоқты болар. Бірақ атам мен апамның алдына барған кезде бұрынғыдай ақжарқын, күліп-ойнап жүруге тырысып бағамын. Дегенмен менің бұрынғы Ақтан емес екенімді апам да, атам да сезіп жүргендей. Өздері де кінәлы болған адам сияқты бір түрлі төменшіктей бере ме, қалай? Атамның ара-тұра әке болып «әй» дейтіні болушы еді, онысын да ұмытқандай. Екеуі бұрынғыдан көбірек еркелетіп, Серіктен аққұла бөлек қастерлейтінді шығарыпты. Неге екенін қайдам, осы мінездері туған шешесіне кетіп қалмасын деп маған әдейі жағымсығандай көрінеді. Мүмкін, бұрын қандай болса олар қазір де сондай шығар, олардың маған деген ықыластары, бәлкім, өзіме солай көрінген болар. Әлде өзім солай, басқаша қабылдайтын кеселге ұшырадым ба, ол тағы беймәлім. Менің көкейіме әлдебір қияс пиғылдың ұялағанын атам сезеді білем, бір күні қойды екеуіміз жайып шыққанда әңгіменің ашығына көшті. Бүгін Серікті неге үйде қалдырып, оның орнына өзінің менімен бірге қой жая шыққан себебін енді ұққандаймын.

- Балам, кел, қасыма отыр, - деген ол бір жотаның басына шығып жайласып болған соң. Қашандағы әдетімен әңгімелесетін кісінің, яғни менің бетіме емес, онсыз да бырдай боп жайылып жатқан отар жақтан назарын аудармайды. Әлденені есіне түсіргендей сәл үнсіз отырды да, сөзін бастады.

- Бала кезімізде Сейдін екеуіміз Серік екеуің сияқты осылай кой жайып жүруші едік... О, дүние деген! Опасы аз, озбыр екен ғой. Сөйткен Сейдіннен айырылғалы да қанша рет қар еріп, қанша рет жер көгерді... Міне, енді сол Сейдінімнің көзіндей болып қасымда сен отырсың. Оған да шүкір! «Басы қараның бары игі» деген осы... Қайт былай, кемелек келгір! Арам қатқыр, осы бір қара ешкі тым саяқ. Қайда асығып безектеп барады екен сонда?!

Беткейде шашылған ақ тастай болып жайылған қойдан бөлініп, лағын ертіп алып, қыр асып бара жатқан қара ешкі атамның үйреншікті айғайының дәл өзіне бағышталғанына әлі сене алмай тұрғандай мойнын бұрып, бізге қарады. Атам айтар әңгіме тағы да өзіме қарай ағысты арнасын бұрғанын сезгенде-ақ қара ешкі тоқтамай қыр асса деп едім. Соны қайыруды сылтауратып әңгімеден қашқақтағым келген. Жәмила келіп кеткелі бергі мінезімнің өзгерісін бетіме басар деп қауіптендім бе, әлде осы бір мені жандүниемді айран-асыр еткен мәселеге қайта оралуын қаламадым ба, әйтеуір, тым болмағанда екі-үш минутқа болса да бой тасалағым келгендей. Бірақ, арам қатқыр, қара ешкі атам енді бір айғайлағанда арғы жағынан қасқыр шыға келгендей қойға қарай қайта безектеді. Атам да мені құтқармайтын сыңай танытып, ұшатын бүркіттей қомданып отыр.

- Балам, анау күні де жай-жапсарды естідің. Естімеген кей жайларды айтсам деп едім. Азамат болдың ғой, көкірегіңе түйе жүрерсің...

Бір әке, бір шешеден арыстай-арыстай алты ұл туған екенбіз. Содан қалған Сейдін - екеуіміз ғана. Әке-шеше, бірге туған аға-інілерден ерте айырылсақ та, Сейдінге жетімдік көрсеткеніміз жоқ. Ол да осы жаман шешенді жеңге демей «әпеке» деп еркелейтін. Мен отау тігіп, үй болғанда, Сейдінжан он жаста ғана еді. Қатарының алды болды, бетінен қағып, меселін қайтармаушы едік. «Әкеміздің атын шығарар сен шығарсың, оқи бер» дейтінмін. Қарсы келмеді, ішкертін барып, ірі оқуды бітірді. Шешең екеуіміз ат шаптырып, той жасадық. «Жаман Зейтіннің інісі үлкен оқу бітіріп, мұғалім болып келіпті» дегенді жұрт айтқан сайын көкірегімді қуаныш кернеуші еді. Келер жылы осы Жәмила... сенің шешең босағамызды аттады.

- Ол менің шешем емес! - Атамды тағы бір қуандыру үшін болса керек, жол ортадан киіп кеттім. Менің сөзімнің шындықтан гөрі жалғандыққа жуық, жүректен шықпағанын сезіп қалды ма, немесе әңгімесін бөлгенімді ұнатпады ма, атам бетіме жаратпағандай сыңаймен жанар тастады. Мен, әрине, жым болдым, ол сөзін жалғастырды.

- Иә, сенің анаңа үйлендірдік. Екеуінің бірлесіп татар қызықтары аз екен. Үйленгендеріне жыл болмай жатып, қу соғыс киіп кетті. Екі әйелді орнымызға қалдырып, ағайынды екеуіміз қан майданға аттандық. Бірге тумак болғанмен, бірге жүрмек болмайды екен. Ел шетінен шыға бере-ақ бөлініп едік, тіршілік соқпағының да қайта қиылыспас айрығы сол екен... қайта көрісе алмадық. Ажалым болмады ма, әлде Серік екеуіңнің осы біртіршіліктерің үшін жаратушым әдейі аман қалдырды ма, әйтеуір алғашқы ұрыста-ақ бір аяқты садақаға сонда қалдырып, елге оралдым. Менен бұрын

Сейдінімнің қара қағазы жетіпті елге. Халқы үшін қайырылмай кеткен арыстардың қатарында кете барды. Ол кеткенмен соңындағы тұяғы сен қалдың. Екі ошақтың ортақ қуанышы болған, жалғыз алданышы сені апаң сорлы жалғыз көйлегін жаялық қып, алғашқы күн-ақ бауырына басқан. Бекер обалы қане, Жәмила да жер ортасы Көктөбеге келсек те, ортамыздан сәбидің іңгәсі естілмеген апаң екеуіміздің қолымызды қаққан жоқ. Ана ықыласы деген бөлек екен ғой, апаң байғұс сені бауырына қысқан соң-ақ қайта түлеп, жасара түскендей еді. Тас емшегі жібіп, сені өзі емізіп еді. Жәмила жазғанның сені біздің бауырымызға салғанымызға қарсы болмағаны, екеуімізге адамгершілік жасағаны ғой деп біз оған риза болдық. Сен қырқыңнан шығып, қарын шашыңды алу тойыңнан кейін-ақ кемпір екеуіміз келімізді ортаға алып, оған ризалығымызды білдірдік. «Қарағым, өлгеннің артынан өлмек жоқ, әлі де көрер қызығың алдында, уылжып тұрған шағың. Орныңды тапсаң, қарсы емеспіз» дестік. «Ешқайда да кетпеймін, осы босағада, Сейдіннің өзін не оның өлгенін көрген адамның келуін күтемін, қуманыңдар» деп жылағанда етегі жаска толды. Онысына да риза болдық. Бірақ адам азғырды ма, әлде шайтан азғырды ма, сен жаска толған шақта көрші ауылдың бір адамының етегінен ұстады... Аман-сау, балалы-шағалы дегенді естуші едік, ата-енем боп ақ босағасын ақ пейілдерімен аттатқан адамдар бар еді, бауырыма басып, балам демесем де, тұла бойым тұңғышым артымда қалып еді деп іздеп ол келмеді. Қанат-күйрығымдай болған жалғыз Сейдінімнің қосағы еді, одан қалған тұяқтың анасы еді деп іздеп біз бармадық. - Бәлкім, өзгеге қимас келіміздің басқа бір үйдің отын жаққанына пендеге тән қызғаныш дейтін қызыл ит жолымызды кес-кестеген шығар, бәлкім, күйттайыңнан тұмсығыңнан сыпырып алған сені тартып алар деген үрей болар, қанша оқталсам да, бір барып қайтуға менің де тәуекелім жетпеген...

- — Ата, қой өріп барады, - дедім мынау жанды жегідей жеген әңгіменің соңы көріне қоймаған соң. Бірақ атам орнынан қозғалар сыңай танытпады.

- Өй, танауыңнан айналайын сол, қой өрсе, ауылға беттейді де, қайда барушы еді?! - деп, айдау жердей тілім- тілім алақанымен басымды сипайды. Құлағым атамда болғанымен екі көзім үй жақта, жасыл дөңнің үстіндегі қараша үйіміздің шаңырағынан ұшқан түтін тымық, желсіз күнде жер бауырлап, қой қорадан аса бере көгілдірленіп, сүйретіліп жерде жатыр. Серік апамның «алып кел, барып келінен» шаршаса керек, есік алдына шығып, біраз ойланып тұрды да, бізге қарай төтелей салды. Қараған- бұтадан секіріп, арындап келеді. «Жылдамырақ жетсе екен» деп тілеймін. «Мынау шеті-шегі жоқ, ұзын-сонар әңгімеден арашалар еді». Бірақ атам айтқандай, «тентек неме» сайға түсті де, жым-жылас көрінбей кетті.

Көртышқанның ініне су құйып жүр ме, әлде кесірткенің құйыршығын таяқпен басып ызаландырып ойнап кетті ме, кім білген ол шіркінді. Атам шеттеп бара жатқан кара ешкіні тағы бір дүркін айғайлап қайырып алды да, әңгімесін сабақтады.

- Содан сағынысып табысқан түрімізді көрдің, балам. Құндағында жатқанда қарамай кетіп еді, қатарға қосылып адам болған шағында емшегі

үзіліп, аңсап жетіпті. Ол жазғанды да кінәлаудан аулақпын. Кемпір екеуіміз оның бұл келісін қаншалықты құп көрмей отырсақ та, сені дүниеге әкелген анаң ғой. Қазір құшағы құр емес десек те, тұла бойы тұңғышын, мына сені ұмыта алмаған, қимаған шығар. Ол қимаған, біз қиналған осындай бір шақтың туғаны рас. - Атамның үнінде мен үшін аңғару қиындау ерекше бір астар жатқанын сезіндім. Әйтеуір, Жәмиланы жаратпайтынын оңай сезуге болар еді. Мүмкін, бұрын жақсы көрсе көрген шығар, бәлкім, мені бір жасқа толар-толмаста тастап кеткені үшін, әйтеуір, Жәмилаға деген үлкен өкпенің бары айдан анық.

- Өткен жолы айтқаным - айтқан. Сен барамын десең, балам, біз қарсы болмаймыз. «Асырадық, жеткіздік» дегеніміз кімге уәж болар?! Ол келіп, кеткелі бері сенің де ойсоқты болып жүрген сыңайыңды байқаймын. Арылғанымыз жақсы, балам. «Баласы атпен шапса, үйде отырған шешесі тақымын қысар» деген, сенің қабағыңды сәл шытқаның біздің қабырғамызды қайыстырады. Майыспасын, қайыспасын десең, сарсаң қылмай өз көкірегіңнің шешімін айт. Адамнан да, Алладан да жасырмағанмын сенің Сейдіннің көзі екеніңді. Мектебіңе алғаш барғанда әдейілеп тұрып, фамилияңды Сейдінов деп жаздырғанда да осыны ойлағанмын...

Сол кезде сайға түсіп, көрінбей кеткен Серіктің доп-домалақ басы бергі белегірден қылт ете қалды. Мен сол сәтте құтқарушы-жебеушімді, дәл осындай қысылған шағымда қол ұшын беруші сүйенішімді көргендей қуандым.

Ата, мен - сенің балаңмын! - Неге олай дедім? Дәл соңғы кезде көкірегіме сыздықтай кірген ой басқаша еді ғой? Білмеймін. Бар білетінім, осы бір сөздің дәл бұрынғыдай мөлдір еместігі, атама қалай естілгенін қайдам, өзіме анық еді. Орнымнан жедел тұра бастағанмын. «Отыр» дей ме деп ойлап едім, ештеңе демеді. Бүгілмейтін жасанды аяғын жерге көлбете тіреп, ол да қозғала бастады. Тұруына көмектестім де, таяқ тастам жерде жайылып тұрған Ақжалды жетелеп әкеп бердім. Бүгінгі Сандықтас түбіне арнайы қой жая шығу кезіндегі ресми әңгімеден кейін ол өзін зіл басқан ойынан арыла алды ма, ол жағы маған беймәлім, әйтеуір, ойда жоқта басталған кеңестің бейбіт, аса бір түсініскен жағдайда аяқталғанына өзім де әбден риза едім.

Атам мен апам бөгде ойларынан арылғандарымен, мен шіркіннің көкейіме бір әзәзіл ниеттің түскені рас екен. «Өй, мені таба салып, емізбеген сол Жәмилаң апамнан садағасы кетсін, ол маған шеше болушы ма еді?!» деп, өзімді-өзім қанша кайрасам да: «Дегенмен, қолына барып, біраз тұрар ма еді, кісінің өз шешесі дегеннің күтімі де, көзқарасы да бөлек болатын шығар, ондағы бауырларым мен қарындастарым қандай екен, мені Серік сияқты «Актан» демей «аға» деп атар, бәлкім?» сынды көп сауалдар шақшадай басымды жайлап алып, бір босатпайтын болды. Ақыры осынау сауал дендеп, мені атам мен апамды қайтып көре алмастай масқара күйге душар етіп тынды. Адамның ақ жолына түсуі қандай қиын болса, одан тайып кету сонша оңай екен ғой.

* * *

Жазғы демалыс аяқталып, Серік екеуіміз интернатқа келгенімізге бір жеті өтті ме, өтпеді ме таңертең сабаққа даярланып отырсам бір бала келіп:

- Ақтан-ей, есік алдына сені біреу шақырып тұр, - дейді. Тіпті келген кісінің кім екендігін ойлауға да ерінгендей керенау басып, тысқа шықсам... Жәмила! Бұрынғыдай «Бұл кім еді?» дегендей үдірейгем жоқ. Жылы ұшырай қараған жанарында да маған деген ерекше бір ықыластың бары байқалады. Бұрын бір-ақ рет көрсем де, дөп-дөңгелек қой көзі, қыр мұрыны, сүп-сүйір иегі, жалпы әдемі келбеті - бәрі-бәрі де жадымда суреттей қалып қойыпты.

- Келе ғой, қарағым. - Ол менің сол пікірімнің дұрыстығын дәлелдейін дегендей интернаттың алдындағы ұзын орындықта отырған күйі қос қанатын жайды. Әрине, құшағына барып қойып кеткенім жоқ, бірақ бұрынғыдай кібірткітпей еркін басып, қасына бардым. Ол қысылып-қымтырылмай-ақ мені өзіне тартып алды да, бетімнен, көзімнен шөпілдетіп сүйе берді. Әлдекім қуып келе жатқандай ентіге дем алып, құшырлана сүйгенімен, бұрынғыдай ағыл-тегіл жылаған жоқ. Тек:

- Құлыным, қоңыр қозым, асылымның, арманымның сарқыты, - деп бір сөзін кайталай береді. Туған апамның, өзімді дүниеге әкелген шешемнің әкемнен өлідей, менен тірідей айырылған мынау күйін ойлап, көзім боталады. Кеудесіне басымды салып тұрып, апамды ойладым. Ол кісінің де дәл осындай танау қытықтар бір жағымды иісі болатын. Осы уақытқа дейін Серік екеуіміз апамның екі жағына жатып алып, кеудесін иіскеп ұйықтайтынбыз. Интернатқа келген бетте бір-екі күн бойы қасымда апам болмаған соң, алаңдап ұйықтай алмай мазам кететін. Қазір де сол сағынған адамымның қолтығында тұрғандай күйдемін.

Бір кезде ғана ол сүюін қойып, бетіме тесіле қарады.

- Құлыным, сені интернаттың қара нанына қамағанша, үйге алып кетейін деп келдім. - Оған не дейсің дегендей сұраулы жүзбен бетіме үңілді.

- Атам мен апам ренжитін шығар. - Өзімнің де ойымда біраздан бері жүрген мәселеге бетпе-бет ұшыраса кеткен соң ба, даусым тым бәсеңдеу, шарасыздау естілді. «Атам мен апам болмаса, кете беруге еш бөгет жоқ» дегенді бірден-ақ сездіріп қойғандаймын.

- Оларға жауабымды өзім беремін. Тіпті жазғы демалысында соларға-ақ барарсың. Сөйте ғой, жаным. – Ол менің көмейімнің бостау екендігін сезген бойда-ақ жауабымды күтпестен бар еркімді өзі билеп-төстеп жөнелді.

- Жақында оларға тағы да барғанмын. «Жазда жіберіп гүрсаң болады» деп екеуі де қарсы болған жоқ. «Шын айтып тұрсың ба, шынымен-ақ атам, өсіресе апам мені ала бер деді ме?» Оның бетіне сұраулы жүзбен қарадым. «Егер олай десе, екеуіне менің де қадірім кете бастаған екен ғой». Атам мен апамның мынау «опасыздықтары» жүрегімді қан жылатты. Әйтеуір, мен ес білгелі бері екеуінің де «Құлыным, құлдығым» десіп, жайылып төсек, жатып жастық болатын ықылас-ілтисаттарының бәрі де қалған, алдамшы болып көрінді. «Ендеше, өздерінен туған, тұла бойы тұңғыштары әрі сүт кенжелері Серіктерін-ақ «Құлыным» деп, құлдық ұра берсін! Кер аттарын да сол ұлдарына-ақ басы бүтін бере берсін. - Осындай сұмдық, тасбауыр шешім басымда атой салып, бой көтерді. Бірақ оны шешеме білдіріп, сыртқа

шығарғаным жоқ. Шығармағаным - әлі де біраз жалындырып, қадірімді арттыра түсу.

- Жарығым, ойлана беретін ештеңе жоқ, күні ертең-ақ жазғы демалыста атаң мен апана барып тұрасың. Жаңа ана мектебіңнің директорына да барып сөйлестім. Сейдіннің жан жолдасы, көз көрген адам емес пе, атаң мен апанның рұқсатын естіген соң, қарсы болған жоқ. «Тек баланың өзі келіссе қарсы емеспін» деп отыр.

Осы сөзбен-ақ әңгіменің біраз түйіні шешіліп қалып еді. Әрі қарай жетекке жүрмейтін түйе сияқты тағандап тұрып алудың жөні жоқ деп шештім.

Әкемнің жан досы болған директор ағамыз да менің: Ие, барамын!» деген жалғыз ауыз сөзімді естіген соң қарсы дау айтып, қажаған жоқ. Қағаздарыма қол қойып:

- Ал, Ақтан, ол мектепке барғанда да жақсы оқитын бол, жарай ма?! - деп арқамнан қақты.

- Жарайды, - деймін мен де «ол қолдан келіп тұрған шаруа» дегендей. Директордың кабинетінен көңілді шықсам да, Серік оқитын маңдайшасында «IV^a» дейтін жазуы бар есіктің жанынан өтіп бара жатқанда, әлде бір сезім жүрегімді тұрған орнынан жұлқып-жұлқып жібергендей, жаңа ғана жалт еткен белгісіз қуаныш, жым-жылас жоғалып сала берді.

Атам мен апамның менің Жәмилаға кете беруіме рұқсат берулері қандай опасыздық болса, өзімнің де Серіктайыма, есімді жиғаннан бермен қарай қасымнан екі елі қалып көрмеген, айтқанымға көніп, айдағаныма жүріп келген жалғыз ініме жасап бара жатқан опасыздығымның да сондай екенін біліп тұрмын. Өзін сыныптан шақырып алып, күн иісі аңқыған қоңырқай шашын емірене иіскеп тұрып, ботадай боздап жылағым келді. Бірақ оған не дермін? Не деп жал, не деп сылтау айтпақпын? «Мен өз шешеме бара жатырмын, сау болып тұр!» демекпін бе? Жоқ, онан да үн-түнсіз, суға лақтырған тастай шым батып жоғалуым қажет.

- Ақтанжан, не болды саған? - Байланған бұзаудай көк есіктің жанында тұрып қалған мені көріп, Жәмила қасыма қайта келді. Қолымен иығымнан қапсыра құшақтап, бауырына тартты. Неге қиналып тұрғанымды сезсе керек:

- Жарайды, оған ештеңе демей-ақ қой. Тағы да жылап-еңіреп, мазанды алар. - Сөйткенше құлағымға әбден сіңісті болған қоңыраудың жанға жайлы үні шылдырлап қоя берді. Сәл кідірsem, Серікпен ұшырасып қаларымды сезгендей тысқа қарай ытқи жөнелдім. Сыныптардың есігі айқара ашылып, былтырғы, алдыңғы жылғы өзіміз сияқты өңшен ұсақ балалар мұғалімдерінің ізін баса сыртқа қарай лап қойды. Отарға жамыраған қозылар сияқты азан-қазан. Көп қозының ішіндегі жалғыз марқадай мен тысқа қарай жүгіріп келемін, қос жанарым бұлдырланып, ыстық жас бетіме тамды. «Көріп қалмаса екен, көріп қалмаса екен». Бар тілегім — осы.

Интернаттың ішіне бұлаудай болған көзіммен кіруге болмайтындығын сезген соң, арықтағы суға келіп жуындым. Өзіме өзім келіп дұрысталған соң,

бірге оқитын қыздардың бөлмесіне кіруім қажет. Қалайда бір көруім шарт. Бұл мектепте өзім ерекше жақсы көретін екі адамның бірі - Серігім болса, оның бетіне қарауға дәтім шыдамай безіп бара жатқаным мынау; ал екіншісін - Қағазды бір көрмей кетпеуге белді бекем буып отырмын. Әрине, мен хабарласпай кетті-ау деп оның қабырғасы қайыспасы анық, тек өз көңілімнің жұбанышы үшін бір көріп қайтуым қажет.

«Соншалықты ол кімнің шікірәсі?» дерсіздер, айтайын.

Ол былтыр көктемде бізге басқа мектептен ауысып келген қыз. Бұрын сыныбымдағы қол астыма қарайтын көген көздердің қай-қайсысын болсын, «сен ұлсың, сен қызсың» деп кім жіктеп көрген. Мен үшін бәрі де бірдей ысқырып өргізіп, ысқырып жусататын бағыныштыларым ғана болатын...

Иә, былтырғы көктем. Таңертең сыныпқа ерте келсем, мұнтаздай болып киінген, әп-әдемі қуыршақтай қыз отыр. Оқушылардың ешқайсысы әлі келе қоймапты. Алғашында оның бізбен бірге оқитындығын ойламасам керек:

- Мұнда неғып отырған қызсың? - деппін түйеден түскендей ғып. Оның ақ сары жүзі сәл қызарғандай болды да, бетіме күле карады.

- Өзің осында оқисың ба? - деді ол қарсы сұрақ қойып.

- Иә, осында оқимын.

- Мен де сендермен бірге оқитын боламын. Бұрын Көксудағы мектепте оқығанмын. Әкем келісіп, осындағы интернатқа орналастырды.

«Өзі үлкен кісі сияқты байсалды сөйлейді екен, сірә, жақсы оқитын қызсың-ау» деген ой келуі мұң екен, пысыксып күнделігін сұраппын ғой. Нашар оқыса, сыныбымызға алдырмай қоятындай бастықтығым есіме түсіп кетсе керек.

Шындығында күнделігінің қай бетін ашып карасам да, кілең «бестіктер» сап түзеген сарбаздар сияқты тізіліп тұр екен.

- Иә, мұндай күнделікті кімге болсын қысылып-қымтырылмай көрсетуге болады, - дедім нығызданып. Әй-шәй жок бірден «тексеру шаруасына» кіріскен өзімнің артықтау пысықтығымды жуып-шаю үшін:

- «Күнделігімді неғып тексеріп жатыр?» деп ойлауың мүмкін ғой. Осында класком едім... - дедім мүдіріңкіреп. - Айтпақшы, танысып қоялық. Мен - Аңтанмын.

- Қағаз болады.

- Ұмытылмайтын, бір түрлі қызық есім екен.

Тағы не деп былықтырарымды кім білсін, әйтеуір, сол кезде алак-жұлак етіп, сыныпқа Сайран кіріп, әңгімемізді үзді.

– Бұл - Қағаз дейтін қыз. Бізбен бірге оқитын болады. Ал мынау - Сайран, - дедім мен де тегін класком болып жүрмегенімді білдірейін дегендей барынша салмақты сөйлеп. Өзімше мәдениет жағынан кемеліне келген кісінің қылығын көрсетіп, ыздиган түрім.

Сынып жетекшіміз, сәтін салғанда, Қағазды менің жаныма әкеліп отырғызсын. Содан бері, мінеки, жұбымыз жазылып көрген емес. Неге екенін қайдам, сыныбымызға ол келгелі менің де мінезіме көп өзгеріс енгенін

байкаймын. Қысқасы, Қағаздың мен туралы түсінігі дұрыс болуы үшін барымды саламын. Сабакка тыңғылықты даярланып, әйтеуір, осы қыздан бір елі де қалмауға тырысамын. Таза киініп, дұрыс жүру мәселесін де Қағаз келгелі түбегейлі кқолға алғаным рас. Жасырып қайтейін, күн сайын, сағат сайын өзін көре бергім келеді, көре бергім келеді.

Ақыры бар сырымды сіздерден жасырмай айтып отырған соң, «жан баласы білмесе екен» дейтін ең бір жасырған алтын көмбесіндей жан сырымды да сіздерден жасырмай-ақ қояйын... Иә, мен оған ғашық едім! Бұрын ой- лайтынмын: ғашық-мұшықтық сокқан дауыл сияқты уақыты жеткенде ойда жоқта келіп жабысады. Тура дерт сияқты... Әрине, өскен соң... Бір күні ай десе - аузы, күн десе көзі бар бір ару жолықпак... Сол сәтте екеуіміз де ғашықтықтан талып жығылуға тиістіміз. Сұмдық кедергі, қиындықтарды көрген соң үйленіп, мұратымызға жетпекпіз. Ал мынандай ғашық-мұшықтықты қанша мойындамайын, өзімнің ойда жоқта ұшырасар аруымды тосайын десем де, жаңағы «арман аруымның» Қағаз болып елестейтіні қызық.

Сөйткен Қағазымды көрмей, сыртынан саулық тілеп, кете беру жо-жок, менің қолымнан келмейтін шаруа.

Әрине, ойым онға, санам санға бөлініп тұрған осындай қиын шақта Қағаздардың есігін қағу мен үшін оңай болған жоқ. Есікті ашқан Сәлима есімді қыз, баяғысындай жайраңдап:

- Ә, Ақтан, сен екенсің ғой, кел-кел, - деп бәйек болып жүр.
- Қағазды шақырып жіберші! - Үнім бір түрлі кырылдап-сырылдап, құмығып әрең шықты.

Бөлмеден шыққан Қағаздың екі көзі менде. Сірә, түр- түсім келіспей тұрса керек. Ештеңе сездірмеу үшін ыржиып күлген болдым.

- Не болды, Ақтан? Ауырып қалған жоқсың ба? - дейді ол бетіме сол күдіктене қараған күйі.

- Жо-жок, - деп сасқалақтадым. Не үшін келгенімді алдын ала ойланып алсамшы. Аузыма келген алғашқы сылтауды айтып қалдым. - Дәптерім бітіп қалыпты. Болса, тор көздісінен біреу бере тұршы.

Қағаз «Өз бөлмелеріндегі балалардан да бір дәптер табылмағаны ма?» дегендей маған таңдана қараған күйі лып етіп барып, дәптер әкеліп берді. Бұдан кейін кідірудің еш жөні жоқ еді. Сүйретіліп, бұрыла беріп:

- Ал, жаксы, сау бол, Қағаз-ым! - деппін. Бәрібір менде бүгін үлкен өзгерістің барын сезген, бірақ оның қандай өзгеріс екенін аңдай алмаған және менің бұрын-соңды айтып көрмеген «Қағазым» деп коштасуымның мәнін мүлде түсінбеген қыз сол орнында аң-таң болып қала берді. Соңыма қарағаным жоқ. Қарасам жылап жіберуім мүмкін еді.

Айдың-күннің аманында мені жоғалтып алған Жәмила біздің бөлменің алдында тұр екен. Бірдеңе деді-ау деймін, естігенім жоқ. Жанынан жүгіріп өте шықтым да, жинаулы тұрған кереуетіме аунай кеттім. Қолка-жүрегім аузыма келіп лықсығандай өз үніме өзім тұншығып, ышқына өксимін. Мектебіммен, интернатыммен, балалармен, Серігіммен, Қағазыммен

коштасқан, соларды кимаған түрім. Бәрібір бұл шешімнен енді қайтудың жолы мүлде жоқ еді...

Қоя ғой, жаным! - Жәмила ғой, соңымнан ілесе кірген. Менің жайымды түсініп отырған сияқты. Басымнан сипайды. «Бәрі де сенен келген кесір» дегендей жастықты езгілеп, басымды көтермеймін. Мынау жатқан өз төсегім, мынау бөлме, интернат, тіпті өзім белгілі бір белсендісі болып жүрген анау мектеп - бәрі-бәріне де мен бұдан былай бөгдемін. Тек Қағаз бен Серікті ғана кимай тұрған шығармын деп ойлағанмын, сөйтсем осы жермен, осы ауылмен біте кайнасып кеткендей екенмін. Алып- ұшпа алғашқы көңілмен «барамын» деп келіскенмен, жеме-жемге келгенде басқа үй, басқа жерге кетудің оңай шаруа емес екеніне қазір ғана көзім жеткендей. Менің тағдырым дәл осылай әрі оңай, әрі тез шешіле қалар деп ойлаппын ба?! Әкем Сейдіннің жан досы болған директор ағай да өзі басқарып отырған мектебінде таңдаулы оқушыларының бірін еш қарсыласпай, дау айтпай: «Ал, жолың болсын!» деп сауырдан сипап, қоя беруі де дәл қазіргі сәтте көңілді қарайтқандай. Жаман-жаксы болсын, бес жыл бірге оқыған достарым да менің орталарынан бөліне ұшқан қаздай бөлек кетіп бара жатқанымнан әлі бейхабар. Мен интернатқа келген сәтте достарымның да бөлмеде жоқтығы бір есептен, дұрыс болды. «Қайда, неге?» сияқты көп сауалдың астында қалғанша көрінбей, қарамды батырып, кұрығаным дұрыс. Солдаттарын тастап, жалғыз өзі қашқан командирден дәл осы сәтте еш айырмашылығы жоқ еді. Өйткені міне бесінші жылдың жүзі жаманды-жақсылы бір сыныптағы жиырмадан астам оқушыны жұмсам жұмырығымда, ашсам алаканымда ұстап келген класком едім. Енді міне, соның бәрі де қас қағымдай уақыт ішінде әдіре қалды. Қандай жиналыс болса да, менің басшылық қызметімнің кемшілігін асырып, жетістігін жасырып, бақталас болып жүретін Қайранбай кетік еді, енді билік тізгінін қолына алып, бір жырғап қалсын... Егер оның қолына бере қойса...

Жастығымды бауырыма алып езгілеп, әлі жылап жатырмын. Басым түрлі-түрлі ойларды туындатып шығара беретін шеберхана сияқты. Аз уақыттың ішінде бәрі де көз алдымнан қаздай тізіліп өтіп жатыр. Бәрін қойшы, көңілімнің қызығы, көзімнің қуанышы болған... бұл жарық дүниедегі жалғыз арманым Қағаз, Қағазжанымды қайтып қиып кете барамын?

- Қой, тұра ғой, кұлыным?! Осында жеткенше жаңа жантерім шықты. Ендігі жатысың мынау. - Ақырын бір қырындап көзімнің қиығын салып едім, Жәмила жымия күліп отыр екен. Әрине, менің төсегімді кұшып жылағаным емес, басқа бір жаққа безіп кетпей осында жатқаным үшін жымиғаны сөзсіз. Дәл осы кезде мені бар қызығымнан, бар қуанышымнан айырған туған анам деп аталатын Жәмиланы барынша жек көріп жатыр едім... «Е, алсаң ала ғой!» деп өзімді осы қатынға бере салған атам мен апамның қылығына қанша өкпелесем де, дәл қазіргі сәтте екеуін де ет-жүрегім езіле сағынып жатыр едім...

- Қой, жаным, таксиден кешігіп қалармыз, қағаз, ол-пұлдарыңды жинай ғой. Үйге ертерек жетейік.

Оның «үйге» деген сөзі «атаң мен апана жеткізейін» дегендей естілді. Бірақ «үй» дегеннің мүлде басқа, мен әлі аттап көрмеген бөгде босаға екенін

жан-тәніммен түйсінген сәтте шалғайда қойларын бағып жатқан әкешеншемді, иә-иә, әке-шешемді тіпті сағына түскендеймін. Болары болып, бояуы сіңген соң, айттың не, айтпадың не?! Амалсыздан орнымнан тұрып, жолға жиналуға кірістім. Жәмила да менің көңіл күйімнің осынша бұзылуының мүлде артық екендігін, бала деген интернаттың қара нанынан құтылып, туған шешесінің қолына бара жатқанда қуануы қажет екенін дәлелдей жүріп, маған көмектесе бастады. Сол кезде артынан қабаған ит қуып келе жатқандай біздің сыныптағы жапалақ көз, адыраң мінез Сайран бөлмеге кірген. Футбол ма, волейбол ма, әйтеуір бір допты қуалап келгені айқын, ағыл-тегіл терлепті. Пора-пора болып тұр.

- Сен қайда жүрсің-ей, бағанадан? - Жолында түйе тұрса да басып кетердей адыраңдаған күйі қасымнан жанай өте берді. Бөлмеде бөтен біреудің тұрғанын жаңа байқағандай, Жәмилаға бұрылып:

- Сәлеметсіз бе, апай? - деп өзінше ізеттілік көрсетті. Кереуетінің астынан әлденені тоңқандап іздеп жүріп: «Алтыншы сыныбыңды бүгін әбден шөкелеттік» деп соңғы хабарды жеткізді. Бұл, әрине, маған айтқаны. Бірақ доптың бір түрінен бе, әлде күрестен бе, спорттың қай түрінен оларды қалай шөкелеткендерін де айтуға мұршасы келмей тысқа қарай атылды. Есіне енді түскендей есікті қайта ашып:

- Әй, болсайшы, - деп ескерту жасады да, зыта жөнелді. Өздерінен біржолата кетіп бара жатқанымды қайдан білсін?! Сыныбымызды былай қойғанда, мектептегі атақты алақұйынның бірі болса да, жаңа ғана кіріп-шыққан Сайранның өзі менің ең бір қимас адамымдай көрінді.

Менде жинастырып тауыса алмастай қайбір көп дүние бар? Кітап-қағаздарым мен киім-кешектерім - бәрі де былтыр атам алып берген үлкен кара чемоданның жұмырына жұқ болған жоқ. Сол кезде интернаттағы тәрбиешіміз Қалима апай да кірген.

- Есенсіз бе! - Ол ұрлығының үстінде ұсталған адамдай кипақтап тұрған Жәмилаға сәлемдесті де, маған бұрынғыдай емес, суық көзбен қарады.

- Сөйтіп, Сейдінов әбден қартайған атаң мен апанды жер соқтырып, тайып тұрайын дедің бе?! - Аздап мұрнынан сөйлейтін шегір көз осынау сары әйелдің бетің бар, жүзің бар демей, күлбілтелеуді білмей айтып салатын тік мінезінен интернаттағы басқа тәрбиешілерді қойғанда, директор ағай да қаймығатын. Тіпті өз билігіне қарасты балаларды ғана емес, бүкіл интернат балаларын сықса сөлін шығарардай қаталдығы үшін оны біз «Сары шаян» атап кеткенбіз. Сондықтан, оған қарсы дау айту - кара дауылдың өтіне қос тігумен бірдей. Уықтарыңды бытыр- бытыр сындырып, аударып тастау Сары шаян үшін жұмыс емес. Бірақ орынсыз соқтықпайды. Қашан да болса әділін айтып, қажет жерінде өзі талай қаһар тіккен балаларға мұғалімдер тарапынан төнген қауіп-қатер болса, қорғап қалар еді.

Өткен оқу жылы аяқталар шақта Сайран қу бір баланың мұрнын бұзып жіберіп, оны интернаттан шығару мәселесін біраз жұрт қолдағанда, осы апайымыз тұздай көзін әркімнің өңменіне қадап тұрып, сөйледі дейсің. Не

айтқаны нақты есімде жоқ, бірақ Сайранға да ұрса тұрып, тәрбиешілердің, мұғалімдердің өзіне тиіскен. Акыры: «Интернат - баланың өз үйі. Баласын қуалаған үй - өз үйі емес. Мен кез келген оқушыны үйінен қуып шығуға қарсымын. Жаман болса, жақсы болуының жолын табайық, сол үшін айлық алып отырмыз», — деп әңгімені тәмамдаған.

Сондай адамға қандай жал айта алармын. Тек оның сырынан бейхабар Жәмила ғана жаңағы сөзді көңіліне ауыр алды.

- Құрбым, о не дегеніңіз? Баланы туған анасынан бөлсін деген заң жоқ шығар. Директорыңызға дейін «жөн екен» деп отырғанда оныңыз не, тіпті. «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» дегендей! - Жәмиланың мінсіз сұлу жүзі ашуланған шақта мүлде өзгеріп кетеді екен. Менің ерніме аздап ұқсайтын онша қалыңға, онша жұқаға жатпайтын ерні дірілдеп, әдемі бидай өңінің кей тұсы көгеріңкі, кей тұсы қызарыңқы реңк береді екен. Мұндай сәттегі оның түсінің суықтығы да Қалима апайдан кем түспей ме деп қалдым.

- Мен сізді танымаймын да. Танымайтын кісіммен тәжікелесіп тұрар кісіңіз мен емеспін. Бірақ мұның анасы екеніңіздің бала азамат болып ержеткен кезде ғана есіңізге түскеніне таңғаламын. Ал мынау, ең ақылды, ең есті деген оқушымының бүгінгі алды-артына қарамай аттанысы менің жүрегімді қарайтып, көңілімді қалдырып тұр...

- Жүрегіңіз менің баламмен қарайып, менің баламмен ағармай-ақ қойсын! - Дәл осы жерге келгенде шыдамадым. Жәмилаға:

- Қойсаңызшы енді! - дедім де тысқа қарай жүгіре жөнелдім. Әрі қарай екі әйелдің жанжалды шаң-шұңдарын естіп тұруға арым жетпеді.

- Сейдінов, тоқта! - Қалима апай соңғы бұйрығын беріп еді, орындауға шамам келмеді. Естімеген болып, кете бердім.

Иә, бұдан кейін де менің бүгінгі шешімді өзгертуім мүмкін емес еді. Осы бетімде Жәмиланың үйіне біржола аттанып бара жатқанымды, мектебіме де, интернатыма да, ең бастысы атам мен апам да қайта оралуға бет калмағанын біржолата мойындап бара жаттым.

Мені тағы да басқа бір жаққа кетіп қалады десе керек, қара чемоданымды көтеріп, соңымнан Жәмила да шығыпты.

- Ақтан, былай қарай, - дейді ауылдың батыс жағындағы қара жолды нұсқап, - сол жақтан машина тосамыз.

Мен қорабы брезентпен жабылған «такси» деген жазуы бар жүк машинасына мінген соң ирек-ирек болып ағып жатқан өзенді сағалап салынған, тура сол өзен арнасы сияқты ирек-ирек көшесі бар ауылға, төрт жылдан аса уақыт шәкірттік өмірімнің ең бір қызық, ең бір қиын сәттерін өткізген, бір кезде атам мен апам үшін мектебі бар осындай мекеннің дүниеде барлығына өкініп, мұны көргім келмей бетіммен жер басқандай болатын, ал енді дәл қазіргі сәтте бар ғаламдағы ең қимас та ыстық ұядай көрінген аулыма жасты жанарыммен үңілемін. Өйткені, онда менің мектебім, мұғалімдерім, интернатым, достарым қалып бара жатыр. Онда менің Серігім, әлі күнге дейін менің әкесінің інісінің баласы екенімнен, апамнан емес, өзімді

алып бара жатқан мынау Жәмиладан туғанымнан бейхабар аңқау да ақ жүрек Серіктайым қалып барады...

«Ақтан қайда кеткен?» деп сабағынан келген бетте іздер-ау, жарығым. Сонан соң барып, мынау сұмдықты естір, ал содан соң... содан соң менің өзінің туған ағасы емес екенімді білер. Нағыз жүрегі қарайғанның көкесін сонда көрер. Мені мүлде жек көріп, атымды естісе, тыжыранып, аза бойы қаза болар.

Бұл ауылда менің... тіршілігімнің жалғыз қызығындай көрінер, күніне екі-үш дүркін көрмесем, тұра алмайтын менің тұңғыш сезімімді баураған Қағаз қалып барады. Өзін менің өліп-өшіп жақсы көріп жүргенімді әлі сезбейтін, тіпті күн сайын сабаққа барғанша шыдамай сабақты бірге қарауды сылтау етіп, бөлмесіне неше дүркін кіруімнің себебін де ойлап көрмеген Қағазым қалып барады. Бәлкім, сол білмеген қалпы қалғаны да дұрыс шығар...

Ал одан әрі ано-о-оу жорықтан шаршап келіп тыныстап жатқан батырдай болып көрінер көлбеген Сарытаудың арғы бетіндегі Желшиде өздерін тастап, туған шешесімен бірге алды-артына қарамай қашып бара жатқан Ақтандарының бүгінгі әрекетін білмеген қалыптарында атам мен апам қалып барады... қалып барады, бәрі де қалып барады...

Ойлы-қырды жолда селкілдеген машинамен бірге билеп, аулым көз ұшында ұзақ тұрып алды.

Үшінші тарау

Екпіндеп келген ауыр состав бірте-бірте жүрісін баяулатып, ыңқылдап-гүрсілдеп барып тоқтады. Біріне - бөренелер, біріне - кірпіш, біріне - әр түрлі темір-терсек тиеген вагондардың алды шағын станцияның бір шетіне шыкса, соңғылары шұбатылып, станцияның екінші шетінде жатыр. Менің сорыма қарай қыстың мынау қақаған қызыл шұнақ аязында пана болар-ау деген жабық вагонның бірі тым ілгерірек барып тоқтапты. Шанамды сүйреп, жүгірген күйімде келіп, тепкішекке шықтым да, есігін аштым. Абырой болғанда, құлып салынбаған екен. Ысырмалы үлкен есік шикылдап әрең ашылды. Не салынғанын кім білсін, дүмдей-дүмдей ағаш жөшіктер төбеге жеткенше тиеліпті де, дәл кіре берісте мен бір қап ұныммен, қол шанаммен емін-еркін сиярдай орын бар екен. Ендігі мәселе мынау, зіл батпан ұнды көтеріп, вагонға кіргізу керек. Жерге қарғып түсіп, шанамды рельске таман сүйреп, жақындаттым. Біреулердің көзіне түспей тұрғанда қалайда кіргізіп үлгіруім керек. Өйтпесе жол бойынан аластап, қуалап тастауы әбден мүмкін. Қатқак сірне қардың үстінде шанамен сүйреген кезде жеңіл сияқты көрінген бір қапшық ұнды көтеріп көрсем, қайда-а-а, қорғасын толтырып қойғандай, зіл батпан. Олай аунаттым, былай аунаттым, қара күпәйкемнің екі өңірін аппақ қып бояғаным болмаса, бұл қарекетімнен ештеңе өнетін түрі көрінбейді.

- Ей, бала, не істеп жатырсың? - Дәл төбемнен гүрзімен бір ұрса, дәл мұндай шошымаспын, ұнымды тастай беріп ытқып, таяқ тастам жерге барып, бір-ақ тоқтадым. Ес жинап, көз тоқтатсам, зәремді зәр түбіне кетірген үннің иесі сепсиген бес тал теке сакалы бар, бөкене бойлы шал екен. Қолында октаудай ғана жұмыр темірі бар. Тегі вагондардың доңғалақтарын тексеруші кісі болса керек, бетіме таңдана қарап, анқиып тұр.

- Ата, Ақбелге барайын деп едім... — Өзіміздің бұл күнде өтірікті айтып кеп қалғанда, бетіміз бұлк етпейтін болған. «Өтірік өрге баспайды» деседі ғой үлкендер. Қайдам, кейде менің өтіріктерім өз пайдама шешіліп жатады. Сондықтан орнымен айтылған, қисынды өтірік те кәдеге аса береді. Мысалы, дәл қазіргі сөзімдегі ойланбай айтқан өтірігім - Ақбелге барамын деуім. Ақбел - осы жерден кемі отыз шақырымдай қашықтағы кішігірім қалашық. Оған барлық жүк составтары тоқтамай өтпейді. Ал менің барар жерім әрі кетсе жеті-сегіз шақырым қашықтағы Бестерек бекеті. Оған жолаушылар поезын былай қойғанда, жүк поездарының ілуде бірі болмаса, пысқырып та қарамай зулап кете беруі мүмкін. Поезы тоқтамайтын Бестерекке барамын десем, мына қызыл көз шал тірісінде мінгізер ме? Мен қорыққанымды білдірмейін дегендей жеделдетіп, өтінішімді айттым. Қайтсем жағамын дегендей майдалап-ақ жатырмын.

- Ататай, мынау ұнымды салысып жіберіңізші. Көтере алмай жатқаным, - деймін елеусіз ғана, бар мәселе ұнды көтеруде ғана тұрғандай.

- Е, вагонға мінуге саған кім рұқсат берді? - Шалым есін енді жинағандай, сұрақтарын көбейтті. - Өзің не ғып жүрген баласың? Ақбелде нең бар еді? Барсаң жолаушылар поезымен-ақ бармаушы ма едің?

- Онда жалғыз апам екеуіміз ғана тұрамыз. - Екінші өтірігімді де ойланбай соғып жібердім. Шалдың жанашырлық сезімін оятып алмасам, мына түрінде көнетін ыңғайы көрінбейді. Көмектескені сол, қуып тастауы да ғажап емес. Осы кезде паровоз осыншама мол жүкті күндіз-түні сүйрей-сүйрей әбден қажығандай булығы шыңғырды. «Ал, жүрейік» деген белгісі екені анық. Мен үнімді бұзып, жыламсырай сөйледім. - Ататай, азық-түлігіміз таусылған соң Жайылымда тұратын жездеме келіп едім. Жолаушылар поезын тосуға уақытым жоқ, оның үстіне билетке ақшам да жетпейді.

Бұл жолғы дүрмек-дүрмегімен айтқан өтіріктерім кәдеге асып, шалдың «жалғыз апасын асырап жүрген мен сияқты еті тірі балаға» көңілі толды ма, әлде жаны ашып кетті ме, ол еңкейіп, қапты жерден көтере берді. Қарғадай шалың қарулы екен, «ауп» деп, бір қап ұнды вагонға дік еткізіп көтеріп қойды. Осы кезде, паровоздың алғашқы жұлқынынан кейін көп вагондар бір-бірін салдыр-гүлдір түйіп қалып, жұлқып қалып, орындарынан қозғала бастаған. Мен шананы вагонға атып ұрып, өзім де жармаса кеттім. Шал жолаушылап кетіп бара жатқан баласына ақыл айтқандай соңғы нұсқауларын берді:

- Ұйықтап қалып, Ақбелден асып кетіп жүрме. Тоңып каларсың, вагонның есігін жауып, ыққа отыр.

- Ракмет, ата!

Поезд жылдамдығын арттыра берді. Мен есігімді жауып жатып, бейтаныс шалға қарадым. Оқтау темірін ұстаған күйі қалбайып, жаңағы орнында әлі тұр. Жаңа ғана оны оңай алдағаным үшін кеудемде өткінші бір шаттық атойлағандай еді, енді өзіме жаңа ғана жанашырлық көрсеткен адамды алдағанымға өкіндім. Тіпті сарт-сұрт соққан доңғалақтардың дүрсіліне құлағын түріп жел өтінде қалбыып қалып бара жатқан түріне қарап, неге екенін қайдам, менің де оған жаным аши бастады. Мүмкін, алдағаным үшін. Мүмкін, оның баласы мен сияқты шалыс басып, шалғайда жүрген болар. Менің көз алдыма Зейтін атам елестеді. Шіркін-ай, дәл қазір ол да бір төбенің басына шығып алып, көзі алдында жатқан отарында болғанмен, ойы айдың-күннің аманында адасқан ұлын ойлап, дәл жаңағы шал сияқты қалбыып тұр ма екен?

Көңілімнің жайлауынан ел көшкендей болып, ішкі сарайым құлазып сала берді. Мынау доңғалақтары рельсті дамылсыз тепкілеумен бір сарынды әуенінен танбай келе жатқан қап-қараңғы вагон іші менің қазіргі тіршілігімнің тура көрінісіндей. Есіктің саңылауынан ба суық жел орай соғып, мазамды алып барады. «Қазір-ақ жетермін-ау дйттеген Бестерегіме. Бір амалын тауып, қараңғы вагоннан да түсіп, құтылармын-ау, бірақ, бірақ... бір кезде ақарлы-шақарлы бір әулеттің қазанына түскен асының бетін қалқып ішіп, түбін қарпыш жеп жүрген, оны қойғанда бір кластың маңдай алды оқушысы атанған атақты Актан, бұл күнде сол дәуірлеген дәуренімнің көзден

бұлбұл ұшқанын - бір әулеттің ішіндегі отырса опак, тұрса сопақ, бір кластың ең нашар, ең бұзық оқушысы атанған сорлы Ақтан бұл күнінен ол күңіңе қайырылар заманың болар ма?!» сияқты мынау есік саңылауынан соққан суық желден де ызғарлы ой миымды, бүкіл тұла бойымды қарып барады.

Бұл менің Бестерекке жасаған бірінші сапарым еместі... Екі-үш ұжымшардың ортасындағы жалғыз диірменнің тұтқасын ұстап тұрған өгей әкеміз Қарақожыр Қаржау бұл күнде анау-мынау ұжымшар бастықтарының сәлемін қиналып, ыңыранып, әрең алатын. Соның арқасында елдің баласы қуырған бидайды таба алмай жүргенде біз ақ тоқашты тоя жемесек те, аш болмаймыз. Бірақ осы күзден бері Бестеректе тұратын жалғыз әпкесі Ұлбосынға екі айда бір қап ұн жеткізіп беретін міндетті аққұла маған жүктеген.

- Қаршадай бала бір қап ұнның астында калып өлсе қайтесің? - деп мені жұмақтың төріне отырғызып, алды- артымды тәтті-дәмдімен қымтап қоярдай болып осында әкелген шешем Жәмила аз ғана қарсылық жасап көрген болып еді, Қарақожыр:

- Е, өздерің тойған соң шиеттей балаларымен жесір отырған жалғыз әпкем өлсе, өрем қапсын дейсіңдер ғой. Жоқ, әлде үш бірдей ұжымшар аузын ашып отырған жалғыз диірменнің есігін шегелеп, өзім кетейін бе?! Ол қай оттағандарың? «Қаршадай» дейді ғой бұл немесін. Нан жегенде неге айтпайды бұл қаршадаймын деп. Ештеңе жоқ, ағылып жатқан жұртпен ілесіп барады, - деп әңгімені шорт кескен. Әрине, «нан жегенде қаршадаймын» демейтінім өзіме аян болғандықтан, сол Қарақожыр деп өзімше ат қойған өгей әкемнің көңілінен шығып, тамағымды ақтау үшін осы шаруаны тәуекелмен қолға алғанмын. Өзінше ойлауға қабілеті бар адам тығырыққа тірелген сайын одан шығудың жолын қарастырмай ма? Бестерекке ғана бет алсам да, Ақбелге барамын деу, бір тиын жол қаражаты берілмегендіктен, жолаушылар поезы емес, тек жүк поездарына отыру, кез келген адамға мүләйімсіп жалына сөйлеп, ұнымды вагонға көтергізіп салдырып алу - айналасы екі-үш сапарда жинақтап үлгірген тәжірибем...

Поезд адырлар мен белегірлерді астына бүктеп алып, табанымен илеп, жортып келеді. Жер мөлшеріне көзім қанығып калыпты. Енді бір, екі, үш еңістен кейін Бестерегі түскірдің қыр көлеңкесінде үрпий тұратын бес терек те көрінуге тиіс...

Әттең, Қарақожырдың «Өй, тілазар, өй, жетімек» дегендерін, Жәмила жазғанның алды-артына карамай тауып алған қосағына маған ұрысқанын қойдыра алмай іштен тынғанын көрмей-ақ, қолды бір сілтеп, өз аулыма, одан әрі атам мен апама, Қағаз бен Серікжаныма тартып берер едім. «Қайтып келер есігінді қатты жаппа» дегендей, мен өз есігімді қатты жапқанды қойып, құтыла алмай жүргендей алды-артыма карамай, ең болмаса Серікжанға айтпай зытып бердім. Енді не бетіммен «Жаздым, жаңылдым, менен бір иттік өтіпті» деп алдарына бара алармын?! Оқыстан емі табылмаса, күйген бетті жазу қиын.

Жәмиланың «Апаң мен атаң өз рұқсатын берді» дегеніне мен жазған сеніп, түп-тамырыммен копарылып түсіпін ғой. Мен кете салысымен мектепке зар еңіреп, апам келіпті. Бүкіл мектепті шулатып, Сейдіннің жан досы болған директор ағайға: «Баламды тауып бер. Өйтпесе сотқа беремін!» деп екі аяғын бір етікке сыйғызыпты. Олардың бәрі де баланы туған шешесінен ешкім де айыра алмайтынын, заңның Жәмила жағында жатқанын айтып, дауылдың бетін қайтарыпты. Тек осы сөздер ғана болса, бетім осынша күймес еді ғой. Ең сұмдығы әлдебіреулер менің туған шешем Жәмилаға өз ықтиярыммен кеткенімді де айтыпты. Менің «Табаныма кірген шөгір маңдайыма қадалсын» дейтін апамның бетін қағып, меселдесін қайтарған да осы сөз болса керек. «Шіркін- ай, сол бетімен неге осында келмеді екен, ең жаманы бар кінәмды жылап отырып мойындар едім де, етегінен қос қолдап ұстасам да қайтып айырылмас едім. Өле-өлген- ше, мәңгілік айырылмас едім!» Мен аңсай күткенмен, апам келмеді. «Сабыр ет, қайтесің соны. «Тумағанның - түбі шикі» деген сол!» деушілер көбейді ме, әлде... әлде жазған апам мен сияқты маңдайының соры бес елі ұлының кінәсын кешіре алмады ма - ол жағы маған бұлыңғыр.

Бұл ауылға келген күні-ақ, тіпті өз анамның ендігі босағасын аттаған сәтте-ақ үсті-басынан ұнның тозаңы бір кетпейтін өгей әкем мені зарыға күтіп, құшағын жайып отырмағанын байқатқан. «Қазір: «Е, Ақтан дейтін азаматымыз осы екен ғой» дер, сонан соң келіп бетімнен сүйер. Мен сонда көзімді тарс жұмып тұрып, өзім өңін суреттерінен ғана білетін Сейдін әкемді елестетермін» деп ойлағам.

— Сәлеметсіздер ме! - деп үйге еркін-ақ басып енген сияқты едім, төр алдында жаюлы жатқан текеметтің үстінде шөккен түйедей болып жантайып жатқан шой қара жамбасы сынып қалғандай жай ғана басын көтерген. Шешектің орны ма, әлде қорасанның дағы ма, беті өрмекшінің торындай мың шұқыр екен. Сау жері емге жоқ. Сол мың шұқырлы беттің ауыз бен маңдайдың ортасындағы ауқымды аймағын «тек өзімдікі» дегендей тарбия құшақтап, бел ортасы дөңестене біткен мол танауы жатты. Неге екенін қайдам, біздің география оқулығында «Верхоянның жотасы» деген таудың суреті болушы еді, бірден-ақ мынау кесек біткен танауды соған ұқсаттым. Сол жақ құлағының үстіңгі бір жартысын тышқан кеміріп жеп қойғандай жемтір-жемтір болып түсіп қалған ба, әлде үсіп қалған ба, әйтеуір жоқ. Кісіге бағжиып караған кезде бір құлағын жымырып тұрғандай бір түрлі қызық көрінеді екен. Тал бойындағы кемістігі онымен де бітпепті, сол кетік құлақтан жоғары қарайғы бас сүйегінің бір шетін әлдекім ойып алып тастағандай опырайып тұр. Сүйексіз құр тыртық-тыртық жылтыр терінің арғы жағы жас баланың еңбегіндей бүлк-бүлк қозғалады. Жарлауыт біткен тік қабақтың астынан қиғаштай қоныстанған қос жанар, ең әуелі маған, сонан соң Жәмилаға суық қарады. Сөйлеген жоқ, тек Жәмиланың: «Иә, аман-есенсіңдер ме?» деген алғашқы сөзінен жаңағы беттің жарты өңірін құшақтап

талпыып жатқан танаудың астынан кекесінге ұқсас «кіңк» деген дыбыс шығарды. Шулап-шұрқырасып келіп, Жәмиланы ортаға алған төрт-бес ұл-қызға аузымды ашып, состиып тұрған менің бас-аяғымды жанарымен «зерттеп» болған соң, жарты шеке болашақ әке:

- Ақыры дегеніңе жетіп тындың ба? - деген. Жәмиланың не дегені есімде жоқ, басыма пендешіліктің түскенін жаңа білгендей қасымда тұрған ұзын орындыққа тізе бүктім. Состиып тұра берудің басқа жөнін таппаған соң ғана отырдым, өйтпесе шаршап, діңкелеп тұрғаным шамалы болатын.

- Мынау Ақтан дейтін ағаларың болады. Ал мынау Алтынбек, мынау Күмісбек дейтін інілерің. Ал мыналар Сейсенгүл, Жұмагүл, Дүйсенгүл деген қарындастарың болады. - Жәмила шешіне жүріп, мені бес бірдей іні-қарындастарыммен таныстырып жүр. Өңкей текті металдардың атауын иемденген қос інім мен аптаның үш күнінің атына бір-бір гүлді косып, оңай есім тауып алған қарындастарымның бір жақсы жерлері, көздері Жәмилаға тартыпты, мейірімді қарайды, бір жаман жерлері танаулары әкелеріне тартыпты, тарбиып жатыр. Менің қаншалықты аға екеніме жүз процент сене алмады ма, әлде әкелері рай танытпаған соң менімен жұғыса алмай тұр ма, қыздарын қойып, ұлдарының өзі тәйт десем, үрке жөнелердей үдірейісіп тұр...

Не керек, сол күннен бастап-ақ бұл үйдегі іні-қарындастарыма балдай батып, судай сіңіп кетсем де, Қарақожыр Қаржау ішін бермей қойған. Ал үйімде жүргенде өз еркіммен бірдеңе істей қоймайтынмын. Зәуде бір атам: «Ақтанжан, атымды әкеле қойшы» десе, мен: «Серік-ей, сен бара салшы» деп, сілтеп салып тұратынмын. Кісі жұмсағыш қайран басым бұл күнде қолы қолына, аяғы аяғына жұқпайтын елпек болып алғанмын. Қарақожырдың қанша елпедесем де, қит етсе-ақ: «Өй, өлген әкеңнің аузын...» деп балағаттағаны күн санап үдей түскен.

- Айналайын, қарсы келіп, бетінен алып жүрме. Қайтесің, бұл сорлы да соғыстың тірі жемтігі ғой. Қалқайып жүр демесең, артық сөз көтеріп, ақылды әрекетті пайымдауды білмейді. Басына оқ тиген ғой сорлының. Миы зақымданған. Қатты ашуланса, аузы ақ көбік болып, есінен танып қалады. Тілін алып жүр, айналайын, - деп, Жәмила да еңсемді көтеруге мұрша берер емес. Жайына жатқан әкемді қайдағы бір контузінге балағаттатқаным үшін о баста теріс айнала беріп, көзімнің жасын сығып-сығып алушы едім, бұл күнде өзім де түсінбейтін бір қиястық мінез тапқанмын. Балағаттамақ түгілі, баланың басындай жұдырығымен бір қойса да жыламаймын, әбден жауыққан сыңаймен бетіне шақшия қараймын, әрине одан кейін Қарақожыр от алып, қопаға түседі. Ашуының бір ұшығы Жәмила жазғанды да шарпып өтеді. Оның әдемі бетіне де бірнеше дүркін мен үшін дақ түсті. Ол да кейде-кейде «айналайын» дегенімен, соңғы кезде:

- Қу, жетпегір-ай, сен үшін-ақ суға түсіп, отқа күйіп болдым-ау, - деп, қолына түскен затты маған жіберіп қалатын болды. Менің де оған жасаған қылығымды естігендер: «Ана деген құдіретті сөздің қасиетін білмеген миғұла қыңыр» деп мені кінәлар. Мейлі, не десе де, әркімнің өз еркі. Бірақ мен де

туған анам Жәмиланы әбден жек көріп кеттім. Ең әуелі, мені апам емес, осының тапқаны үшін, содан кейін әкемнің жаман хабары суып үлгермей жатып күйеуге, басқа емес, жүйке жіптері шатасып қалған тура осы Қарақожырға тигені үшін, ол аздай, жылы ұямнан алдап-сулап суырып алып, мынандай тозаққа әкеліп салғаны үшін. Тіпті Қарақожыр тілдеп, ұрған сайын шешеме өштігім өрши түседі. «Өгей әке солай болуы керек, оның бар зәбірі - заңды құбылыс» дегендей оған мән бергенді де қойыптын.

Жалпы Қаржау әкеміз мейлінше түсініксіз кісі. Былайша айтқанда, бірде - шөл, бірде - көл. Көңілі түскенде ұлдарымен бірге мені де жанына шақырып алып, басымнан сипап, еркелеткен болар еді.

- Қара да тұрындар, бәріңнен біздің Ақтанжан мықты болады. Өзі палуан болады ғой деймін, бұлшық еттері тып-тығыз,-деп білегімді ұстап-ұстап қояр еді. - Жоқ, әлде оқымысты болар ма екен? Қайдан, бірақ біздің ауылға келгелі жақсы оқығысы келмей жүр ғой.

Әрине, ол өйтіп елжіреген күні Жәмиланың да, басқа балалардың да қабағы ашылып, жайраң қағар еді. Мен де осы шаңырақ астындағы заңды тұрғын екенімді сезініп, арқам кеңіп қалатынымын.

- Жақсы оқындар, айналайындар. Мен үшін емес, өздерің үшін жақсы оқындар, - деп ықтияттар еді ол ондайда.

Әрине, өштігім, қастығым жоқ ол кісіде нем бар? Менің де жүрегім елжіреп, Жәмила айтқандай, «Бұл да соғыста қан көріп, оның үстіне басынан жаракаттанған сорлы ғой, көп ренжіте бермейінші» деген оймен оңтайыма жүріп, оңыма басқан боламын. Сол кезде жын ұрғандай, өз-өзінен бүлініп, түп-түкиянды қазып шығады. Одан кейін қалай жібіп, қалай ғана оның кей-кейде іш тартқанына сенерсің?!

Бірде сабақтан соң үйге келіп, тамағымды жайбарақат ішіп отырғанмын. Шала бурыл мас күйінде үйге кіріп келді. Бетіндегі әр шұңқырына дейін көзі сияқты адырайып кеткендей көрінді.

Бері кел-ей! - деп ақырып қалды. Өзі кереуеттің үстіне отырған соң, сүмпиіп қасына келдім. Тағы неден жазықты болып қалғанымды білмедім. Ештеңені елемегендей болып, Жәмила шелегін көтеріп, тысқа шыға берген. Оған да ақырып қалып, орнына отырғызды да, маған бұрылды.

- Мен кіммін саған? - деді ол оқты көзін өңменіме қадап.

- Әкем боласыз, - дедім күбірлеп.

- Қандай әкеңмін?!

- Көдімгідей.

- Мә, саған «көдімгідей!» - Қалай ұзынымнан түскенімді байқамай да қалдым. Құлақ шекем шоқ басып алғандай дуылдап барады. Тұла бойым қалшылдап, орнымнан атып тұрдым.

- Иттің күшігі сол! Әлде әкеңнің сүйегінің соғыс даласында қурап қалғанына мен кінәлімін бе?! Қарашы, бұл шошқаның айтып жүргенін!

«Өгей әкем күн көрсетпейді» дейтін көрінеді мұғалімдеріне!

Ол екінші рет қолын сермеп қалғанда тағы да ұшып түстім. Енді екінші құлақ шекем ду ете қалды.

- Өлтірдің ғой сорлыны! - Жәмила шарылдап кеп, араша түсіп еді, оны отырған күйінде бір ұрып, менің қасыма сұлатты. Қалай орнымнан ұшып тұрғанымды білмеймін, бір-ақ секіріп есікке жеттім.

- Өле қал, ал! Өгей әкемсің! Әке болудан садаға кет! Әке деген сен сияқты болмайды. Өліп кетсең де, сені иттің етінен жек көремін! - дедім бар қаным бетіме шауып.

- Өй, әкеңнің аузын!.. - Зыта жөнелдім. Бұл жолы ауылдың пана болмасын сезіп, қалың қамысқа бет түзедім. Кішкене бұлақтың басына келіп, көз жасыма ерік бердім. Атамды, апамды, Серігімді ойлаймын, өз мектебімді, Қағазды ойлаймын. Ойлаған сайын көз жасым іркілсінші. Кеш батып, қас қарайды. Мені керек қып іздеген жан жоқ. «Әттең, осы күйі қаңғып, кете берсем ғой» деп те ойлаймын. Оған шыбын жан тәтті, ит-күсқа жем болып өлгім келмейді.

«Әттең осы Қарақожырға егескенде оқып, азамат болған соң, осы ауылға бастық болып келсем ғой, шіркін! «Бастық болып келген менің балам ғой» деп мақтанғанда, «Жоқ, сен - менің әкем емессің!» деп, жерге қаратсам... Бірақ мына түріммен мен қалай оқып, қалай бастық болармын?!»

Иен даладан қорыққан соң, амалсыздан түннің бір уағында баспалап келіп, қораның ішіндегі шөптің қуысына келіп жатсам, ұйықтап қалыпшын.

- Тұр-ей! - Селк етіп, көзімді ашып алдым. Қарақожыр Қаржаудың үні еді. Алшита басып тұрған қырық екінші размерлі керзі етігін де танып жатырмын. Суырып алып, тағы сабар деп едім, өйткен жоқ. - Бар, үйге барып, тамағыңды іш.

Өзі тырп-тырп басып, көшені өрлеп бара жатты.

- Ақтан, тұра ғой! Тәтем келсін дейді. Қарның ашып өлді дейді. - Күмісбек кой! Кішкентай көздері жылтырап, бетіме мұңая қарайды.

Аштан өлетін емес, сүйретіліп, орнымнан тұрдым.

Мұндай бірер күн аш жүру, шөп қораға түнеп шығу дегенге мен де, Қарақожыр Жәмиласымен де үйренген шаруа. Тек кей мінездері Серіктайыма ұқсас осы Күмісбек қана ондайда оң жағымнан табылып, мен үшін қабырғасы қайысып жүреді..

Бұл ауылға келген соң, Қағазға хат жазғанмын. Елде жүргенде оған бір ауыз сөз айтуға, не бір жол хат жазуға жүрегім дауаламайтын. Бұл хатымда да мектептес оқушы ретінде ғана, «сені сағындым» деген сияқты ешқандай күдік туғызар сөз жазбай, тек амандық-саулық сұрасқанмын. Мектебімнен, интернатымнан кеткеніме өзімше ақталып, сылтау айтқан болдым. Балалардың бәрін де сағынып жүргеніме сендіруге тырыстым. Оным да шындықтан шалғайлау сөз болатын. Қағаздың өзін болмаса, басқаны ойлардай менде күй жоқ еді. Екі күннің бірінде таяк жеп жүрмін деймін бе, «Жағдайым жақсы, оқуым жақсы» деп шындықтың бетін тағы да бүркей салғанмын. Көп кешікпей Қағаздың хаты да келген. Ол мектептің, кластың жаңалығын айта келіп, менің орныма класком ғып сайлаған Қайранбай кетіктің балаларға тым жайсыз «басшы» болып тұрғанын жазыпты. Ол ку кетік менің достарымды: «Атасы мен апасын тастап кеткен опасыздың

құйыршықтары» деп айыптайды екен. «Өттең, қайтадан орталарына оралар ма едім, әттең, бұзаудан жығылып сындырғаннан калған екінші касқа тісін де сындырып, кетігінің орнын кеңейтер ме едім». Бұл - қиял ғой, енді оларға мүлде орала алмайтын шығармын.

Қағаз менің мекенімді Серікке берген екен. «Мен оған хат жазбаймын!» деп алмай қойыпты. Бұл да жақсы хабар болмады. Серігімнің де жүрегі маған әбден карайған ғой, жалғыз ағасын біржола жоғалтқандай түңіліп болған ғой. Апамның мені іздеп келгені жайлы хабарды осы хат жеткізген.

Қағаздың хатын сарыла тоссам да, ол жеткізген хабар мен үшін тым жайлы бола қойған жоқ. Онсыз да түсіп жүрген ұнжырғамды күлдыратып, бәрінен де күдер үздіргендей. Үйдегі қыңыр-кисықтығым аздай, мектепте де кейде білетін дүниемді айтудан бас тартып, «екіліктің» қорларын молайтып тастағанмын. «Атам мен апамнан айырылдым. Әкем жазғанды тумай жатып «жұтыппын», Серігімнің, артымнан ерген жалғыз інімнің түрі мынау. Маған хат жазудан бас тартыпты. «Кім үшін, не үшін, неменеме жетісіп, тәлімді бала, тәрбиелі оқушы болмақпын!» деп түйгенмін...

Поезд «Әй, бала, есіңді жина» дегендей сызылта гудок берді. Әкемнің үйінің қақ төрінде жатқандай ой кешуіме жол болсын. Бестеректен өтіп кеттім бе деп зәремнің ұшқаны сондай, атып тұрып, вагонның есігіне жармастым. Бестеректің таздың басындағы бес тал шаштай үрпиген шоқ ағашы біраз жерде қалып барады екен. Поезд қарқынына қарқын қосқандай безіп келеді. Бұрын да талай қолданған тәсіліме басып, тежегіштің қызыл тұтқасына жармастым. Қола түймеге бекіткен жіңішке сым тырс етіп үзілуі мүң екен, вагонның доңғалақтары әндете шикылдап, табандап қалды. Арынымен келе жатқан артқы вагондар салдыр-гүлдір келіп, бірін-бірі сүзгіледі, алдыңғы вагондар бірін-бірі жұлқылап, сүйреп кете алмаған соң қайта лекіп, соңындағыларын түйгіштеп жатты. Не болып қалды дегендей паровоз таңырқаған дауыспен қысқы даланы дүр сілкіндіріп, бір шыңғырып жіберді де, жүрісін баяулата берді. Маған керегі де осы. Алдымен қол шана, одан кейін бір қап ұн, одан кейін өзім домаладым. Жол шетіндегі қасат қарға күмп ете қалдым. Еш жерім ауырған жоқ. Орнымнан атып тұрып, паровоз жаққа қарап едім, терезеден басын шығарған машинист қолын сермеп, әлдене деп айғайлады. Шамасы, Қаракожыр балағаттап үлгермеген әкемнің аруағының қалған жері болса, соны түгендеп бара жатса керек. Мен де қол бұлғадым. Екі қолымды кеудеме қойып, тағзым еттім. «Мені кешіре көріңдер! Жолдарыңыз болсын, маған ренжімеңіздер!» дегенім. Әрине, машинист мені жазаламақ болып, паровозынан түсе қуамын десе, тағы да екі-үш минутын жоғалтары сөзсіз, амалы құрып, кете барды.

Алдымен ұнымды, онан соң шанамды тауып алып, қапты шанаға салдым да, шірене тартып, Бестеректі бетке алдым. Вагонда отырып, сүйек-сүйегім мүз болғандай сіресіп-ақ қалған екен, қасат қарда біраз уақыт шананы сүйреген

соң ғана денемді де, ауаны да буған аяздың сағы сынып, жауырыным жіпси бастады...

Былтыр оқу жылы аяқталған соң, Жәмиланың баяғы уәдесі бойынша жазғы демалыста атамдарға барғым келетінін ептеп оған сездіргенмін. Бұлардың оңайлықпен жібермесін де, қанша сағынып жүргенмен, жіберген күннің өзінде кете алмасымды білсем де, оны сынамақ болдым да, әдейі айтып көргенмін.

- Түйнек келгір, сол шал мен кемпірге бауыр етің жабысып қалса да, енді олар сені керек қылмайды. Екіншідей мұндай сөзіңді естіртпе. Ана қотиын әкең естіді бар ғой, жоныңнан таспа тіліп алады. Білдің бе?! - деп тұрып шегелеген. Амал қанша, жон терімнен таспа тілдірмеу үшін ол әңгімені Қарақожырға сездірмегенмін.

Жалпы, біреуді жамандау деген оңай ғой. Қарақожыр о баста менің алдымдағы беделінен жұрдай болып, қадір-қасиетінен жұрнақ қалдырмаған соң ба, оның маған деген азды-көпті жақсылығының өзі көлеңкеде қала беретін. Ал нағыз азамат ретінде қасқайып тұрып, шындықты айтар болсақ, дәл қазіргі сәтте менің жасайтын істерімді кез келген адам кешіре алмас еді. Былайша айтқанда, оған тек іргежаудың ғана қолынан келер қаскүнемдіктерді жасар едім.

Таяуда Жәмила Қарақожырдан оңбай таяқ жеді. Бір күні қолымнан түсіп сынып қалған кесе үшін Жәмила қақ маңдайымнан көсеумен бір салсын. Әрине, талай ісіп ойнамалы болып үйренген маңдайым бұл жолы да шодырайып шыға келді. Дәл осы катыгездігі үшін Жәмиладан оңдырмай өш алғым келді. Қалай? Қайтіп? Асықпай жоспарын жасауға кірістім.

Екі апта ашыған боза екі кесе ішкен адамды есінен тандыратын ішімдік болып шығатын. Жаңа жыл мерекесі таяғанда да кеспекті мөлтілдете бозаларын ашытып, Қарақожыр буаз сиырдың тууын күткен аш-арық әулеттің баласындай шыдамы жетпей, бозаның дәмін кеспек сыртынан тыңдап: «Жарықтықтың божылдауын-ай, зар күйінде ақырып-ақ тұр екен, шіркін» дейтін тамсанып. Енді екі-үш күнде кеспектің аузын ашсақ та болады деп қуанған.

Бұл сол кесе сынып, шекем ісетін күннен кейінгі әңгіме еді. Ойыма боза түсе кеткені. Сәтін салғанда әйелі босанған бір үйге екеуі шілдеханаға кетті де, асыл металдар мен күн аттарын есім ғып иемденген іні-қарындастарым ұйқыға бет түзеді. Сол кезде күн ілгері даярлап қойған қамыс түтігімді және керосин құйған қалбырымды алып келдім. Кеспектің кішкене тығынының қасында тақтайдың оқырасының саусақ сиярдай ғана тесігі бар болатын. Оны Жәмила шүберекпен бітеп сыртын қамырмен сылап тастайтын. Бір шымшым ұн илеп оны даярлап қойдым. Тесікті қайта бітегенде сыламақпын ғой.

Тысқа шығып тойшыларды көздедім. Жан көрінбейді. Үйге кіріп, шүберек тығынды пышақпен шұқып, суырып алдым. Талай күннен бері қыстығып тұрған кеспек «уһх» деп ұзақ ысылдап тыныс алды. Ашуы жеткен боза демінің кермек иісі мұрынды жарды. Қамыс түтікті тығып жіберіп, екі-үш қылқ еткізіп едім, өңешімді ащы дәм қырнай жөнелді. Бірақ түптің-түбінде

ішетін дүнием ғой, үйрене берейін дегендей тағы екі-үш толғадым. Сонан соң дереу қамыс түтікпен қалбырдағы керосиннен сорып алып, бозаның ішіне айдап жібердім. «Ішсін енді атау керелерін!» деймін өз тапқырлығыма сүйсініп. Қайта тығындадым да, даяр қамырымды сыртынан баттай салдым. Басым жеңіл айналады. Ішек-бауырыма бір жерден жылы леп соккандай. Пеш түбіндегі киіз үстіне жантая кетсем, ұйықтап кетіппін.

Қастандығымның нәтижесі одан екі күн өткен соң тура жаңа жылдың алдында бір-ақ көрінді. Әлдекімдердің үйінен арағына ма, бозасына ма тойып алып, шала бурыл калпында Қарақожыр жетті. Қасында екі-үш кісісі бар.

- Сендерден аяр нем бар? Бозамыздың да ауыз ашар тұнығына өздерінді әкеліп отырмын, - деп бөсті әкеміз. Түк білмегендей қазандықтың астына от жағып, төмен қарап, тұқшындап мен отырмын. Жәмила да көңілді, жайраң қағады.

Е, жалғыз қайнымнан нені аяймын? Қашан да ашытқан бозамыздың тұнығын осы ішіп жүр емес пе?! – деп желдей еседі. Жалғыз қайнысы домалақ көзі тасырайып ұңғысынан шығып кеткелі тұрған бригадир Қайкен болатын. «Иә, жалғыз қайның тұнығын ішіп, бір жырғар» деп ішімнен сақ-сақ күліп мен отырмын.

- Е, осы қайныңның жанында «Күріштің аркасында күрмек су ішеді» дегендей біз де бір тояйық. Әйтпесе сен катын бізге қорабасын татырмассың, - дейді басқалары базына жасап.

- Жоғ-ә, әншейін әзіл ғой. Бәрінен де колда бар дәмімді аяп көргенім жоқ. - Жәмила ақтала сөйледі.

Бадырақ көз екі езуі екі құлағына жетіп, маз боп қалды. Жәмила үлкен ақ шелегін, бозаны сүзіп алатын дәкесін даярлап, кеспектің ағаш тығынын балғамен жан-жағынан тықылдатып ұра бастады. Тығын атылып, маңдайыма сарт ете қала ма дегендей басын қисайтып, үрке ұрып тұр. Төртеу де енді қайтер екен дегендей теңкиген қоңыр кеспек пен Жәмиладан үңірейе көз алмай қалыпты. Тығын атылмады. Кеспектен болар болмас қана «пыс-пыс» еткен әлсіз дем шықты.

- Өй, андағыңның шырмауығы не қанты аз болып қалған ба, тіпті жуас қой? -Қарақожыр қауіп айтты. Жұдырықтай жұтқыншағы өрлі-ғұрлы жүгіріп, кеміс шекесі бүлк-бүлк соқты.

- Е, бозаны жаңа салып жүрмін бе, бәрі де дұрыс болатын. - Жәмила өзінің машықты кәсібінің дұрыстығына әбден сенімді екенін танытты. Ол резеңке түтік әкеліп, кеспекке бір ұшын салды да, екінші ұшынан сорып қалып, шелекке ағыза бастады. Сүзгі мәрліні ұстап отырған менің танауыма таныс иіс те араласып келіп жатыр. Бірақ Жәмила әлі күдіктене қоймаса керек, бозасының түрі мен түсіне, көпіршік атқан мінезіне қарап-ақ, дер бабында екенін қапысыз танып, маз болып тұр.

Бір шелекті құйып болған соң, ол одан қонақтарға бір-бір шара кесесін құйып берді де, өз өніміне жұрт баға бергенше шыдамай, ожаумен бір іліп алып дәмін көріп, не дерін білмей отырды да қалды. Сол кезде Қарақожыр да шара

кесені түгелдей бір деммен тартып жіберіп, кисық көзі шелиіп шыға келген. Бригадир де бір ұрттап, кесені жерге қойған.

Әй, иттер, резеңке түтікпен керосин тартқансыңдар- ау, ә? Қарашы, бір шелек бозаны бір-ақ бүлдіргенін. –

Өгей өкем Жәмилаға карап қабағын түйді. «Бір шелек дейді-ау. Бір кеспектің бозасы түгел бүлінгенін көргенде өле каларсың жаманнан қатты?!» деп мен отырмын. Қарақожыр орнынан қозғалмаған күйі маған қарады.

- Әй, Сері, әкел ана түтікті бермен. - Ол соңғы кездері Ақтан десе атасының аты кетердей мені «Сері» атандыра бастаған. Әрине, кекесінмен айтатыны белгілі ғой. Мен лып етіп барып, түтікті алып келдім. Тіпті мүләйімсіген үнмен:

- Жоқ, керосинді бұл түтікпен құймаймыз. Оның өз түтігі бар, - деп аңқаусыдым. Қарақожыр жалпақ танауды түтікке тигізді. Ештеңе айыра алмаса керек, резеңке түтікті өлген жыландай солаң еткізіп бір бұрышқа лақтырды. Бұл ашулана бастағанының белгісі.

- Не ғып сілейіп қалдың, ей, қатын? Сенің мына шелегінде бір бәле бар. «Әлі де кеспекте бір бәле бар деуге аузың бармайды, ә?» деймін мен іштей. Сөйтті де ол бос тегене алдырып, кеспекті өзі еңкейтіп аузынан құйды. Анық-қанығына жетіп болғанша, тағаты таусылғандай ожауды батырып жіберіп, ұрттап көрді де, қолма-қол барқ ете қалды.

- Алда ғана иттің баласы-ай, құртқан екенсің ғой! - Оның даусы ең соңғы үміті үзілген адамның үніндей әбден таусылып естілді. Сонан соң қолындағы ожаумен дәл қарсы алдында ошарылып тұрған Жәмиланы әдемі маңдайынан көститті. Екінші кезек маған арналғанын біліп, есікке қарай ұмтыла беріп едім, басы ұшып кеткен ағаш ожаудың сабы көк желкеме сарт ете қалды. Әйтеуір, құлағаным жоқ.

- Әй, өй, мынау қайтеді-ей?! - десіп үйдегі отырғандар дабырласып қалған. Мен сол күні де үйге қонған жоқпын. Ішін үңгіп алған шөптің ортасында жатып, Жәмилаға жаным ашыды. Көсеумен бір ұрғаны үшін кегімді тым артығымен алғанымды сезінген сайын өзіме жыным келді.

«Осының таяғын жеп жүргенше апам мен атамның қасына көшіп кетсеші» деп те ойлаймын. Бірақ осы үйде анау үрпиіп-үрпиіп отырған менен басқа бесеуін кімге қалдырады деген сауалдың жауабын таба алмадым.

Біраздан соң шөптің арасы да пана болмауға айналды. Көйлекшең жүгірген күйімде өзіммен бірге оқитын Сармандардың есігін қағуыма тура келді.

- Әй, Жәмила оңбайды ғой. «Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйыршығына қалжуыр байлайды» дегендей, қотиын маскүнем неменің таяғынан өзі құтыла алмай жүріп, жас баланы әкеліп, тозаққа салғанын карасаңшы! - Сарманның шешесі сүт қатқан бидай көжесін еселеп құйып беріп, мені айналып-үйіріледі. Жылы жер- де қарын тойған соң, маужырап қалғи бастадым. «Қалай ұрды, қайтіп ұрды?» деген Сарманның мылжың сұрақтарының арасынан оның шешесінің үні талып естіледі. Тура апамның айналып-толғанғандағы мейірбан даусына ұксас.

Ертеңіне үйге келсем, Жәмила басын ақ орамалмен айқара таңып алыпты. Кеспектегі бозаны төгіпті де, үлкен какпағын ашып, ішін кептіріп қойыпты.

- Тәте, - дедім тұңғыш рет. - Сен мені кешір! Анау Қарақожыр екеуің мені бүгін бауыздап тастасаңдар да, керосинді мен құйғанмын.

Жәмила бетіме аңырая қарап тұрды да, әдемі жанары жасқа толды. Тағы ұрсар, соғар деп едім. Өйтпеді. - Жазықсыз сабайтындарың үшін әдейі істедім.

- Соры ашылмаған, құлыным-ау. Әкеңе тартып туған адал, ақ жүрек мінезіңнен айналдым сол. Жалғыздан қалған жалғызым-ау. Обалыңа қалыпшын ғой, мен сорлы сені жаныма алып жарылқаймын деп жүргенде. Апарып тастайын десем, мынау қызыл көз көніп отыр ма?! - Ол мені жаңа көргендей бауырына басып, ұзақ жылады. Мен үшін ғана емес, өзі үшін де аңырап тұрғандай. Сол кезде Күмісбек пен Жұмагүл де қорсылдап шешелерін құшақтап еді, Жәмила мені тастай беріп, екеуін бауырына басты.

- Тірі күйіктерім-ау, оттарыңа жанып, сендер үшін өлдім ғоо-ой!

Мен сонда ғана шеше үшін барлық баланың тауқыметі бірдей екенін білдім...

Алдымнан ит үрді. «Е, Бестеректегі Қарақожырдың өпкесіне үн әкеле жатыр екенмін ғой». Ұйқыдан шошып ояғандай болып, жан-жағыма қарадым. Ұлбосын кемпірдің үйінің қасына келіппін. Мың болғыр, бір жақсы кемпір. «Ой, айналайындап» етегіне сүрініп, алдымнан шықты.

Қарағым-ау, мына аязда үсіп өлсең қайтесің? Әй, оңбайтын Қаржау-ай, жақсылығы бар болсын, өйтіп маған жасаған. Обалыңа қалса қайтеді?! - Мені осы шананы үйретіп жаяу келді десе керек, бұл жетісіме аң-таң болып жүр.

- Апа, мен поезбен келдім! Жүк поезына мініп келдім.

- Не дейді, күнім-ау, бұл жерге поезд тоқтамағалы не аман? Тоқтамай өтіп кетсе қайтесің! Қой, жарығым, ол неме біреудің баласының обалына қалып, маған жақсылық жасамай-ақ қойсын. Ел іші, аптан өліп, көштен қалмаспыз. Туысым десе, таяк тастам жерде тұрып, ат ізін ала жаз, алты ай қыста бір салса қайтеді екен?! Қайыршыға қайырсыз садақа, итке қайырымсыз сүйек тастағандай үн жіберетінін қайтейін?! Қайтарып-ақ жіберер едім, бірақ сенде не жазық бар, құлыным? Өзім бір жете алмай жүрмін. Жетсем, айтарымды айтармын-ау, енді бұлайша тентіретуін қойдырармын-ау.

Ертеңінде жаңа піскен бір таба нанды қойныма тығып, қалтама су жаңа бес сомды салып беріп қайтарды. Таба нанның иісі қандай, колқаңа жетіп, бүкіл сілекей іездерің жаппай қызметке кіріседі, ақшаның иісі қандай, тек қана ақшаға тән жағымды хош иіс, көзіңе уыс-уыс конфеттерді елестетеді.

Таба нан таусылғанша шаманды сүйретіп, ауылға мен де жеттім.

Айтқанындай, бірер апта өтпей-ақ Ұлбосын апам келіп, Қарақожыр Қаржаудың екі аяғын бір етікке, жоқ, одан гөрі бір аяғын екі етікке тықты деген жөн шығар. Былай қарағанда, момын сияқты көрінген Ұлбосын апам ашуланса жаман екен.

- Бұдан былай қаршадай балаға ұн арқалатып жібердің бар ғой, отыңның басын ойран етем. Балалар келсе қыдырып келсін, сенің садақанды тасып көкжұлын болмасын! Білдің бе?

- Бұл жұртқа берсең де, жақпайсың! Ендеше отырыңдар сөйтіп тас жалап! - деді де Қаракожыр үйден ата жөнелді.

Сөйтіп, Бестерекке сапарымның соңы сол болды.

* * *

Сол жылы қыс ұзақ жатқан қонақтай әбден мезі ғып, біз көктемгі каникулдан мектепке келгенде, қардың көбесі сөгіліп, бетеге түбі көгере бастады.

Төртінші тарау

Ниетке алған жоспарды қалайда орындау үшін үйден батыл басып шыққаныммен, жан-жағымнан алуан-алуан ойлар келіп камаласын. «Ойбай, б»леншекеңнің баласы магазин тонап, түрмеде жатыр» деген атқа қалдырсам, алдымен атам мен апам байғұсқа батары хақ. Әлде: «Е, бізден безіп кеткен неме ғой, одан әрі су аяғы құрдымға кетсе де мейлі!» дер ме екен? Жо-жоқ, мен білетін апам болса, көйлегінің етегіне сүрініп-жығылып, дауыс салып алдымен жетер. Жәмила байғұс менің осынау күйге түскенімді естігенде, дау жоқ, ағыл да тегіл жылар. Содан кейін жылы орнымнан алып кетіп, ақыры азып-тозып кеткенім үшін өзі опынып, өзін кінәлы санар. «Атаң мен апаң рұқсат етті» деп мені алдап әкелгенінің кате болғанын түбегейлі мойындар. Қаржау менің «адам болмай дәл осылай жүлік болып кететінімді» баяғыда білгенін айтып, табалары сөзсіз. Мейлі, табаламақ түгілі табаларына салып, шыжғырып жесін. «Сүйіп тиген байыңнан қалған сілімтік бізді де масқара етті» деп, Жәмиланы да мұқатып бағар. Ақыры Қаракожырға қадірім де, қажетім де жоқ, босағасына өзім келіп байланған бір бұралқы екем, өйтіп жүргенше жүлік атанып, түрмесіне-ақ түсейін. Оның үстіне «Кедейдің бір тойғаны - шала байығаны» дегендей, көздің жауын алған кішкене бауырсақ сияқты конфеттер мен таңдайға салсаң балқып жүре беретін прәндіктерге мелдектегенше, ұмытпастай ғып бір тойғанның өзі неге тұрады!»

Магазинді жауып қойып, бөәрінен де дәт деп күр қалармын дегенді ойлағанда, жүрісімді жеделдете түстім. Сарман мен Қантай да уәделескен жерден табылды. Өте бір маңызды шаруаны тындыруға кешігіп бара жатқандай екеуі де магазинге қарай жіті адымдай жөнелісті. «Кібіртіктемей, аяғыңды бассайшы» дегендей қолдарын бұлғап, сондарына жалтақ-жалтақ қарайды. «Мықты болса, өздері неге түспейді магазинге? Мені отқа айдап салып, тап-таза болып шыға келмек қой. Жо-жоқ, әлі де ойлану керек екен».

Екеуі жарылып өле қалар ма екен, байқап көрейін деген қыңыр есеппен әдейі жолымды өзгертіп, магазин емес, өзенге қарай бұрылдым.

- Өй, жынданғансың ба? Қайда барасың? - Сарман, шыдамы таусылды-ау деймін, өзіне емес, әкесіне дәл келердей жойдаусыз үлкен керзі етігімен көктемгі лайсанды жалпағынан басып, соңымнан қуып берді.

- Өй, Ақтан, уағда қайда? - Сол кезде талпақ танауы тарбиып Қантай да жеткен. Тышқан көздері жылт-жылт етіп, сол баяғы сыр бермес жымысқы мәймөңке калпы. Ол:

-Ақа, немене, басың ауырып қалды ма? Өңің келіңкіремей тұр екен. - Үлкен кісілер сияқты «Ақа» десем ағынан жарылады десе керек. Онысына ішімді беріп, елжіреп тұрған мен жоқпын.

- Жоқ, магазинге түсе алмаймын! - Бұл шешімге өзім әлі түбегейлі келіп болмасам да, екеуіне құнымды арттыра түсу үшін әдейі керги бергім келді. - Егер ертең сотталып кетсем, сендер сияқты жоқтап алардай шешемнің жайы белгілі. Онсыз да осы ауылдың жүлігі атанғаным жетер, мықты болсаңдар,

екеуінің бірін түсіндер. Сендер алып шыққан конфетті жеуге көмектеспесем атымды басқаша қойып, көрмей кетіндер.

Қантай шарасы таусылғандай күмілжіп қалды.

- Өй, Ақа-ау, былай енді... уәде берген соң... сеніп жүрсек...

Ал Сарманның бадырақ көзінің қарашығы кішірейіп, шелиіп кетіпті. Тұмсығын бетіме тигізердей тақап келді. Өзінің байқатпай тұрып, кіндіктен түйіп жіберетін өдетін тағы бір көрсеткелі тұр екен деп шегіне бердім. Қанша рет қаһармандықпен Сарманның киянатына қарсы тұрсам да, домаланған келтектей неме кісінің ішіне кіріп кетіп, ұрыс даласында ұятқа талай қалдырғаны бар. Содан болса керек, дереу қорғаныс қамына кірістім. Бірақ Сарман әзір майдан ашар сыңай танытпады. Араларынан жел өткенді қойып, ел көшкендей сирек-сирек тістерін көрсетіп ысылдады.

Бәділес-с-с!!! - Оның иығынан ұстай алған Қантай екеуімізді мәмілеге шақырды.

- Сабыр, Сәке, сабыр! Ақаң бұған дейін уәдесін бұзған емес. Әншейін, екеуімізді қайтер екен дегені болар.

- Кім бәділес? Мен бе? - Әрине, Сарманнан қанша қаймықсам да, өз намысымды қорғап алуға әрқашан да даяр екенімді білдірдім. - Жарайды, сендер мені қорықты деп ойлап қаларсыңдар. Бүгін магазинді тонап шығайын, бірақ қашан айтты демендер, егер ұстала қалсам, бар жаланы сендерге жабамын!

Одан әрі әңгімеге зауқым жоқ дегендей сырт айналып, ауылдан шеткерілеу тұрған магазинге қарай бет алдым. Қойыртпақтанып жатқан ми батпақты да елемегендей төтелей тартып келемін.

Өз аузым - өз жауым. Шынына келсек, осының бәрін шығарып жүрген өзім. Енді бүгін «Бар жаланы сендерге жабамын» деп бұлтақтағанмен, негізгі ұсыныстың иесі де, оны жүзеге асырушы болып жүрген де өзім. Кеше: «Балалар бір әдемі ой бар, солай да солай, магазиннен бір дорба ақша алсақ, байып қалар едік» деп екеуіне өз пікірімді айтқанмын.

- Ойбай-ау, ондай атты күн болса, бір дорба ақша деген шексіз байлық қой. Бірақ оны қалай аламыз? Күндіз қаптаған адам, түнде күзетші, иттің басындай қара кү-лыптар дегендей. - Қантай шарасыздық танытты.

- Оның жоспарын жасап қойғанмын. Былқ етпендер, - деймін кәнігі ұрылар сияқты. - Бірақ ол жоспар -әзірге күпия. «Бұл шаруаны кім тиянақты түрде орындап шыға алады?» деген мәселеге келіп тірелгенде Қантай жазған алдымен жол тапқан. О баста: «Бәрекелді, міне, керемет! Табылған ақыл. Тек қана, бір-бірімізді өліп бара жатсақ та, сатпаймыз деп ант беруіміз керек. Шын достар болсақ та, серттің жөні бір бөлек. Мінеки, ең алдымен мен берейін антымды. «Егер осыдан сырымызды ашып қойсам, мені ант ұрсын!» деп антын да жұрттан бұрын беріп, ұрандап шықса да, шынтуайтқа келгенде,

табанына тас батқандай кібіртік қаққан. Ол көзін жыпылықтатып, әдеттегідей жалған жымыған:

- Былай ғой өзі, Ақа! Біз саған сенеміз дегендей... Оның үстіне, өзіндей осы істі оңына келтіріп орындай алмаспыз деп қорқамын. – «Осыным қалай, бәлелі істен сені де арашалап тұрғаным жоқ па?» дегендей ол Сарманға қараған.

- Иә, Қантай дұрыс айтып тұр. Біз қолбырап жүріп, бұлдіріп алатынымыз анық. Өзің тапқан ұсыныс екен. Ақырына дейін өзің аяқтап шық. - Сарман төрелік айтты. Бұдан кейін бұлтарар жол қалмағандай келіскенімді білдіргенмін.

Тек осылар үшін отқа түсіп тұрғандай өтірік киналғаныммен, өз шешімім өзіме айқын болатын. Егер осылардың біреуі: «Біз бара қоялық» деп суырылып шықты бар ғой, дау жоқ, бір сылтау тауып, бұл шаруаны біржола жылы жауып қояр едік. Өйткені менің жоспарым бойынша магазинге түсетін болсақ, тек қана өзімнің баруым шарт. Бұлармен бәстескенім немесе Сақым жеңешемнің сараңдығына бола өштескенім үшін ғана қиын іске тәуекел дейтін көзсіз ақымақ мен емес. Түптеп келгенде, бұл әрекет өзім үшін ғана жасалмақ.

Соңғы күндері осы Қаракожырдың қорлығынан қалайда құтылудың түрлі-түрлі жоспарларын жасап көргенмін. Ары-бері өткен жүргіншілерге жабысып, атам мен апама тартып кетейін десем, оларға көрінетін бет жоқ. Сонда не істеу керек? Сол үміт сәулесін ұшқындатқан бір ой - қалайда облыс орталығына жету. Сонан соң әкем Сейдіннің соғыста өлгенін айтып, жетімдер үйіне орналассам деймін. Олар да адам ғой, түсінер, қабылдар. «Шіркін-ай, сонан соң бұрынғыдай жақсы оқып, азамат болған кезімде: «Мен өздеріңнің Ақтандарыңмын ғой. Сендерді асырау үшін келдім» деп атам мен апама жетсем. Олар да өздерінен қашып кеткен иттігімді кешірер еді- ау» деп қиялдаймын.

Пәлен жүз шақырым жердегі облыс орталығына жету үшін, жеткен соң да орналасқанша күн көру үшін қаржы керек. Оны маған кім береді? Ақша табудың төте жолы - Сақым жеңешемнің магазині болды да тұрды. Ал магазиннің ішінде жасырынып қалу үшін, міндетті түрде, Сарман мен Қантайдың көмегі керек еді. Тек сол үшін оларға сыр ашқанмын.

Сарманның «Өзің аяқтап шық» деген төрелігінен кейін сәл ойланғандай болып:

- Жарайды, ертең магазин жабылуға бірер сағат қалғанда осы ескі қойма жанында кездесейік, - дегенмін.

Бүгінгі кездесудің мәні кешегі уағданың нәтижесі болатын. «Осы ит шынымен бұлдіріп жүрмесін» дегендей екеуі де езіліп жатқан лайсаң батпақты елемей, менің ізіме түсті.

- Ақа, былай нетіп, аздап ақылдассақ қайтеді. Шындығында, бір бәлеге ұрынып жүрерміз! Тәтем біліп қойса, мені өлтіреді ғой... — Қантайға «Жаламды сендерге жабамын» деген сөзім қатты батса керек, енді басқаша гөй-гөйіне басыпты. Тек Сарман ғана үнсіз, кәнігі атамандар сияқты әліптің

артын бақпақ. Мен енді соның жалынуын, «кешір, досым, өнбейтін іс екен, қоя-ақ қояйық» десе екен деймін. Бірақ ол бәленің жағы қарысып қалғандай, ләм десінші, кәні.

Біз магазинге тақай бергенде қарсы алдымыздан атқа мінген Қайрақбай қария жолықты.

Өзі бұрындары біздің ауылда болып, осы жерге бертінірек көшіп келген көрінеді. Атам Зейтіннің тұстасы, тіпті бірге өскен екен. Содан ба, мені көрген сайын «Асылдан қалған тұяқ, азамат болды деген осы, бірақ анау жаман атаңнан кетіп қалғаның оңды болмаған» деп қамқорсып, іш тартып жүретін. Өзіммен-өзім болып келе жатып, қариямен сәлемдесуді де ұмытыппын. Шал атының басын тежеп, жаңа көргендей маған еңсеріле қарады.

- Әй, Сейдіннің сарысы, сәлем қайда?

- Ас-ас-салаумағалейкум, ата!

- Е, жөніңе енді көштің. Сен түгілі әкең Сейдін марқұм алдымыздан кесе-көлденең өтпейтін еді. - Сол кезде Сарман мен Қантай жамырай сәлемдесті. - Міне, жігіт! Аман болыңдар, айналайындар. Мен сияқты ақ сақалды, сары тісті шал болыңдар! Сөйтіндер, әкелерім!

«Ақ сақалды, сары тісті шал болуды» тапсыру үшін әдейі тоқтағандай торы атын тебініп, жолын жалғастырды.

- Шынында осыны қояйықшы, а?! - Қасыма жанасалай келген Қантай жыламсырай үн қатты.

Шыбжыңдама! Немене, зәрең ұшып, берекең кетіп қалды! - Сарман Қантайға окты көзімен қарап, арс ете калғанда Қантай, әрине, мұндай қатал ескертуден кейін дымы шықпай жым болды. Оны қойшы, күніне үнін жүз дүркін шығарып, дымын жүз дүркін жым қылса, соған үйренген көнтері жан ғой, бәрінен бұрын «әлі де бұлар жалынар, тоқтатар» деп, есек дәмемен келе жатқанымда, бұл бұрыларға жол қалдырмай, мені ширықтыра түсетін шешім болды.

- Әдемі беттеріңнің әрін мен үшін кетірмей-ақ қойыңдар. Сендер іздеген бәділес мен емеспін. Басқа жақтан іздерсіңдер оларыңды... - Сарманға қарап, әдейі жалымды күдірейтіп, оның айналдырған екеуімізге атаман болғысы келетін һарами ниетін қасақана мойындамай тұрған сыңайым. - Өзім ұсталсам да, сендерді сатпаймын, тек қана ертең олжадан тең үлес дәмептейтін болыңдар! Сондықтан, менің магазиннің ішінде қалғанымға көз жеткіземіз демесеңдер, ол жаққа бармай-ақ қоюларыңа да болады.

Соңғы байламым біраз әсерлірек шықса керек, Сарманымның арыны азайып өалғандай, дау айта алмады. Бірақ мен қайтыңдар дегенге қайтып та кеткен жоқ, бірге келіп, шағын магазинге кірдік.

Магазинде көп ешкім жоқ екен. Екі-үш әйел ғана саудаларын ерте тәмамдаса керек, тек ауылдың жалғыз аяқ өсектерін ғана ермек етіп тұрған сыңайлары бар. Сатушы Сақым жеңешем де жайма тақтайға қос шынтақтап алып, әңгімеге елтіп қалыпты.

Қойғандары суып қалғандай тарп-тұрп басып кіріп келген үшеуімізге іште тұрғандар жаратпағандай ожырайыса карасты. Әрине, жарытып сауда жасамасымызды Сақым жеңешем жақсы біледі. Онсыз да келімді-кетімдінің аяғымен былғанған едендерін одан өрі ластағаннан басқа «пайдамыз» болмаса, оның үстіне шұрайлы әңгімелерінің шырқын бұзсақ, бізге ожыраймағанда кімге ожырайсын?!

- Қой, үйбәй, сиыр сауатын да уақыт болыпты ғой. Біз қайтайық. - Үш әйелдің бірі ішінде көкегі бар қабырға сағатқа қарады. Қалғандары да қолдарына сөмкелерін алып, қозғала бастады.

- Әй, жаңағыны ұмытпа. Әдіре қалғыр, бастықтың қатынынан қай жеріміз кем?.. - Біз үшін өте жұмбақ, бірақ өздері үшін өте түсінікті сөйлемін аяқтап үлгермей «сиыр сауатын уақыттың болғаны» алдымен есіне түскен әйел керіле басып, есікке беттеді. Қалғаны да сөйтті. Мен оларды жанарыммен шығарып салған болып, босағада тұрған әлде сабын, әлде шайдан босаған төңкерулі бос тұрған жәшікке карадым. Кешегі тұрған орнынан қозғалмапты.

- Қане, шаруаларыңды айтыңдар да, табандарыңды жалтыратыңдар. Магазинді жабамын, - деді Сақым жеңешем де қабырға сағатына қарап.

- Жеңеше, кәмпит беріңізші. - Өзімсіне еркелей сөйледім. Қарақожырдың немерелес інісінің зайыбы болғандықтан, жеңеше деп ептеп әзілдейтінім болатын. Қарақожырдың өзін әке деп тани алмай жүргенде, оның ағайын, жамағайындарын туыс деп қайтейін, әйтеуір, қолында ең байлық тұрған адамды іш тартып, жағымсынған түрім ғой. Моншадан жаңа шыққан адамдай қысы-жазы беті нарттай қызарып жүретін жеңешем нағыз шық бермес Шығайбайдың өзі. «Жеңешелемек түгілі шешетайласаң да, ай-жылына бір рет екі-үш кәмпитті санап беретін. Бүгінгі қанқұйлы ниетке тәуекел етуіме бірден-бір итермелеп, ой салған да жеңешемнің осы сараңдығы. Кеше сиыршы Оспанның төртіншіде оқитын су мұрын Құлдығы тек кәмпитпен ғана қоректеніп жүрген немедей тәттіні уыстап шайнап тұрған соң қызығып кетіп: «Біреуін берші» дегенімде: «Кейек болса, өжің сатып ал» деп кәмпит толған аузымен тілге әрең келіп, теріс айналған соң, шыдай алмай Сақым жеңешеме барғанмын.

- Әйдә, сендер үшін кәмпит егіп отырғаным жоқ, - деп, жау көргендей түре қуып шыққан. «Бәлем, осыныңды алдына бір келтірмесем, Ақтан атым өшсін!» деп, содан өшігіп шыққанмын.

Бүгінгі кәмпит сұрасым - әншейін сылтау. Әйтпесе, сынық тәтті татырмасына бүгінгі күннің батып, таңертең қайта шығарына қандай сенсем, бұған да сондай сенемін. Пайғамбар екенмін, жеңешем нарттай қызыл жүзін бұрмаған күйі тіл қатты.

- Сенің кәмпитіңе деген ақшаны анау шешең өткізіп қойып па еді?! — Содан кейін барып бетін бермен бұрды. - Ана Қаржау өгей де болса әкең емес пе, сол берсін ақшаны. Диірмен емес, құдайдың құлағын ұстағандай шіренгенде төрт қабат үзеңгі бауын үзердей ғой...

Жеңешем менің үй ішіме деген өшпенділіктің арғы-бергі жағындағы көзқарасын ашық мәлімдеп тастады. Олар үшін намысқа шауып, қолында өле

қалайын деп тұрған мен жоқ, есілдертім өз мақсатымды жүзеге асыру. Өзіміз күндіз барлық асықтарымызды, бәкілерімізді дегендей балаларға саудалап жинаған үш сом ұсақты сол кезде Сарман қалтасынан шығарды. Бұл данышпандылықпен жасалған ұлы жоспардың бірінші кезеңі. Бетшағар, сазбет екен, сасқан жоқ.

- Апай, атам бір айыр сатып алып кел деп еді. - Түпкі және ауызғы бөлмесі бар шағын магазинімізде шеге, сіріңкеден, қант-шайдан бастап, қамыт-сайман, тон-пальто, оқу құралдары мен мата-шұлық сияқты бір-біріне тұқымтегі ұқсамайтын заттар сатылатын. Ауызғы бөлме магазин, түпкі бөлме қойманың міндетін атқарады. Қант-шай, сіріңке сияқты әркімге күнделікті қажетті заттар магазинде тұрады да, жұрт сирек сұрайтын тұрмыстық заттар түпкі бөлмеде. Біздің шағын саудамыз үшін түпкі бөлмеде тұратын айырды таңдауымыздың мәні сонда болатын.

- Екі теңге жетпіс сегіз тиын, - деді жеңешем ақшаны алып жатып.

- Ыздашына кәмпит! - Бұл Қантайдың шаруасы. Жеңешем ақшаны жан қалтасына салды да, әрқайсымызға екіден санаса керек, сыртына құм шекер түйіршектері жабысқан қызыл домалақ конфеттің алтауын гірге тартпай-ақ Сарманға ұстатты. Сөйтті де түпкі бөлмеге қарай мамырлады. Менің күткенім де дәл осы сәт, ойланбастан лып етіп, босағадағы бос жәшікті көтеріп, астына кіріп отыра қалдым. Екі қадам жер емес, екі шақырымнан жаяу бәйгеден келгендей, жүрегім кеудемді жарып жіберердей ал кеп туласын. Сөйткенше жеңешемнің қоңыр қаздың даусындай әдемі үні естілді:

- Әлгі шешек қайда зып ете қалған? - Жүрегім аузыма тығылды. Біреу «Әй!» десе қолқамды сүйреп, аузымнан шыға жөнелердей.

- Е, өзіңіз қайныңызды өкпелетіп қойдыңыз ғой... - Қапастай қараңғы, көрдей тар жәшіктің астында тұқырып отырып, Сарман залымның жайма-шуақтатқан үнін еркін таныдым.

- Өкпелесе өкпесі түссін! «Баламды конфетке тойғызып тұр» деп, әкесі тапсырып кеткендей, сұрай бергеннен ұялсашы бір. - Жеңешемнің бұл үні өз шешімімнің дұрыстығына мені тағы да бекіндіре түсті.

Сөйтіп, аса көрегендікпен жасалған ұлы жоспарымның екінші кезеңі ойдағыдай жүзеге асты. Бұл жоспар бойынша түнімен керек-жарағымды, мөлшерлі каржымды алып болған соң ертең магазин ашыларда қайтадан осы жәшіктің астына жасырынбақпын. Әрі қарай белгілі, жұрт көбейген кезде байқатпай жәшігімнен шығып алып, зытып отырмақпын. Әзірге жоспардың екінші кезеңі сәтті басталды. «Сақтықта - қорлық жоқ» дегендей бұл кезеңдегі немесе ертең жәшіктен шығардағы өз әрекетімді актаудың кейбір шаралары қарастырылған. Егерде жеңешем: «Ой, шешек келгір, мұнда неғып отырсың?» деп ұядан көжек суырғандай ғып жәшігімнен сүйреп шығарса: «Ой, жеңеше, қорқытайын деп едім» деген сылтауды даярлап қойғанмын. Күллі аруақ-әмбиелер қолдап, қызыл бет жеңешем екі досымды алдына салып, тырп-тырп басқан күйі, дәл тұмсығымның түбінен өте шықты.

Сезбеген сияқты. Есік сарт жабылып, іште жатқан жауды қайдан білсін жазған, сырттан келіп біреулер тонайтындай салдырлатып, біраз құлыптарды кілттеді.

Әлдебіреулер мені аңдып тұрғандай екі бүктеліп отырған орнымнан қозғалуға қорықтым. Асығыстық - шайтанның ісі, не болса да аз уақыт күте тұрған жөн болар. Жаңағыдай емес, жүрегімнің тарсылдай соғуы баяулап, бір қалыпты күйге түскен сияқты. Өз жоспарымның үшінші кезеңінің де мүлтіксіз жүзеге асқанына риза болып отырмын. Магазинге кірер алдындағы бойды алма-кезек билеген килы-қилы ойлар ыдырап, оның орнын «Мұндай теңдесі жоқ ерлік тек қана менің қолымнан келеді» дегенге ұксас бір алкеуде мақтаныш иектеді.

«Ендігі Сақым жеңешем үйіне барып, бұзауын ағытып, сиырын идіріп жатқан болар. Сақтанғанның жөні сол деп қараңғы жәшіктің астында жатамын ба?» деген оймен ептеп қана бойымды тіктеп, жаңа ғана өзімді сыртқы көзден жасырған «баспанамды» көтере тұрдым. Жәшіктің іші ғана тастай қараңғы екен десем, магазиннің іші де көзге түртсе көргісіз екен. Аз ғана бой үйретіп, көз үйретіп алу үшін тұрған орнымда тапжылмай біраз аялдауға тура келді. Жүн-жұрқа жинап жүріп, былтыр жазда о дүниесіне асығыс жүріп кеткен әкесі Таңатардан қалған мүліктей қызғанатын Сақым жеңешемнің осындағы тәтті-дәмді қазынасы сәтін салса, қазірден бастап, менің иелігіме ертеңгі күн шыққанша толайымен көшпек. Көбіне қызыл аш жүруге дағдыланып қалған жаман қарын жарылып кетпесе, бүгін бір армансыз серкұмардан шықпақ. Шешелерінің алдарына уыстап салған бидайларын шайларына жүздіріп ішкендеріне мәз болып, Сарман мен Қантай жатсын солай. Өздерінің тәуекелдері жетпейтін неме ғой. Әй, бірақ ол екеуінің де бүгін ішкендері - ірің; жегендері - желім болар-ақ. «Шіркін, Ақтан кәмпиттен бір, прәндіктен бір тістеп, шертіп отыр-ау» дегенді ойлаудың өзі екеуінің де діңкелерін құртып болар, бәлем. Сол керек, оларға!

Сырттан жабылатын терезенің ағаш қақпағының және есіктің саңылауларынан түсетін кешкіліктің өлеусіреген сәулесі аз да болса магазиннің ішіне ала көлеңке түсіреді екен. Жеңешемнің бағана іліп кеткен халаты бір бұрышта ағараңдайды. Әлдекімдер әдейі аңдып тұрғандай жан-жағыма үрейлене қараймын. «Тәуекел, осы ала көлеңке бар кезінде біраз «шаруамды» ыңғайлап алайын» деген оймен мысықша басып, орнымнан козғала бергенім сол еді, сыртқы есікті әлдекім тықыр еткізгендей болды. Жалма-жан жәшігіме ұмтылдым.

- Әй, Ақтан! - Жүрегім тағы да атой салып, дүрсілдей жөнелді. Енді басыма кигізгелі жатқан жәшікті орнына қойдым. Үнің жердің астынан естілгір, Сарманның даусы.

- Ақа! - Мынау мияулап тұрған Қантай. «Қап, иттер- ау, бүлдірмесе болар еді де. Ақырын басып, есікке жақындадым.

- О не? Не керек сендерге? Жылдам кетіңдер! - Есіктің түбіне келіп екеуіне бірдей бағышталған наразылығымды жолдадым. Әлде үрей, әлде ызадан тұла бойым қалш-қалш етеді. Таңдайым құрғап, сөзімнің соңына үнім әрең жетті.

- Түнде қорықпайсың ба? - Сарман жанашырлық білдірді.

- Сені жаңа тәтең іздеп жүрген. «Осыдан қолыма түссе, желкесін үзермін, бәлем!» дейді. - Қантай мен үшін көп жаңалық болудан қалған соңғы хабарды айтты. - Біз: «Көрген жоқпыз» дедік.

- Кетіңдер! - дедім екеуінің сөзіне де жауап бермей- ақ. Қантай кетіп бара жатып, өз құлқынын күйттеді:

- Бізді де ұмытпа! — «Менің тәтемнің желкемді үзгелі жүргені туралы емес, осыны айтқалы келген боларсың, көзелім» деп ойладым.

Айнала әбден тынышталды-ау деген кезде, жайма тақтайдан өтіп, бірден кәмпит салған жәшіктің қасына бардым. «Ойланып-толғанып тұра берер не бар, қолды көсіп жіберіп едім, саусақтарым арқылы-ақ доп-домалақ болып шүпірлеп жатқан көңіл құртын сүйсіне сезіндім. Үшеу-төртеуін бірден аттандырып, ауызға салып басып-басып қалып едім, бырс-бырс жарылып, балын таңдайыма шашыратты. Дәмін алып, сорып тұратын санаулы дүние емес, мол қазына таң атқанша толғаса да қыңқ демейді. Төрттен-бестен едел-жедел біраз тиіскен соң таңдайым темір татып бара жатқандай. «Шіркін, алдыма келіп біреу жарты қап кәмпитті қоя салса, өй, бір жартысын жер едім» деген қиялым бос сөз екен. «Тойған соң тоқтының еті топырақ татиды» демекші, бағанағыдай емес, қызыл домалақтарға наразылау ғана қараймын. Аузымның дәмін келтіру мақсатында ғана қапта тұрған құм шекерден уыстап алып, бірді құйып едім, ол да бұрынғыдай аса тәтті көріне қоймады. Ең дәмдісі де, ең сүйсініп жер дүние прәндік пе дедім бұл магазиндегінің. Асығатын не бар, таң өзімдікі. Ала көлеңке сәуле барда айналаны барлап алайын, тамақтануға содан соң бірақ отырармын деген оймен жеңешем ақша қоятын тартпаны аштым. Мәмпәсидің қалбырына толтырып қойған бір уыс майда сары ала тиынды сау еткізіп, шалбарымның кең құрсақ қалтасына тоғыта салып, бүкіл тартпа атаулыны тінтейін. Жоқ! Қолың сыңғырдың, қай қуысқа сүңгітіп жібергенін кім біліпті! Ұшты-күйлі жоқ. Тай-тай маталардың арасына қол жүгірттім. Жоғары-төмен бәрін түгендедім. Бірінде сабын, бірінде айна-тарақ дегендей, өңшең мен үшін көк тиындық құны жоқ дүниелер іліне берді. Біраз жерді шарлап, көп дүниелерді қопарғаныммен, «ойбай, ұры түсіпті» дегізбес үшін ізімді барынша жасырып, әр затты өз орнынан қозғамауға тырысып жүрмін. Саңылаудан түскен соқыр сәуле бірте-бірте мүлде сөніп, магазиннің ішінде қою қараңғылық ұйыды. Сыртта да мөңіреген сиыр, маңыраған қой дегендей кешкі ауылдың тынысын білдірер күллі дыбыстар тынып, айнала тыныштыққа бөгіп қалыпты. Тек ауылдың жоғары жағынан барқ-барқ етіп үрген бір пысықай төбеттің дыбысы естіледі.

Ендігі іздестіру шаруасын ақырын сіріңке шағып, барар тұстарды бағдарлап-бағдарлап алып жалғастырмакпын. Онда да катар орналасқан ұжымшар кеңсесі мен магазинді күзететін бағанағы Қайрақбай шал қаңғалақтап келіп калса, сіріңкенің жарығын байқамасын деген ішкі есеппен есіктің саңылауына жеңешемнің ақ халатын жаба іліп қойғанмын...

Осында болуы керек-ау деген «күдікті» қуыстардың біразына тінту жүргізілгенмен шаруа нәтижесіз аяқталды. Тіпті ілулі тұрған күпәйке, тондардың қалталарын да тінтіп көрдім. Ақыры ауыл түгел тәтті ұйқы құшағына кірді-ау деген тұс болса керек, іздеу жұмысын тоқтатуыма тура келді... Уақыт мөлшерінен қателеспегенімді білдірейін дегендей қызыл іңірден бері маған серік болып тықылдаумен тұрған қабырғадағы көкек-сағат он екі дүркін көкегін шақырды. Демек, түнгі сағат он екі болды деген сөз. Әлде иен магазинде жалғыз жүрген соң қорыққаннан ба, әлде кәмпит, әлде басқасы, әйтеуір жүрегім айнып, аузыма дәм-татуы жоқ кара су келе береді. «Табылмаса табылусыз қалсын! Тапқан күнде көп ақшаны не істемекпін!» деген ойға келдім. «Расында да магазинге неше күнгі саудадан түсетін ақшаны тауып алсам қайтер едім? Анау екі куға бөліп беру үшін бе?! Оларға бір-бір уыс тәтті-дәмді апарсам да, көкелері базардан келгендей қуанар. Қайта ақша жоғалған соң Сақым қарап калар ма, шынында да мені таптырып алып, түрмеге қамауы әбден мүмкін-ау. Сондықтан ақшаны таба қалсам өзіме жолға жетерлігін ғана алып, қалғанына қызықпай-ақ орнына қояр едім. Өттең, қырсыққанда табыла қояр дейсің бе? Осы бір аз-кем пайдалы ойдың келе қалғаны мұндай жақсы болар ма, тіпті мәмпәси қорабындағы тиындарды түгел котара салып алғанымның өзін көр соқырлық, күдік туғызар белгіні әдейі тастағанмен бірдей іс деп таптым. Жедел орнымнан тұрып, бағанадан бері шалбарымның бір балағына қорғасын байлағандай ғып алып түсіп жүрген тиындардың біразын құт мекенді құтысына қайта қондырдым. Соқыр саусақтар қараңғының өзінде уыс толар тиындардың дені кетіп қалды-ау дегендей біразын қайта алып шықты. Оны негізгі бөлістен бөлек, өз еншіме басы бүтін қалсын деген оймен оңаша оң калтама орналастырдым.

Мұрныма әлдеқайдан тұзды балықтың иісі жетсін. Сілекей бездерім «әкел, әкел» дегендей аузымның суын ағызсын. Қалқалап сіріңке жағып, іздеп көріп едім, аузы ашылған дөңгелек қалбырда бығып жатқан кара жон май шабақтар көздің жауын алды. Біреуін құйрығынан сүйреп әкеліп, басын қыршып алдым да, жұртқа зат орап беретін қағаздың үстіне тастадым. Сүйегіне дейін былп-былп етеді. Тұз сіңді жағымды дәмі қандай, шіркіннің! Кемі жеті-сегізін қызыл сайдан аттандырған соң барып, басымды бірақ көтердім. Кәмпиттен келген зобалаңды тұзды шабақ біршама дұрыстаған сияқты. Тұзды балыққа сарығым басылған соң, кара бидайдың ұнынан, сыртына әлдебір тәтті дүние жағып пісірген, жас баланың жұдырығындай кара прәндіктен тағы да екеу-үшеуін жедім. Тәбетім керемет шауып тұрмаса

да, күні ертең осы бір молшылық дәуренді шағымды сағынарымды біліп, алдағы күндердің есесі етіп қаузадым.

Жон аркам тұтасып, тұла бойым тоңази бастады. Оның үстіне эзәзіл ұйқы иектеп, сәт сайын есінетіп мазалай бергені. Тамаққа тойып, негізгі мақсатты жүзеге асырған соң, бағанағыдай емес, иен үйдің қорқынышы бойды билей бастағандай. Сырттан келер жаудың жоғын да, жеңешем салған бес-алты құлыпты бұзар бұзақының бұл маңайда болмайтынын да білемін. Менің үрейім - түнде адам жатпайтын осындай иен үйді торуылдап, таң атқанша ойнақ салатын жын-шайтандар. Олардың ортасына түскен адамды алдап-сулап ұйықтатып алып, кылғындырулары да ғажап емес. Ондайда жын-шайтандарды жолатпаудың жалғыз жолы - ұйықтамау, тіпті болмаса ұйықтағанша «Бісмилдә-бісмилдә» деген киелі сөзді кайталап айта беру керек. «Бісмилдә» сөзі жын-пері сияқты эзәзіл атаулыны күншілік жерден үркітеді-міс. Бұл - маған апам айта беретін уағыз.

Сондықтан, жан шіркін қашан да тәтті ғой, аузымның дәмін «бісмилдәмен» ала жүріп, қамсауы аз ескі күпәйкемнің сыртынан қарағайдай қара тонды киіп алдым. Енді бірін жайма тақтайдың үстіне жайып, бірін әкеліп басыма жастадым. Мол дүние неге жаман болсын, ханзада жатар құс төсектей жұп-жұмсақ төсеніш даяр болды. Бірақ бір шөл қыссын. Біраздан соң ұмытармын деп ойлап едім, кайда-а, барған сайын тамағым кеберсіп, бүкіл ішкі сарайым да жаңбыр суы кепкен соң айғыз-айғыз болып айырылып жататын сортаң жердің қағы сияқты әбден тобарсып, енді-енді жыртылардай. Кесірдің бәрі төбесінен жүргіріп, бағанағы қара жон май шабақтардан-ақ болса керек. Қара жанымды шығарардай аңқамды кептіріп әкетіп барады. Қызыл домалақ кәмпитке жүрегі түскір дауаламай қалыпты. Аз да болса шөлді басар ма екен дегендей қол созып, біреуін алдым да қайтадан жәшігіне тастадым. Бұрын бұл шіркінді өліп-өшіп сонша неліктен жақсы көргенімді түсіне алмай аң-таңмын. Біздің Кеңөткелдің маңдайына біткен жалғыз магазинде өзім осында болған бір жылға жуық уақыттың ішінде арақ-шараптан басқа сұйық тектінің сатылғанын көрсем көзім шықсын. Ондай сұмдықты жер басқалы он үш жастан асып бара жатқан ғұмырымда жо-жок, ауызға алып көрмегенмін. Бірақ Қарақожырдың сол арақ-шарап деген пәлені ішіп келген күні міндетті түрде тәтем екеуіміздің төрт аяғымызды бір етікке тыққанына қарап, сол шіркіннің өте кесірлі сұйықтық екенін жақсы біліп, анадайдан араздасып жүретінмін. Оны ішкенше шөлден-ақ қата калсамшы. Жо-жок, қолма-қол ол тым қатал шешімімнен қайтуға тура келді. Өйткені қарадан-қарап отырып, шыбын жанды шыр еткізіп, кеудеден ұшырып жіберу оңай дейсіз бе?! Ханзадаға лайық төсегімнен тұрып, «бісмилдәмді» сырттай да, іштей де қайталай жүріп, жерге түсуіме тура келді. Сіріңке шағып, бұрышта тұрған жәшіктен бір шөлмекті суырып едім, сыртындағы қызыл жиек қағазда «Водка» деген жазу сайрап тұр екен. Қылқа мойнына дейін қылқылдата

толтырған арақты шөлмек сыртынан қарағанда тұманның суынан ажырату киын. «Ий, пәлекет» дедім иісі мұрныма келмесе де тыжыранып. Судай мөлдіреген сұйықтық ертегілерде айтыла беретін құмыраның ішіне жасырынған жалғыз көзді жын сияқты көрінді. Қазір шөлмектің аузын ашсам гүрілдеп кеп, кеңірдегімнен шеңгелдеп ала түсердей. Жоқ, сен менің қолым емессің. Шіркін-ай, дәл қазір қолтықтап апарып екі шөлмекті бірдей Қарақожырдың алдына қондыра қойсам, сүйегіне баяғыда қына шығып кеткен әкесі тіріліп келгендей қуанар еді-ау. Күтіп отыра тұрсын, атасының басы апарармын! Шырпымды қайта шағып, екінші бұрышта тұрған жәшіктерге беттедім. Толып тұрған бос шөлмектер екен. Көңілім кұлазып қалғандай. «Әй, осы шіркінді ішемін деп жүріп, тағы бір бәлеге ұрынармын. Масайып қалсам есікті тоқпақтауым да мүмкін-ау» деген тағы бір соқпа ой килікті. Бірақ май шабағы түскір әкелген зобалаң шыдатар болмады. «Тым болмаса бірер ұрттап таңдайды жібітуім қажет. Ұшқан құс, жүгірген аң өте алмайтын «Қызылқұм, Қарақұм деген шөл далаларда кейде адамдар да бір жұтым суға зар болып өледі» деуші еді, сондай құм далада емес, ауыл іргесінде тұрған «азық-түлік және өндірістік тауарлар магазинінде» жатып, шөлдеп өлу, әрине, әділдік болмас еді. Сондықтан іздеу жұмысымды жалғастырып, түпкі қоймаға кірдім. Абырой болғанда, қойманың ортасында тұрған бірнеше шөлмекті жәшік ұшыраса кетті. Шырпының жылт еткен жарығынан «Портвейн» деген жазуды жазбай таныдым. Осы жирен қызғылт менің қолым болуға тиіс. Біреуін суырып алып, сыртына жұкқан бес елі шаңды әлдебір киімнің етегіне сүртіп алдым. Жатар орныма жақындап, аз ғана әзірлік жасап, аузы ашық қаптан бір прэндік суырдым. Қарақожыр сияқты «зөкөске» даярлағаным. Шөлмектің қаңылтыр тығынын тісіммен оп-оңай жұлып алып едім, терінің иінің иісі ме, әлде шіріген картоптың иісі ме, әйтеуір, бір қышқылтым кермек иіс қолқамды қапсын. Күй талғап жататын жай қайсы, шөлмектің аузынан езуімнен сорғалатып, үш-төрт дүркін жұттым. Бір түрлі кермек дәм таңдайымды құрғатып жіберді. Бекер обалы қане, «су-су» деп өре тұрған бүкіл ішек-бауырымды сәл болса да қанағат таптырар мұздай суық екен. Ішімді қуалап, шапқылай жөнелген суық шарап, неге екенін қайдам, жүрген жолына ыстық леп шашып, тұла бойымды жылытып жіберді. Әлде қараңғылық, әлде шараптың әсері - әйтеуір басым зең-і-іп бара жатты. Жалма-жан прэндігімді иіскедім. Қарақожыр сөйтіп жатушы еді. Бір тістеп, екі-үш толғадым. Шөлден әбден кеуіп қалған таңдайыма суық шарап тағы да қажет сияқты. Нар тәуекелмен тағы үш-төрт толғадым. Жығылып қалмайын деген оймен баған ағаштан ұстап шөлмегімді аса бір жайлы орынға қонақтаттым. Сонан соң сипалап жүріп, ханзадаға лайық төсенішімді тауып алып, жантайдым. «Бісімілдә-бісімілдә!» Қалғып кетсем, жын-шайтан келіп

кылғындырмасын дегенім. Төсегім астымдағы жайма тактаймен косылып орнынан жылжып барады. Көзімді аштым, көрдей тымырсық қараңғылық. Ештеңе көрінбейді. Тек қызылды-жасылды шеңберлер қарашығыма бір жақындап, бір алыстап, қаптап кетіпті. «Бісмiлдә-бісмiл- дә!» Көзімді қайта жұма қойдым. Бәрібір қызылды-жасылды шеңберлер көбеймесе азаяр емес, бәрібір мен жатқан тактай тағы да қозғалып жүріп кеткендей.

Басымды төсенішімнен жұлып алдым. Мүмкін, жер жылжып бара жатқан шығар, мүмкін магазиннің үйі көшіп бара жатқан болар, әлде мен жатқан төсеніш пе екен?.. «Қалай болғанда да шыдауым керек, ешкім зорламай-ақ өз еркіммен келген соң, жол ортада масқара болмай, бәріне көнуім керек. Қорықтым деген күнде мені келіп құтқарып алар кім бар? Шыдау қажет қалайда!» Жермен бірге көшіп жүріп те осындай ойға келіп, өзімді жігерлендірдім. «Тик-так, тик-так». Қабырға сағаттын таңдайы әлі тықылдайды. «Демек жер де, магазин де» көше қоймаған болуы керек. Әрине, айналып тұрған өз басым. Оған көз жеткізу үшін мынандай тәжірибе жасасам да болады... Орнымнан тұрып жерге түстім. Рас, жайма тактай қозғалмайды. Тіпті бәрі мен жерге түскен соң қозғалғанын қоя қойғандай. Аузымның дәмін алдым. Шараптың жағымсыз иісі сезіледі. «Дегенмен, шіркін өзі мұздай суық екен». Сол-ақ екен, әлі де шөлімнің басылмағанын сездім. Бұрынғысынан да өршіп кеткендей. «Не болса да жаңағы пәледен көрейін...» Аздап ішілген шөлмекті тауып алып, жүрексінгендей біраз отырдым. «Қарақожыр сияқты қолыма шөлмегімді ұстап, өстіп тұрғанымды Сарман, Қантайлар көрсе не дер еді? Екеуі жабылып ұрсар ма еді? Шіркін-ай, екеуі жау түсіріп келгендей болып қазір ұйқыны соғып жатыр-ау... Тәуекел, шөлімді басар ма екен?». Тағы да шөлмектің қазынасының біразын дендедім...

...«Тик-так...» Қабырға сағаттың үні де алыстап бара жатқандай. Арқама қорғасын артып қойғандай, тұла бойымды жер тартады. «Жерден тоңып... сыз өтіп ауырып калармын. Төсенішіме жатуым керек». Өзімді-өзім үгіттегендей жайма тактайға әрең көтеріліп, қисая кеттім...

«Құлыным-ау, сол не болғаның бұл?! Қарашығым-ау, бізді зар еңіретіп кеткенде осындай күйге түсіп пе едің?» Апам байғұс қой мені іздеп келген... Жеткен екен ғой, жан апам.

- Апа, апатайым! Енді кетпеймін өмір бойы! Өле-өлгенше қасыңда болайын, апатай! - Ағыл-тегіл жылап жатырмын.

Бірақ бүкіл жердің тоқтамастан шыр айналғанын сезіп жатырмын, тек апамнан, жан апамнан айырылып қалмайыншы...

Қозы жайып жүрміз. Қасымда Серіктайым бар, өзімнің соңымнан ерген жалғыз інім ғой. Көктем-ау деймін. Иә, көктем болмаса жас қозылар болмайды ғой. Айнала түп-түгел бояуға малынғандай жап-жасыл. Жер де, тау да, тас та, тіпті біздің анадай жердегі киіз үйіміздің туырлықтары да жап-жасыл. Қызық, қозылардың жасыл болғанын көргеніңіз бар ма? Ал біздің бағып жүрген қозылар да жап-жасыл. Бір жасыл әлем дерсің. Өй, мейлі жасыл болмақ түгілі қып-қызыл боп кетсін. Өзімнің атамның қозысын

баксам, қасымда сыңар қанатымдай Серігім болса, басқасына пысқырамын ба?! Токта... токта... Мен мұнда қалай келіп қалдым? Бұларға «Ал, сау болыңдар деуге жарамай кетіп қалып едім ғой. Содан өлі қайтпағанмын. Сонда қалай болғаны?»

«Ақтан-Ақтан! Ананы қарашы!» Серігімнің жан даусы шықты. Қолын шошайтып, аспанға қарайды. Қара-а- а-сам, өр қанаты бір-бір туырлықтай алып қара құс шүйлігіп келеді. «Е, самұрық құс деген осы екен ғой. Қозыларымды алдырып қойсам, атам ренжиді-ау». Сөйткенше, самұрықтың қанатының желінен ұшып түстім, ес жиып үлгергем жоқ, әлдене жон арқамнан құшақтап аспанға әкетіп барады.

«Ақтан, ағатайым, Ақтаным!» - Серіктің жан даусы шықты.

«Құле-е-ене-ем, жалғыз-е-е-ем!» - Апам сорлы ғой, тағы да аспанға алақанын жайып зарлап қалған.

«Қалай, бала! Сорыңды қайнаттым, ә! - Жап-жасыл әлеміңді - бүкіл балалық шағыңды тонадым мен сенің! Оны білесің бе?!» - Мені көтеріп келе жатқан құс сөйлеп қоя берді. О, ғажап, үні Қарақожырдың даусынан айнымайды.

«Ағатай, жіберші! Атама, апама, Серікке жіберші!» - Жалына тіл қатам, бірақ екі бүйірімнен қысқан сойдақ тырнақтар тынысымды тарылтып барады.

Жаңағы жасыл әлем түгелдей сары күрең болып кетіпті! Жерде, тү-у төменде қалып қойған апам мен Серік те сары ноқат болып көрінеді.

Басым айналып барады. Жүрегім айнып, бүкіл ішек-қарным аузыма келіп кептелді. Шы-д-д-ай алар емеспін.

«Ө-у-у-h-h!» Көзімнен жас парлады. Ішкен-жегеніммен бірге ішек-қарным да аузымнан шығып кетердей.

- Кім? Кім деймін бұл?!

Көзімді ашып алдым. Көзімді ашқанмен ештеңе көрінбейді. Қараңғы, тастай қараңғы көрде жатқандаймын, жанарымның алдында қызылды-жасылды шеңберлер бір жақындап, бір алыстап көлбең қағады. Мен өлік шығармын. Жоқ, онда неге лоқси ышқынған өз үнімді өзім естіп жатырмын?

«Тик-так, тик-так!» Міне, мынау сағаттың тықылы. Оны да естіп жатырмын. Демек, мен - тірімін!

«Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ!» Біреу есікті ұрғылап тұр. Оны да анық естіп жатырмын. Демек...

- Өй, кімсің деймін, жынсың ба, перісің бе? - Ал, мынау, мынау мені: «Асылдан қалған тұяқ, азамат болды деген осы» деп жүретін Қайрақбай атамның даусы... Токта, мен қайда жатырмын? Көзімді кеңірек ашып, басымды көтердім. Әлдекайдан күміс жіптей болып бозамық сәуле көрінеді. Сөйткенше есік тағы тоқылдады. Жалт қарадым. Қиюы қашқан есіктен түскен сәуле мол екен. Көз үйренді ме, айналадағы заттардың сұлбасы көріне бастады.

Құдай-ау, мынау магазин ғой! Мен сорым қайнап, осында қалған екенмін ғой. Дәл жанымда түбінде бір-екі жұтымдай ғана шарабы қалған шөлмектің мойны қылқияды.

Жатқан орнымнан қозғалуға қорқып, бақшиып әлі жатырмын. Кешегі тәуекелшіл, батылдықтың ізі де калмапты. Құрығанымды, біржола құрығанымды білдім. Қазір бәрі жиылып келеді де, торға түскен торғайдай шырылдатып ұстап алар. Балағаттар, соғар, сүйреп апарып, түрмеге тығар. «Ал саған керек болса, асылдан калған тұяқ, ел үшін еңіреп туып, қыршын жасын қан майданда пида еткен азаматтың артындағы жалғыз ұрпағы!» Өзімнен-өзім назаланып, мынау тұщы, әрі ащы өмірден безіп кеткім келді. Бірақ қалай? Қайтіп, шыбын жаныңа хош дерсің? Ал тірі қалған күнде қазіргі болар масқараға көнуім керек деген сөз.

Баспалап тың тыңдаймын. Өз құлағымен естігеніне өзі сене алмағандай күбірлеп сөйлеген Қайрақбай шал ластығын тырп-тырп басып, ұзай бергендей. Енді тек қана құтылудың жолын қарастыруым керек. Шалы түскір, жалпақ жұртқа жар салып, дүрілдетіп елді ертіп келмесе болғаны. Қалай деп болмайды. Асығыс қимылдап, бар затты өз орындарына қойып, кеше жасырынған жәшікке барып тығылуым керек. Егер, сәті түссе, қарауыл шал Қайрақбай күдігін сатушы Сақым жеңешеме айтпаса, ептеп құтылып та кетермін.

Орнымнан ақырын тұра беріп едім, екі шекем біз сұққандай солқылдап, көзім қарауытты. Дегенмен «Өлімнен ұят күшті» дегендей қалайда қамқарекет жасауымның керектігін түсіндім. Түнімен төсеніш, жамылғы болып, көктемнің қара суығына бермеген қара тондарды қайта апарып, орындарына қойдым. Босауға тақаған шөлмекті және өзім жеген майшабақтардың, шөлдетіп ақыры шарапты ішуге мәжбүр еткен қарғыс атқыр балықсымақтардың құйыршықтары мен бастарын бір бұрышқа жасырдым. Бәрі де өз орнына келіп болды-ау деген кезде ақырын басып есіктің жақтауынан сығалап көріп едім көшемен өрлеп келе жатқан үш-төрт кісінің сұлбасы көрінді. «О, сакалың үйтілгір Қайрақбай шал, ақыры дүрліктірген екен ғой». Басқа амал қайсы, кешегі жәшікті басыма төңкеріп отыра кеттім.

- Бәсе, түнімен әлденеге алағызып ұйықтай алмап едім, осылайша сорымның қайнарына көрінген екен ғой. - Сақымның даусы бебеулеп келеді.

- Жок, құлыптары, терезесі аман. Жын болмаса қай жерінен түседі? - Сақымның күйеуі, яғни біздің өгей әкенің жамағайын інісі. Тағы бір үш-төрт тракторшы, шоферлардың даусын таныдым. Дәл құлағымның түбінде самбырлайды. Ақыры біразы Қайрақбайды кінәлай бастады.

- Алжыған шал-ау, құлағың шуылдағанға елді сонша дүрліктіргенің не?- Ұры торғай болып кірем десе де, ішке өтер саңылау жоқ қой.

- Лайым, аман болсын, қарақтарым. Бірақ, лоқсып қиналып жатқан адамның үнін ет құлағыммен естідім. Ашып-ақ көріңдерші! - дейді шал.

Осы сөзден кейін құлыптарға салдыр-күлдір кілт салынды да, зар еңіреп, есік ашылды. Әлдекімдер сақтана басып, ішке енді.

- Ой, бәрі де аман-есен ғой! – Сөйткенше болған жоқ, біреуі есікке жақын бос жәшікті алыып тастағысы келді ме, үстімдегі «панамды» көтеріп кеп қалсын.

- Ойбай! — Сақымның өзі екен. «Тоным» сыпырылып, жалаңаш қалған соң, мен де жалма-жан атып тұрдым. Қатты шошынған Сақымның шарасынан шыққан көзіне көзім түсті, еш нәрсеге түсінбеген адамдай жайма тактайға карай қисайып құлап бара жатты. Тек ол ғана емес, басқалары да маған ұмтылғаны сол, естерінен танғандай сілейіп қалыпты. Есіктің табалдырығынан бір-ақ секірдім. Әлдекімдер ыр-ыр етіп қуалап келе жатқандай. Тазыдан қашқан қояндай бұлтара зырлап, ауыл шетіндегі қамысы аралас өскен қалың талды бетке алып келемін. Ауыр керзі етік оу баста мені басып-жаншып кетердей тарпылдап, тақап-ақ қалып еді, бірте-бірте алыстай берді.

- Әй, иттің ғана баласы. Көк желкенді үзермін-ау, бәлем! - «Мал ашуы - жан ашуы» деп ұмтылған Сақымның күйеуі, өзімнің жамағайыным екен. Шамасы, одан кейін де үздік-создық шыққан қуғыншылар бар сияқты, бірақ олардың суырылып шығып қуып жетері байқалмайды. Қамыс пен талдың арасына жеткенде де тоқтағаным жоқ. Ішіне мал жайылып, сүрлеу салып тастаған екен, ай жарығымен бір сокпаққа түсіп алып тарта бердім. Әйтеуір бір бұлаққа кезігіп, суды ішім кепкенше тоя ішіп алғанмын. Қанша жүргенім есімде жоқ, бір кезде ашық алаңқайда қыстан қалған жарты маядай пішен тұр екен, соған жете құладым. Өне бойымда сау тамтық жоқ, қамыс қолымды, бетімді тіле беріпті. Әлде тер, әлде су - киімдерім де малмандай. Бірақ аяқ-қолымды қозғайтын шамам жоқ еді.

Ояна келсем, күн тас төбеден ауып барады екен. Ай- нала жым-жырт. Тек құстардың шуылы ғана қалың тал ішін көктем қуанышына толтырыпты.

Құстарды қойшы, уайым-қайғысы жоқ, тамақтары ток. Талдан талға секіріп, ойнауды біледі. Атасынан, апасынан тірідей айырыла алмайтын, өгей өкесінен жапа көрмейтін, ең соңында магазинге түсіп, мынандай маскара күйге ұшырамайтын құс болу - ешкімге тәуелсіз, біреуге жағынып, біреуден ұялып, қорықпайтын тіршілік иесі болу қандай бақыт!

Бірақ мен қиялдағаныммен, құс бола алмасым белгілі. Түнде ішкен шараптан ба асқазаным жалаңдап, қарным аша бастады. Құс болып кете алмасаң, не өліп қала алмасаң, онда сол адам қалпында адам көтерер барша тауқымет, қиыншылыққа мойынсұнып, ең аяғы қарынды жұбатар ас іздеу қамын күйттеп қала беруің керек.

Сүйретіліп орнымнан тұрдым. Алсаң, міне - бас, алмасаң - алдиярбас деп Қарақожырға бару керек пе?! Құдайым сақтасын! Енді ол босаға мен үшін қайта аттауға болмайтын қанды қақпандай. Әлде, келген-барғандармен селбесіп, атам мен апама жетсем ше? Жоқ, өлімнен ұят күшті, бетім шыдамас оған.

Күн еңкейгенше барар жер, басар тау таба алмай киналдым. Артым - өрт, алдым - тұман. Ақыры, барған кезде айналайындап мейірімін көрсеткен Бестеректегі Ұлбосын апамды таңдадым. Тауып берсе, қарызға азын-аулақ қаржы алып, осы бір орынсыз іске ұрынуыма себепші болған облыс орталығына тартсам, шіркін. Әбден білімді азамат болған кезде атам мен апамды іздеп келсем... Әрине, олар менің жаза басқан қадамымды кешірер еді. «Тура өзіміздің Сейдініміз сияқты оқыған, білгір азамат болып оралды» деп қуанар еді. Басыма тағы да осындай қиял келді. Бірақ мұның бәрі әзірге қол жетпес арман ғана. Ал қазіргі арман - асқазанды алдандырар ас табу керек.

Орнымнан тұрып, Бестеректі бетке алдым.

Бестерекке түннің бір уағында жеттім. Бала-шағанның рақатын көргір, Ұлбосын апам тағы да құрақ ұша қарсы алды. Қысты күнгіден кейін Қаракожыр бір шағылдақ дән жібермей қойса да, дастарқанына қуырылған бидай, майға шыланған талқан қойып, бәйек болып күтіп жүр.

- Же, құлыным, әбден қарның ашып калыпты ғой, қысылма, - деп тықпалады. - Не, әлгі дүлей тағы соқты ма?

Ол менің жүрісімнің тегін еместігін бірден-ақ түсінсе керек.

- Жоқ, апа! Мен сотталатын болдым!

- Тәңірім-ау, мынау не дейді?! - Байғұс кемпір қолындағы кесесін түсіріп ала жаздады.

- Рас, апа! Кеше бір балалармен бәстесіп және қарным ашқан соң магазинге түсіп едім... Содан кейін ұсталып қалып... жоқ қашып келе жатқаным.

Ол кісіге бүге-шігесін қалдырмай, түгел айтып бердім.

Құлыным, бір лас іске былғанған екенсің. Енді барғаныңмен Қаржау сені тірідей үйтіп жейді. Көп ештеңе бүлдіріп, ештеңе алмасаң, ағайын ғой, ушықтырмай тоқтар. Ал сен осы үйден аттап баспа. Аңысын күтейік, - дейді.

Сөйтіп, мен «аңысын күтіп» апамның үйінде қалдым. Бұл үйдің балалары да мен жайлы ешкімге тіс жармауға шешелеріне серт берген. Былайша айтқанда, жаудан жасырынып жатқан партизан сияқтымын да, бұлар бастарын қатерге тігіп, мені жасырған ер жүрек адамдар сияқты. Өкінішке орай, мен ондай қасиетті борышты орындау жолында жасырынған партизан емеспін, кәдімгі магазинді тонаушы ұрымын. Ал мені іздеушілер жау емес, кәдімгі ұрыны қолға түсіргісі келетін қарапайым ғана азаматтар.

Ертеңіне-ақ істің анық-қанығын болжап қайтпақ болып, Ұлбосын апам Кеңөткелге жол тартты.

Ол сапардан оралғанша менде зәре жоқ- Есік алдына аттап шығуға да қорқамын. Не бір жерде байыз тауып, отыру да қиын. Сол кісінің қайта оралуымен барлық болашағым, тағдырым шешілердей. «Мүмкін, дәл қазір милиционер бұта-қарағандардың түптерін қоймай тінтіп жүрген болар. Осы үйдегі кісінің барысы мені іздеушілерге күдік туғызбас па екен» деген ой да мазалайды.

Әйтеуір күн көкжиекке құдия бергенде Ұлбосын апам да жетті-ау. Әлдене айтасыз дегендей аузымды ашып, аңырып қараймын.

- Шырағым, ел көшті, жау жеттілеген ештеңе жоқ. Ел іші емес пе?! Заң орындарына айтпаған сияқты. Әлгі Сақым мен оның ынжық байы: «Ойбай, айдың-күннің аманында магазинімізді үптеді, мың сом ақшамызды алып, үш жүз сомның уақ-түйегін бүлдіріп, ұрлап кетіпті» деп біраз тулаған екен. Ауылдағы үлкен-кіші барып, әрең тоқтатыпты. Ендігі мәселе - сенің өз басыңның амандығына ғана көздерін жеткізе алмай әуре. «Е, о бала өлмейді. Бір үйге барып паналаған шығар» деп кеттім. Сенің осында екеніңді тек Қайрақбай шалға ғана сездірдім...

- Ойбай, апа-ай, онда мені ұстап алады ғой, - деппін сасқанымнан.

- Жоқ, сені ешкім де ала алмайды менен... Әй, балам-ай, ойынның да жөні болушы еді, бекер-ақ осы іске барған екенсің. Енді әне, «Пәлен ақша ұрланды» деп жалпақ елге жар салып жатқандары анау. Біздің әлгі қу мүйіз Қаржау: «Мен ұрлаған жоқпын, төлер ақшам да жоқ. Пісіріп жесеңдер де, өздерің тауып алыңдар» депті. Қанша айтқанмен анаң ғой. Шырпыр болып Жәмила сорлы сені іздеп, апаң мен атаңа кетіпті.

Бұл хабар мен үшін сонша тосын еді. Азын-аулақ ақша алып шыға қоямын деген тірліктің соңы мынандай шуға, шу болғанда менен айырылып қалғандарына әлі сенер-сенбес болып жүрген атамдарға да жаман хабар жетіп үлгірер деп кім ойлаған. Менің магазин тонап, жоғалғанымды естісе, апам сорлы, өй, бір сағат тұра алмас. Бүгіндері-ақ жетер-ау. Өзім де сағыныпшын. Бір көрсем, мұнымды шағып, ұзақ бір жыласам, содан кейін мейлі итжеккен айдаса да, қолмен істегенді мойынмен көтерер едім.

Түннің бір уағына дейін кірпігім айқаспады. Сәл ұйықтай берсем, магазинде жатқанда көрген түсімді қайтадан көремін. Баяғы жасыл әлем. Адам болып сөйлейтін самұрық. «Құлынымдап» сүрініп-жығылып апам жүгіріп келе жатады. «Ақтанымды әкетіп калды-ау» деп Серік шыжылдап жүреді.

Таңертең ерте ояндым. Ұлбосын апамның балалары қаннен-қаперсіз пырдай ұйқы соғып жатыр. Пырдай боп ұйқы соқпағанда қайтсін. Мен сияқты айдың-күннің аманында магазин тонады деген атқа қалып, бастарымен қайғы болып жатқан бұлар жоқ. Күнделікті жейтін талқан-бидайлары табылса, соған риза.

Ұлбосын апам, шамасы, сиыр сауып келген бе, шелегін көтеріп үйге кірді.

- Ақтанжан, неге тұрдың? Әлі ерте ғой. - Ол кісі менін қандай шешімге келіп орнымнан ерте тұрғанымды қайдан білсін, өзінше бейбіт тіршіліктің әңгімесін қаузаиды. - Жарықтық, бүгін күн әбден жылынып, елжіреп-ақ тұр екен. Тіпті даладан үйге кіргің келмейді... Мен жұмысқа барайын, бүгін жейтін бидайларыңды қуырып, даярлап қойдым. Мыналар тұрған соң шайларыңды қайнатып ішерсіңдер. Сөйт, әкем! Күн көтеріліп қалды, әлгі бригадир де жетер қазір, мен кетейін...

- Апа, - дедім мен, үнім бір түрлі дірілдеп шықты. Ол «не айтасың?» дегендей қайтадан кері бұрылды. - Апа, сізге көп рақмет! Өскенде жақсылығыңызды қайтарармын!.. Сіз маған ренжімеңіз. Мен кеткелі тұрмын.

- Қайда бармақсың, балам-ау! - Шынында, қайда барамын деуім керек? Мен ойлағандай, соғыста әкелері өлген жетім балаларды оқытатын интернаты бар облыс орталығына кетемін десем, оңайлықпен босата қояр ма? Осы бір аузын ашса жүрегі көрінетін, дәл өзімнің апам сияқты ақ көңіл жанды алдамай-ақ қойсам деп едім. Алдамаймын деп үн-түнсіз өзі жоқта безіп кеткенім мүлде оңбағандықтың шектен асқаны болар еді. Нар тәуекелмен тағы бір өтірік айтуға белді бекем будым.

- Мыналар сіз үйде жоқта біліп қойып келіп ұстап алса, соғып өлтіреді ғой. Мен кез келген машиналардың біріне отырып, өз атам мен апама кетейінші...

Ұлбосын апам шарасы таусылғандай қасыма келіп отырды.

- Ақтанжан, атаң мен апанды көрмесем де, жақсы адамдар деп естуші едім. Солардың қолына қайтқаныңды мен де құптаймын. Өттең, өзім-ақ апарып, екеуіне өзіңді табыстап қайтар едім. Жұмыстан босай алмаймын... Е, балам- ай, сөйтіп қайтамын деші. - Бүкіл денесімен бұрылып, көзіме сынап қарады. - Әлде осында біраз күн жатып, тоссаң кайтеді, хабарыңды естісе біреуі келіп қалар.

- Жок, апатай, бүгін өзім кетейінші. Олар малда ғой, келе алмас.

- Жарайды, айналайын. Балалық жасап, басқа жаққа бұрылып кетіп жүрме. Сенен тірідей айырылса оларға да, мына жаман шешең Жәмилаға да оңай болмас. — Ол қойнынан қол орамалын алып, бір бұрышындағы түйіншекті шешті. Оттай жанған он сомдық акша екен. - Мынаны ал, айналайын. Жолда қажеті болар. Бары осы еді.

Әрине, бір қалаға жету үшін жолда талғажау етсем де, маған осы қажет болған соң ойланбай қолымды создым. Ешқандай билет сатып алуға бере қоймасымды жақсы білемін, әйтеуір, тоқаш, сусын сатып алсам деген ой ғой.

Ұлбосын апам екі кеседей қуырылған бидайды кішкентай дорбаға салып берді. Өз ұлы ұзақ жолға бара жатқандай қамқор тілектерін айтып, шығарып салды.

Әрине, таң атқанша жүз ойланып, жүз толғанып тапқан өз шешімімнен қайтпақ емеспін. Сондықтан Бестеректен кез келген машиналардың біріне жабысып, Ақбелге жетсем, әрі қарай облыс орталығына дейін жолаушылар поезына отырып кетермін. Билетің жоқ деп ешкім қуалай қоймас деп түйгенмін.

Жолым болғанда станцияға келсем Ақбелге қарай бір жүк машинасы жүргелі тұр екен. Тағы да көзімді жасауратып, өтініп едім, шофер: «Отыр» деді басын изеп.

Ұлбосын апамның көршілерінің бірі болса керек, әйтеуір, жүзі таныс біреудің қайдан сап ете қалғанын кайдам:

- Әй, бала, қайда барасың? - деп жабыса кеткені.

— Ақбелге, — деді шофер машинасын от алдыра беріп.

Шай қайнатым уақыт өтті ме, өтпеді ме, эне-міне дегенше Ақбелдің де төбесі көрініп қалды. Кеңөткел, Бестеректерге қарағанда Ақбелді ахарлы-шахарлы үлкен қала дерсіз. Машинадан түскен бетте станцияны тауып алдым. Оның іші әрі-бері сабылған, кассаның алдына қаздай тізіліп, кезекке тұрған жұрт. Алдымен осы станцияның өзінде біраз зерттеу жұмыстарын жүргізуім керек. Ең әуелі өзім бара жатқан облыс орталығының қай жақта екендігін, одан кейін оған қандай поездардың қай уақыттарда жүретіндігін анықтап алуым қажет. Әркімнен әр нені бір сұрап жүргенімде маған керекті бір поезд жүріп те кетіпті. Ендігі келесісі бұл станцияға келгенше әлі үш-төрт сағат уақыт бар екен. Вокзал басында обиып отырғанша атағын бұрыннан естігенім болмаса өзім әлі көрмеген Ақбелді араламаққа ниетім ауды. Бірақ ұшты-күйлі жоғалған ұрыны іздеушілердің қолына түсіп қаламын деген сақтықпен поезд келгенше осындағы бір қалтарыс жерге отыра тұрмақ болдым.

Сол кезде... Мен өз көзіме өзім сенбей есік жаққа қайта қарадым. Рас еді, көзім алдамапты. Сол кезде станцияның есігінен апам, менің жарық дүниедегі жалғыз жан апам кіріп келе жатыр еді. Қасында Жәмила бар.

«Жасырыну керек пе, әлде қаша жөнелгенім дұрыс па, жоқ болмаса...» Мен де бір шешімге келіп үлгіргенше апамның көзі таяқ тастам жерде состиып тұрған маған түсті. Бірақ бүкіл тұла бойым өзі-өзінен ұмтылғандай тұрған орнымнан бірақ секірдім. Апам да маған қарай анырай ұмтылды. Құшағына кіре жығылдым. Қос қанатымен балапанын қорғаған аққудай бауырына тартқан апам айнала сабылып жатқан жұрттың бірін де көзіне ілмей бар даусымен аңыратсын-ай келіп. Менің де ішек-бауырым қопарыла аузымнан шығардай ышқына шырылдаймын.

- Беу, арманда кеткен арысымның артында қалған жетім құлыншағым-ау, шырқыраған үніңді осылай естісем деп пе едім-ау мен бейбақ! Барар жер, басар тауын жоқ, қаңғып бір кетер деп пе едім-ау... - Тас қып құшақтап алып, бүгілген күйі зарлайды.

- Қойшы енді, апатай! Мен сорлы ғой бәріне кінәлі. - Екеуімізді де сыртымыздан құшақтап, айырмақ болған Жәмиланы да үнінен жазбай танымын. Ол да солқ- солқ жылайды.

Бірақ әзір қояр апам жоқ. Менің де айырылғым келмейді. - Жатағынан жатырқаған құлындай, бет алып едің қай жаққа?! Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай ақ сүтімді беріп, аялап өсірген балапаным- ау, сенің мұндай күйіңді көріп, күйігіңді естігенше шыбын жаным құрбан неге болмады, үйбай?

- Алда, байғұс-ай, мына баласы бірдеңені бүлдіріп қойған-ау, шамасы, - дейді әлдекім мүсіркей сөйлеп. Апамның шері тарқар емес.

- Беу, тай-құлындай тебісіп, жас ботадай табысып бірге өскен асылымның қиығы, алтынымның сынығы болған Кенжебала-ау, өзіңнен қалған жалғыз аманатың, жалғыз тұяғыңды көңілден жырақ шығармасам да, көзімнен таса етемін деп пе едім мен жазған? Қан майданға осы жерден

аттандырып, артыңда бір аңырап қалып едім, жалғыз ғана қайным-ау, сенен айырылғаным аздай соңында қалған ұрпағың осындай күйге ұшырардай бұл құдайға не жаздым, бұл тағдырға не қылдым! Қу соғыс- ай, жанға салған жарақатың жыл өтсе де жазылмас, неткен зұлмат едің сен!

- Е, қайтсін сорлы, бұл соғыс кімді жылатпаған?! Әйтеуір, бір кезде біреуін шығарып салып жыласаң, бүгін біреуін тауып жылап тұрсың ғой, шамасы. Лайым, көз жасыңның соңы болғай да! Сабыр ет, бәйбіше! - Әлдебір үлкен кісі апамды жұбатты. Апам айналамызға топтасқан көпшіліктен қысылды ма, дауыс салғанын қойып, өкси бастады. Мен оның ыстық құшағынан шыққым келмейді. Ана мейірімінен артық не бар екен, шіркін, бұл жалғанда!

С о ң ы .